

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

**А.Г. Муханбетчина**  
**Н.У. Кулдашева**

**ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ**

*Электронды оқу құралы*

Орал, 2019

***Автор-құрастырушылар:***

**Муханбетчина А.Г.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Кулдашева Н.У.** - аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

***Пікір жазғандар:***

**Джонисова Г.К.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Нургалиев К.А.** – психология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Муханбетчина А.Г.**

**Практикалық психология:** электронды оқу құралы / А.Г.Муханбетчина, Н.У.Кулдашева. – Орал: М.Өтемісов атын. БҚМУ, 2019. - 154 бет.

Оқу құралында практикалық психология және психологиялық көмек туралы жалпы түсінік, психолог, клиент, тапсырыс беруші ұғымдары, практикалық психолог қызметінің негізгі бағыттары берілген.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға және оқытушыларға арналған.

© Муханбетчина А.Г., 2019  
© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2019

## КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер адам өмірінің барлық саласына, соның ішінде жоғары кәсіптік білім беруге айтарлықтай ықпалын тигізуде. Дәстүрлі білім беру парадигмасының ізгілікті, тұлғалық-бағдарланған білім беруге көшуі, сонымен қатар Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі білім беру мақсаты мен оның тиімділігінің қалыптасқан критерийлерін қайта қарауды талап етіп отыр.

Жоғары білім берудің мақсаты білім мен біліктерді меңгеру көлемі емес, өз бетінше жұмыс жасай алатын, бастамашыл, бәсекеге қабілетті, нарықтық ортада тиімді іс-әрекет жасай алатын тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту болып табылады. Жоғары оқу орнындағы оқу үдерісі көп деңгейлі, бірнеше жүйені біріктіретін динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйенің түпкі мақсаты - мамандарды жалпы және кәсіби тұрғыдан даярлаудың жоғары сапасына қол жеткізу. Мамандарды даярлауда психологиялық сүйемелдеудің өзектілігін тәжірибе көрсетіп отыр. Психологиялық сүйемелдеуді оқыту және тәрбиемен қатар білім берудің үшінші жағы ретінде қарастыруға болады. Сондықтан жастарды оқытуға, оларға кәсіби білім беруге, мамандарды жан-жақты даярлауға қоғам мен мемлекет бүгінгі таңда барынша назар аударып отыр.

Практикалық психология пән ретінде ғылымдар жүйесінде ерекше орын алатын, тұлғаның даралық – психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, тұлғаға қажет психологиялық көмек беруді қарастырады.

Болашақ мамандарды біліктілікке даярлау мақсатында аталған оқу құралында практикалық психология және психологиялық көмек туралы жалпы түсінік; практикалық психологияның негізгі бағыттары; психолог, клиент және тапсырыс беруші ұғымдары; практикалық психологиядағы жаңа психотехнологиялар және жаңа сарын; әлеуметтік-психологиялық тренингтер; әлеуметтік-психологиялық тренингтің ерекшеліктері, психологиялық сауаттану; психологиялық диагностика; психологиялық кеңес беру; психологиялық түзету және дамыту жұмыстары; психотерапия. психологтың кәсіби шеберлігі және этикалық нормалары тақырыптары қамтылады.

## ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

1. Практикалық психология туралы түсінік.
2. Практикалық психологияның пәні, мақсаты мен міндеттері.
3. Практикалық психологияның даму тарихына шолу.

1. Практикалық психологияның іске асуы ғылыми түрде дәлелдеген тәжірибелі зерттеулер нәтижесінде ғана көрініс береді. Сонымен бірге психологиялық міндеттерді шешудің негізгі әдістемелеріне сүйенеді және жаңа зерттеулерде тиімді әдіс-тәсілдерді басшылыққа алады. Бұлардың барлығы психологиялық қызметте ғана жүзеге асады.

Практикалық психология мазмұны арқылы жаңа мәселелер шешіліп біртіндеп жаңа жұмыс мазмұны көрінеді. Психолог маман психологиялық қызметте білімге сүйене отырып, белгілі бір заңдылықты басшылыққа алады. Психологиялық қызметте, арнайы тақырып жөнінде өзіндік белгі және анықтама бере отырып, арнайы ғылымның дәлелдемелерін басшылыққа алады.

Мәселен Б.Россель: Адам ғылымда – зерделі, әрі зейінді, жүйелі, әрі саналы, өз тәжірибесінің қорытындысын сипаттауға бағытталады және ғылымға ұмтылуы нақты білім нәтижесінен көрінеді. Ол жаңа жалпы заңдылықтарды таба отырып жекелей фактілерді жалпымен байланыстырады, – дей келе, ол «ғылым» ұғымына түсінік береді. Ғылым – маңыздылығы жағынан өнермен тең, әрі оның практикалық мәні бар. Міне осылай адамды әдеппен қамтамасыз етеді, әрі мақсатқа жетуге жол көрсетеді. Бірақ та мақсатқа жету мен талап–тілекті орындау ғылыммен ғана анықталмайды. Бұл өмір жолындағы ғылымның әдеппен байланыстылығында орын алады.

Қазіргі кезде психологиялық қызметте белгілі бір анықтамалар болумен қатар өзіндік талаптарда бар. Бұларды орындау ғылыми білімнің негізгі қағидаларының құрылуына және таңдалынып алынған әдіс – тәсілдеріне қарай бағытталады. Адам қарым – қатынас жасай отырып, ғылымға ұмтылады, негізгі мәселелерді орындайды. Ал психологиялық қызметте түйінді мәселені шешуге оның сапасын, өзіндік көзқарасын көрсетеді. Кейінгі жылдары психологтардың жұмысы көптеген жаңа тыңғылықты жұмыс мазмұны осы практикалық психология

барысында көрініп жүр. Әрбір істің ұғым түсінігі, бейнесі көрініс береді. Осы көрініс психологиялық зерттеулерге сүйене отырып анықталынады, әрі талдау жүргізіледі, сұрақтар қойылады, ойлау формасы қызметіне енеді.

Қазіргі заманғы психологияның әдіснамалық негізгі өзіндік ғылымның тармағымен ұштасады. Осыдан барып бағалана отырып, шынайы көзқарас қалыптасады. Психологиялық хабарламалар, жаңалықтар сан түрлі беріліп, әрі жетістікке жете отырып, іске асу жолдары іздестіріледі. Үнемі психологиялық қызметте ізденіс барысында жаңа мәні бар ғылым дамиды, әрі жол беріледі, зерттеу жұмыстары жүргізіліп, адамның жеке тұлғалық ерекшелігіне әсер ете отырып, оның жалпы саналы түрде түсінуіне, қозғалысын бағдарлауға, дұрыс түсіне білуге бағыттайды.

2. Практикалық психология – психология ғылымында практикада қолданумен айналысатын психологияның бір саласы болып табылады. Практикалық психология тәжірибені жасаушы барлық психология аумағын біріктіреді. Оның негізгі жалпы мақсаты – қиындықтарды бастан өткеруші адамдарға көмек беру. Мәселен дағдарыс немесе дау-жанжал жағдайындағы адамға; өзінің кәсіби жолын таңдаушы тұлғаларға; психологиялық мәселелерді бастан кешуші ауру адам; мінез-құлық ауытқушылығы бар жасөспірімдер және олардың ата-аналары; ерлі-зайыптылар; ұжымның қызметін ұйымдастыра алу және жетекші; кәсіби немесе туыстық байланыстағы ұжымға, адамдар тобына, тұлғааралық қарым-қатынас жағдайына практикалық және психологиялық көмек ұсынуды қарастырады.

Психологтар психикалық құбылыстардың заңдылықтарын зерттей отырып, бұл процестің адам миының объективті әлемін анықтаудың мәнін көрсету, адамның іс-әрекетінің қалай реттелетінін, психикалық іс-әрекеті тұлғада қалай дамиды және психикалық қасиеттерінің қалай қалыптасатындығын ашты. Өйткені, психика, объективті шындықтың адам санасындағы айнасы, психологиялық заңдылықтарды зерттеу психикалық құбылыстардың объективті өмір сүру жағдайларын ең алдымен адам іс-әрекетінің осыған байланысты екенін білдіреді.

Бірақ кез келген адам қызметі әрқашан заңды түрде негізделгендіктен, объективті өмір сүру жағдайларында ғана емес, адам іс-әрекетінің, кейде субъективті (осы қызмет үшін

қарым-қатынас орнату, адам, оның жеке тәжірибесі, білімі, дағдылары мен ептілік қажеттілігінен көрініс табады), онда психологияның алдындағы басты міндет объективті жағдайлар мен субъективті сәттердегі ерекше қызметін анықтап, жүзеге асыру және оларды нәтижелі байланыстыру. Осындай заңдылықтар мен танымдық процестерді белгілей отырып, (сезіну, қабылдау, ойлау, қиял, есте сақтау), психология оқу процесін ғылыми құрылуына ықпал етеді, оқу материалының мазмұнын игеру үшін қажетті білім, дағды мен білікті қолдану. Тұлға құрылымының заңдылықтарын анықтай отырып, психология педагогикалық тәрбие процесін дұрыс құрып, бағдарламалап оқытуда жәрдемдеседі.

Практикалық психология өзінің білімін кәсіби психологтың ұсынысы формасында береді, ол адамның қызметі мен психикасына әсер етушілердің қатарына жатқызылады. Бұл ғылым саласы үздіксіз адамдармен жұмыс жасағандықтан, олардың психикасына әсер ете отырып, туындаған қиыдықтарды шешуге көмектеседі. Әдістер жекелей және топтық болуы мүмкін. Жекелей әдістер (психоанализ, аутотренинг, логотерапия) клиентпен жеке жұмыс барысында, ал топтық әдіс – адамдар тобымен қолданылады. Топпен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін әдістерге: аутотренинг, гештальттоптар, кездесу топтары, денелік терапия топтары, өнер терапиясы топтары, логотерапия, психоанализ, психодрама, психологиялық кеңес беру, психологиялық түзету, Т-топтары, психологиялық тестілеу жатады.

Практикалық психолог клиенттің белсенділігін өзгерту мақсатында әсер етеді (жас және жеке ерекшеліктері), клиенттің жеке дамуын арттыру туралы кеңес береді, бұнда бейне, әрекет, мотивация, қарым-қатынас және т.б. ұғымдарды қолданады.

Практикалық психология келесідей аумақта құрылады: еңбек, оқу-тәрбиелік, медициналық және т.б. Олар адамдарға қол ұшын беруге бағытталған.

Практикалық психология үш деңгейлі төмендегідей міндеттерді шешеді:

1. Ғылыми-зерттеушілік – түрлі әлеуметтік жүйеде психологиялық білімді қолданудағы әдістер мен тәсілдер, технологияларды құрастыру мақсатында тұлғаның қалыптасу және даму заңдылықтарын зерттеу;

2. Қолданбалы міндеттер – арнайы оқытушы бағдарламаларды құрастыру, практикалық психология бойынша әдістемелік материалдарды, нормативтік құжаттарды жобалауды құрастыру;

3. Практикалық міндеттер практик-психологтың кәсіби қызметінің орны бойынша анықталады.

Практикалық психологтың міндеттерін шешуде келесідей қызмет бағыттары бар:

- психопрофилактика, білім беру мекемелеріне балаларды немесе ұйым жұмысшыларын бейімделе алмауын ескерту бойынша жұмысты ұйымдастыру, ағартушылық қызмет, мекемеде жағымды психологиялық атмосфера құру, адамдардағы психологиялық қысымды түсіру және ескерту бойынша іс-шараны жүзеге асыру.

- психодиагностика, «жалпы ғылыми теория негізінде алынған нақты адам туралы нақты білім», топ немесе адам туралы психологиялық ақпаратты алу болып табылатын маңызды мақсат.

- психологиялық түзету, жасқа немесе басқа формаға сәйкес оның көрсеткіштерін өткізуге бағытталған клиенттің психикасына әсер етуге бағытталумен түсіндіріледі;

- психологиялық кеңес беру, нақты жағдайларға ие өнімді және өмірлік қиындықтарды жеңу үшін психологпен қарым-қатынас нәтижесінде адамға қажетті психологиялық ақпарат және жағдай құруды қамтамасыз ету болып табылады;

- психотерапия психологиялық аурудың көрінуі болып белгілерінің өзекті психологиялық мәселелер жағдайында тұлғаның жақсы жаққа өзгеруінде клиентке көмектесуге бағытталған психологиялық әдіс болып табылады.

Жоғарыда аталған бағыттар практикалық психолог жауапкершілігінің деңгейінің артуы бойынша орналасқан.

Кең танылған практик психологтың міндеттеріне мыналар жатқызылады:

- психикалық құбылыстар мен олардың заңдылықтарының мәнін түсінуді үйрену;
- оларды басқаруды үйрену;
- алынған білімді қолдану мақсатында практика салаларының тиімділігін арттыру;

3. Практикалық психологияның дамып қалыптасуы психология ғылымының дүниеге келуімен тікелей байланысты болып келеді. Практикалық психология жалпы психология білімінің негізінде дами отырып, қажеттілікке байланысты өмірге келді. Бірақта практикалық психологияның екі туылған күні бар деп есептеуге болады. Біріншісі, өткен өмірден келе жатыр, ал екіншісі, психологияның ғылым ретінде таныла бастаған кезеңі, яғни ХІХ ғасырдың ортасымен байланысты келеді.

Практикалық психологияның дамуы жалпы психология білімінің практикада қолданылуы өмірдегі қажетті жағдай мәселелерге қызмет етуі, өздігінен көріне алуы, психология саласында ойдын байқалуы нәтижесінде анықталына бастады. ХVІІІ ғасырдың өзінде-ақ медицина саласында діни және салт-дәстүрлерде психологиялық білім аса табысты түрде қолданыла бастады.

Қазіргі заманғы практикалық психология ХІХ - ХХ ғасырда дами түсті деп бағдарлап айтуға болады. Жалпы психологиядан педагогикалық психология, медициналық психология, инженерлік психологияның бөлінуі, практикалық психологияның алғашқы даму кезеңі деп есептелінеді. Бұл кезде психологияның қолданбалы саласы басқа ғылымдармен бірге болғанмен, өздігінен дербес бола қойған жоқ.

1. Практикалық психологияның алғашқы даму кезеңі ХІХ ғасырдың аяғынан ХХ ғасырдың 40 жылдарына дейін созылды.

2. ХХ ғасырдың 40 жылдардан бастап таза практикалық психологияның белгілі салалары пайда бола бастады. Олардың ішінде аутотренинг, жекелей және топтық психотүзету, отбасылық психотерапия, логотерапияда қолданыла бастады. Практикалық психологияның тиімді әдістерін адамға психологиялық тұрғыдан жақсы әсер етуі медицинада және қолданбалы психологияда іске асты.

3. Әсіресе практикалық психология білімінің кең түрде қолданылуы ХХ ғасырда анық байқалды, өйткені практикалық психологияның үшінші кезеңі ұйымдастырылған бағытпен дами бастады. Көптеген елдерде қолданбалы психология институттары ашылып олар өздерінің психологиялық қызметтерін құрды. Онда арнайы білімді маман кәсіби практикалық психологтар жұмыстар жүргізді.



4. Қазіргі заманғы психология – бұл үлкен ауқымды түрдегі көп түрлі практика. Өйткені психологиялық білім адам қызметінің білім беру, медицина, саясат, экономика, бизнес, спорт және өнеркәсіп шаруашылықтарына өз көмегін көрсетуде. Мәселен білім беру бағытында тұлғаның интеллектуальдық және адамгершілік деңгейін көтеруде психологиялық білім қажет етіледі. Оқыту іс-әретінде мұғалім мен оқушы өзара бірлескен әрекетте байланыс орнатады. Ал медициналық практика саласында психологиялық білім науқастың сырқатының диагностикасын анықтауда түрлі ауруларды психологиялық әдістер (психотерапия) көмегімен әсер ету арқылы емдеуде пайдаланылады

Қоғамдық және әлеуметтік сұраныстар қажеттілігіне қарай практикалық психология ғылыми психологиялық білім негізінде көріне отырып, адамға мақсатты түрде әсер етуді қамтиды.

## **ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

1. Классикалық психоанализ.
2. К.Юнгтің аналитикалық теориясы.
3. Адлердің индивидуалдық психологиясы.
4. Когнитивті психотерапия.

1. Психоанализ ұғымын Австрия ғалымы Зигмунд Фрейд енгізген. XX ғасыр мәдениетінің барлық саласына зор ықпал еткен және психологиялық ілім мен психиатрияны емдеу әдіснамасын қалыптастырған. З.Фрейд өз зерттеуін бастаған кезде психиатрия ғылымы биологияның ықпалына айырықша ұшырағаны соншалық, психологиялық құбылыстардың қалыптасуы мен дамуын түсіндіру және рухани ауруларды емдеу түгелдей өнеркәсіп дәуіріне тән механикалық әдістермен орындалатын болған. З. Фрейд 1885 жылы Парижде әйгілі психиатр, қосымша әлеуметтанушы Charcot-тан тәлім алып, Charcot-тың қояншық (истерия) ауыруын зерттеуінің ықпалына ұшырады. Сөйтіп ол бала кездегі рухани жарақат пен жайсыз көшірменің кейінгі өмірдегі көңіл күйге әсерін зерттей бастады. Алғашқы емі Анна деп аталған Джосеф Бровер деген қыздың

психологиялық ауруына психоанализ жасаудан басталды. Ол кезде фрейдгипноз және сөйлетіп емдеу (talking cure) тәсілдерін қолданып, емделушінің көңілін мазалаған, алаңдатқан астыртын істі ашуға тырысты. Кейін Фрейд гипноз амалы арқылы ауру кезінде көңілінде жарақат қалдырған оқиғаны тауып шығуға тырысты. Бірақ бұл ауруды жақсартпаған соң З.Фрейд басқа амалдарды қарастырды.

### **Психоанализдің негізгі коцепциялары және принциптері**

«Психоанализ» терминінің 3 мағынасы бар:

- 1.Психопоталогия және жеке тұлға теориясы
- 2.Тұлғалық ауытқушылықтың терапиялық әдісі
- 3.Индивидумның саналы түрде қабылдамаған ойлары мен сезімдерін зерттеу әдісі.

Тұлғаның негізгі айырмашылықтарын «топографиялық модель» деп атаған.

Сана деңгейлері: топографиялық модель

Бұл модельге сәйкес психикалық өмірдің үш деңгейін бөліп көрсетеді: сана, сана алды және бейсаналылық /санасыздық/.

*Сана деңгейі* сіздер осы уақытта саналы түрде не сезетінін түйсіну мен уайымдаудан тұрады. Фрейдтің анықтауынша тек болар болмас психикалық өмірдің бөлігі /ойлау, қабылдау, сезім, ес/ сана сферасына кіреді. Сана тек мида сақталатын барлық ақпараттың аз пайызын қамтиды.

*Санаалды бөлігі* кейде оны «қол жететін ес» деп те аталады. Өзіне осы кезде саналы түрде сезілмейтін барлық тәжірибені жинақтайды, бірақ ол жеңіл, кенеттен қайтып келуі мүмкін. Мысалы: сіз бұрынғы сенбі күні кеште не істегеніңізді еске түсіруіңіз мүмкін. Фрейд көзқарасынша сана алды саналы сезінетін және саналы сезінбейтін бөліктердің психикалылығының арасындағы көпірлерді жөндейді.

Адам ойының терең және мәнді бөлігі-санасыздық. Санасыздық өз алдына инстинктік ашылулардың және оған қосымша санасыздыққа ығыстырылып немесе босатылып тасталған, санаға қауіп төндірген, эмоциялармен еске түсірулердің қоймасы болып табылады. Оған мысал ретінде балалық кездегі алғашқы жарақаттар, ата-аналарға деген жасырын қастық сезім, жыныстық қалаулардың басылып тасталуы бола алады. Біздер оларды саналы түрде сезінбейміз.

Фрейдтің көрсетуінше саналы сезінбейтін уайымдаулар, сана алдыға қарағанда, толығымен оны саналы түрде сезіну мүмкін емес, бірақ олар белгілі-бір дәрежеде адамдар әрекетін анықтайды. Дегенмен саналы сезінбеген материал жасырын немесе символикалық формада көрінуі мүмкін. Мысалы кейбір саналы сезінбеген инстинктік ашылулар жанама түрде өз қанағаттануларын түсте, ойын және жұмыста табады. Фрейд бұл болжамын ауру адамдарды емдеу кезінде қолданды.

### *Жеке тұлға құрылымы*

Фрейд 20-шы жылдардың басында өзінің психологиялық өмірдің концептуалдық моделін кері қарастырып, жеке тұлға анатомиясына үш негізгі құрылымды енгізді: *ид, эго және суперэго*.

«Ид» сөзі латынның «оно» сөзінен шыққан және Фрейд бойынша ол жеке тұлғаның жай, қарапайым, инстинктік және туа біткен аспектілерін білдіреді. Ид толығымен санасыздыққа қызмет етеді және биологиялық инстинктік ашылулармен тығыз байланысты. Олар біздің қылығымызды энергиямен толтырады. Фрейдке сәйкес ид-қараңғы, биологиялық ешқандай заңдарды білмейтін, ережелерге бағынбайтын нәрсе. Ид индивидуум үшін өзінің орталық мәнін оның өмірінің соңына шейін жоймайды. Ид психиканы ескі, бастапқы құрылымы бола тұра, ол барша адамзат өмірінің алғашқы принципін білдіреді-биологиялық негізделген, ашылулармен шығарылатын психикалық энергиямен тез арада толықтырылу. Ол қанағаттану принципі деген атауға ие болды. Ид осы принципке бағынады. Ид қорқынышпен үрейді сезінбеуіне байланысты өзінің мақсаттарын білдіруде сақтыққа бармайды-бұл Фрейдтің айтуынша индивидуумға да және қоғам ішінде де қауіп төндіретін факт.

Фрейд идті ағзадағы соматикалық және психикалық процестер арасындағы делдал ретінде қарастырады.

Фрейд идтің жеке тұлғаны қысымшылдықтан құтқаруының екі механизмін көрсеткен:рефлекторлық әрекет және алғашқы процестер. Бірінші жағдайда Ид автоматты түрде қозу сигналдарына жауап береді, осылай тітіркендіргіш әсерінен пайда болатын қысымшылдықты тез басып тастайды. Бұған мысал ретінде рефлекторлық механизмдер жоғарғы тыныс алу жолдарындағы тітіркенулерге жөтелу, көзге қықым түскенде жас шығу сияқтылар болады. Дегенмен мойындайтын нәрсе

рефлекторлық әрекеттер әркез тітіркену деңгейін төмендете алмайды. Ол кезде идтің келесі функциясы әрекетке кіріседі. Ол елестетудің алғашқы процесі деп аталады. Ид алғашқыда негізгі қажеттілікті қанағаттандырумен байланысқан объектінің психикалық бейнесін жасайды.

*Эго* /лат. «ego»-«мен»/ - шешім қабылдауға жауапты психикалық аппараттың компоненті. Эго сыртқы әлеммен, шектеулерге сәйкес ид қалауларын білдіріп және қанағаттандыруға ұмтылады. Эго өз қызметімен құрылымын идтен алады және әлеуметтік өмірдің талаптарына жауап беру үшін ид энергиясының бөлігін өз қажеттілігіне алады. Осылай Эго ағзаның өздік сақталуын және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сыртқы әлеуметтік әлемге және идтің инстинктік қажеттіліктеріне қарсы өмір сүру үшін, Эго әркез психикалық жоспар жағдайымен сыртқы әлемнің нақты жағдайлар арасында дифференциацияны жүзеге асырып отыруы керек. Мысалы: аш адам тамақ іздеуде, өз қысымын түсіру үшін нақты тамақ бейнесін қиялда пайда болатын тағам бейнесінен ажырата білуі керек. Сондықтан адам қысым түспестен бұрын тамақты алуға және ішуге үйрену қажет.

Эго нақтылы принципке бағынады, оның мақсаты-белгілі-бір тәсілдер пайда болғанға дейін, инстинкті қанағаттандыруды кейінге қалдыру жолымен ағзаның тұтастығын сақтау. Нақтылы принцип біздің қылығымызға ақылдың белгілі-бір мөлшерін енгізеді. Логикалық ойлау күшіне сүйене отырып, оны келесі процесс деп атады. Эго инстинктік қажеттіліктерді индивидуумның өзіне және өзге адамдар үшін де қауіпсіз қанағаттандырылу үшін қылығымызды қажетті бағытқа бағыттауға қабілетті.

*Суперэго.* Адам қоғамда эффективті қызмет жасауы үшін, оның қоршаған әлемімен қабылдаған этика немесе норма, құндылықтар жүйесін жинақтауға міндетті. Барлығы «әлеуметтену» процесінде көрініс береді, ал психоанализдік құрылымдық модель тілінде-суперэго қалыптасу нәтижесі /лат. «super» - «жоғарғы» және «ego» - «мен» /.

Суперэго-қалыптасып жатқан жеке тұлғаның соңғы компоненті. Фрейд көзқарасынша адам ағзасы суперэгомен бірге дүниеге келмейді. Оны балалар ата-аналармен, мұғалімдермен және өзге «қалыптастырушы» бейнелермен өзара әрекеттесу

нәтижесінде пайда болады. Формальды түрде ол бала «дұрыс» және «дұрыс еместі » айыра бастауынан көрінеді

Фрейд суперэгоны екі жүйе астыға бөледі: ар-намыс және эго-идеал. Ар-намыс ата-аналардың жазалауы нәтижесінде қалыптасады. Ол ата-аналардың «тіл алмайтын қылықтар» деп атайтын және сол үшін бала ескерту алатын қылықтарымен байланысты. Суперэгоның жұбату аспектісі-бұл эго-идеал. Ол ата-аналардың қолдап немесе жоғары бағалауынан қалыптасады, индивидумның өзі үшін жоғары стандарттарды жасауына алып келеді. Егерде мақсатқа қол жеткізілсе, бұл өз-өзін сыйлауына және мақтану сезімін тудырады. Суперэго ата-аналардың қадағалауы өздік қадағалаумен ауыстырылғанда толығымен қалыптасқан болып шешіледі. Дегенмен өзін қадағалау принципі нақтылы принциптің мақсаты болып табылмайды. Суперэго ид жағынан кінәлайтын кез-келген қоғамдық импульстерді толығымен тежеуге тырысып, адамның ойындағы, сөздегі және қылқындағы абсолютті жетістікке бағыттауға ұмтылады. Бір сөзбен айтқанда, ол идеалистік мақсаттардың реалистік мақсаттардан басымдылығын сендіруге тырысады.

Психоаналитикалық теорияны ХХ ғ. «ғылым мифологиясы» деп атайды. Өйткені оның өкілдері мифологиялық материалдармен жұмыс істеді. Психоаналитикалық теория миф, ритуал, дін т.б. мәдениет аспектілерін мәдениеттанулық зерттеудің құрамдас бөлігіне айналды. Көптеген көркем шығармашылық тұжырымдары санаастының психоаналитикалық теориясына негізделді. Олар адам әрекетінің осы саласындағы түс көрудің, фантазияның, интуиция мен еркін ассоциациялардың айырықша рөлін негіздеуге талпынады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қалыптасады деген көзқараспен қазіргі психологтардың көбісі келісуде. Бірақ тұлғаның дамуы қандай заңдарға бағынатыны жөніндегі көзқарастар сан алуан. Өйткені тұлға дамуы үшін қоғам мен әлеуметтік топтардың мәні, дамудың заңдылықтары мен кезеңдері, тұлға дамуының дағдарыстары, даму процесін тездету мүмкіндіктері әрқилы түсіндіріледі.

Кең тараған тұлға теорияларының әрқайсысында тұлғаның даму мәселесі өздігінше қарастырылады. Мысалы, психоаналитикалық теория даму деп адамның биологиялық табиғатының қоғамда өмір сүруге бейімделуін, белгілі қорғаныс механизмдерінің пайда болуын, қажеттіліктерді қанағаттандыру

жолдарын түсіндіреді. Қырлар теориясы бойынша тұлғаның барлық қырлары өмір сүру барысында қалыптасады, олардың туындау, қайта түзілу және тұрақтану процестері биологиялық емес заңдылықтарға бағынады. Әлеуметтік үйрету теориясы тұлғаның даму процесін адамдардың белгілі тұлғааралық өзара әрекеттерінің қалыптасу жолдары ретінде түсіндірсе, гуманистік және басқа феноменологиялық теориялар оны “Мен” деген түсініктің қалыптасуымен ұштастырады. Дегенмен, тұлғаны барлық теориялар позициясынан шоғырланған, біртұтас етіп қарастыру тенденциясы бар.

Адам тұлға ретінде қалыптасып, дами келе кемшіліктерді де иеленеді. Бір теорияда оң және теріс қасиеттердің үйлесімін жан-жақты көрсету мүмкін емес. Сондықтан Эриксон өз концепциясында тұлға дамуының екі шекті желісін бейнелеген: қалыпты және аномалды. Олар таза күйінде өмірде кездеспегенімен адамның тұлғалық дамуының барлық аралық варианттарын елестетуге мүмкіндік береді.

Психологтарға үйреншікті ой бойынша тұлға әлеуметтік ортада өмір сүріп, тәрбиеленуі кезінде дамиды. Адам әлеуметтік тіршілік иесі болғандықтан әлеуметтік өзара әрекеттерге түседі. Ең бірінші араласу тәжірибесін бала сөйлемей тұрып-ақ өз отбасында алса, кейін үнемі субъективті тәжірибе жинайды. Ол тәжірибе тұлғаның ажырамас бөлігі. Осы процесс, сондай-ақ кейін индивидтің әлеуметтік тәжірибесін белсенді жандандырылып әлеуметтену деп аталады.

2. К.Юнг психоаналитикалық бағыттың көрнекті өкілі, Швеция психологы, психиатр. Психоанализдің аналитикалық психология деп атаған бағытының негізін қалаушы. Юнг өз кәсібі әрекетінің басынан бастап-ақ психикалықтың бейсаналы жемістері олардың субъект үшін мәні туралы сұрақтармен айналысты. Бейсаналы сфераға эндопсихологиялық функциялар арқылы жақындаймыз. Санадан тыс процестерді тікелей бақылау мүмкін емес, ұжымдық бейсаналы деңгейдің мазмұны архетиптерді құрайды. Архетиптер Юнг бойынша саналы жанның негізі- эмоциялардың нұсқауларының жүйесі. Адам психологиясындағы ұжымдық бейсаналы сфераға, сондай-ақ тарихи қалдықтар мен естеліктер енеді. Адам өз психологиясының ең терең қабатында жеке индивид болып қалмайды. Олардың психологиялық жаны бүкіл адамзат

психологиясымен бірігеді. Барлық адамның психологиялық фундаменталды құрылымы бірдей. Алдымен ұжымдық одан кейін барып индивидуалды бейсаналы сфера, одан кейін сана сферасы қалыптасады. Саналы бөлім, индивидуалды саналы бөлім, ұжымдық бейсаналы бөлім. Фрейд шәкірттерінің бірі - К.Юнг ұстазымен келісімге келе алмай бөлек бағытпен кеткен болатын. Оның себебі: Фрейдтің пансексуализм идеясында. Екеуінің арасындағы күрес материалдық емес, идеалистік позицияларда жүргізілді. Юнг өз жүйесін “аналитикалық психология” деп атаған. Юнг бойынша адам психикасына 3 деңгей кіреді: сана, жеке бейсаналық және ұжымдық бейсаналық. Адамның тұлға құрылымында анықтаушы роль атқаратын ұжымдық бейсаналық бұрын бүкіл адамзат есте қалдырған іздерден түзіледі. Ұжымдық бейсаналық жалпы сипатта болып, тұлғаға әсер етеді де, туылғанынан бастап өзін өзі қалай ұстауын белгілейді. Ұжымдық бейсаналық та өз кезегінде түрлі деңгейлерден тұрады, ұлттық, нәсілдік және жалпы адамзаттық тағылыммен анықталады. Ең терең деңгей адамның жануар болған ата-тегінің тәжірибесінен қаланған. Сонымен, Юнгтың анықтамасы бойынша ұжымдық бейсаналық-біздің көне ата-тегіміздің ақыл-парасаты, олардың өмір мен әлемді, құдай мен адамды тану жолдары. Ұжымдық бейсаналық жеке адамдарда архетиптер түрінде көрініс береді. Архетиптер жеке адамдарға тән болғанымен оларда ұжымдық бейсаналық бейнеленеді. Архетип болып табылатын ойдағы елестетулердің жалпы формаларына эмоционалдылықтың елеулі элементі, тіпті перцептивті бейнелер де кіреді. Мысалы, ананың архетипі-өз анасына ұқсатылған сезімтал және бейнелі мазмұны бар ана идеясы. Бұл архетипті бала ата-тегінен дайын күйінде алып, оның негізінде өз анасының нақты бейнесін құрады. Юнг бойынша ұжымдық бейсаналықтан басқа жеке бейсаналық та бар, бірақ ол санадан бөлектенбеген. Юнг мұнымен қоса “Мен” ұғымын енгізген. Ол адамның біртұтастыққа және ауыз бірлікке ұмтылуы деп анықтаған. Оның арқасында саналы мен бейсаналықтың арасында тепе-теңдік орнайды. Тұлға типтерін жіктеу негізіне Юнг адамның өзіне және объектіге бағытталуын қояды. Осыған орай барлық адамдар экстраверттер және интроверттер болып бөлінеді. Бұлардан басқа қосымша типтер: интуитивті, ойшыл, эмоционалды. Тұлға типін анықтайтын түрлі арақатынастағы функциялардың көбісі туа біткен.

Сондықтан Юнг бойынша тұлға типтері дегеніміз бұл қоғам өмірінің жағдайларымен байланысы жоқ туа біткен типтер.

3. Өз заманында Фрейдпен келіспей бөлек жолмен кеткен шәкіртінің бірі – А.Адлер, жеке бас психологиясының негізін қалаушы. Ол Фрейдтің биологиялық теориясына қарсы шыққан. Адлер адамның бойындағы табиғи инстинкттерді емес, қоғамдық сезімді бағалап, оны “қоғамдық сезім” деп атайды. Сонымен қатар, Адлер Фрейд айтып кеткен тұлғаны 3 инстанцияға бөлу идеясына да қарсы шығады. Адлердің түсінігі бойынша тұлға құрылымы біртұтас, ал тұлға дамуындағы детерминантылығы – адамның басымдылыққа ұмтылуы. Алайда адамның бәрі оған ұмтылмайды. Дене мүшелері дамуында ақаулар болуы себебінен немесе кейде кішкентай кезінде қолайсыз әлеуметтік жағдайда сәтсіздігіне адам өзінің кемтарлығын сезіне бастайды. Осы тәріздес сезімдерді жою мақсатымен сан алуан компенсация түрлеріне жүгінеді. 3. Фрейд өзінің алдыңғы жұмыстарында былайша тұжырымдады, яғни адамның барлық мінез-құлқы – эростан (либидо), яғни өмірдің инстинктерінен туындайды. Кейіннен Фрейд танатостың мәнін ашты – ол дегеніміз өлімге бел байлау (өмірдің тоқтауы және жоғалуы). 3.Фрейдтің ойынша агрессия сөзсіз болатын, яғни егер танатостың энергиясы сыртқа қарай шықпаса, ол адамда түрлі бұзылыстардың, аурулардың болуына әкелуі мүмкін. Осындай жағдайдан шығудың жолы - энергиясының бұзылуына әкелетін— *катарсис* болып табылады.

Тұлға құрылымын 3 компонентке бөлді:

1.Ид (лат.тілі «оно»)-тұлғаның тума, инстинкті аспектілері. Әдетте: эрос (өмірге, сексуалдық қанағаттануға ұмтылыс )және танатос (агрессияға,өлімге сенуге ұмтылыс) Ежелгі Грецияда эрос –махаббат деген мағынада. Ал Платон бойынша эрос-эстетикалық сезім, мейірімділік, әдемілік болса, танатос-өлім құдайы.

2.Эго (лат.тілі «мен»)-шешім қабылдауға жауап беретін психикалық аппараттың бөлігі. Ол идтің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылады.

3.Суперэго (лат.тілі «жоғарғы-мен») - әлеуметтік, қоғамда қалыптасқан ереже нормаларды сақтау.

3.Фрейд «сублимация» туралы жазған. Ол қорғаныс механизмі (өзіндегі жағымсыз, қажетсіз инстинктивті импульстерден қорғану.)



Классикалық психоанализ әдістері:

1.Емін-еркін ассоциациялар - клиент емін-еркін түрде, ойындағы түрлі көріністерді дауыстап айту.

2.Қарсыласуды интерпритациялау-клиент бейсана деңгейінде конфликтілерге, импульстерге қарсыласу мүмкін.

3.Түстерді анализдеу - Фрейд бойынша көрінбейтін құштарлық.

4.Трансфер анализі - орын басу. Мысалы махаббат сезімі кейін зұлымдық сезіміне ауысуы.

5.Эмоционалды қайта оқу - соңғы этаптарда клиентті мадақтау.

6.Интерпритация - клиентке оның белгісіз нәрселерін түсіндіру.

Интерпритацияның негізгі ережелері:

1.Тереңге бату

2.Клиент қабылдауға дайындығын интерпритациялау.

3.Клиентке қорғаныс механизмдерін көрсету.

А.Адлер (1927) бойынша агрессивтілік – ол адамның іс-әрекетін ұйымдастыратын, сананың ажыратылмайтын сапасы болып табылады. Агрессия алдыңғы айтылып кеткендер сияқты бір-біріне қарама-қайшы бастаулардың: өмір мен өлім, бейбітшілік пен соғыс, субъект пен объект т.б сияқтылардың дағдарысы болып табылады.

4. Когнитивтік психология, когнитивтік социология, когнитивтік антропология, когнитивтік лингвистика ғылымдарының қазіргі қоғамда алатын орны, қажеттілігі және өзектілігі айырықша орын алады. «Когнитивтік психология» түсінігін 1967 жылы У.Найсер ұсынды. Психологияның танымдық бағыты субъектілердің қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерін жан-жақты талдау негізінде адамның ішкі, көзге көрінбейтін әрі нақты механизмдер мен процестер арқылы емес, сана, жады қызметтерінің көмегімен бақыланатын мәселелерді шешуге бағытталды.

Ғалым-лингвист Дж. Кесс психолингвистика дамуында төрт негізгі кезеңді атап көрсетеді: қалыптасу кезеңі; лингвистикалық кезең когнитивтік кезең; когнитивтік ғылымның ағымдық кезеңі. Алғашқы кезең үшін структурализм мен бихевиоризм идеяларының әсері тән болса, екіншісі лингвистика мен психолингвистикадағы трансформациялық туындатушы грамматиканың басым болуымен байланысты. Когнитивтік кезең

Н. Хомский жариялаған грамматиканың негізгі қызметінен бас тартып, оның семантикамен, ал тілдің-тілді меңгеру мен пайдалану үдерісіне қатысатын басқа да когнитивтік және мінез-құлықтық жүйелерімен байланысын мойындаумен сипатталады. Психолінгвистика дамуының ағымдық кезеңі когнитивтік әдістің психолінгвистикалық білімдер, ментальды репрезентациялар табиғатын орнатумен байланысты зерттеуге әкеп соғады. Сонымен қатар, психолінгвистика дамуының бұл кезеңі аталмыш білімдер мен репрезентациялардың талқылау және шешім қабылдау сияқты ойлау қызметінде пайдалануын анықтайды. Дж. Кесс атап көрсеткендей, соңғы екі кезеңнің ажыратылуын түсіну үшін «когнитив» элементімен сәйкес келетін бірнеше терминдердің ара-жігін ашып алған жөн, себебі бұл мәселе өте күрделі болып танылуда. Алдымен, сананы ғылыми зерттеу пәні ретінде зерттеу мүмкіндігін жоққа шығарып, психиканы жүріс-тұрыстың түрлі формаларына жатқызып жүрген бихевиоризмге ментализм (адамның ойлау санасына көңіл бөлу) және когнитизм қарсы болғанын ескеру керек. Танымдық, яғни когнитивтік үдерістер табиғатын зерттейтін когнитивті психология алғашқы кезден бастап-ақ жасанды интеллект саласындағы зерттеулер тарапынан қатты әсер алды. Алайда осыған негізделген теориялар адамның танымдық үдерістері аталмыш үдерістердің механизмдерін түсіндіріп жеткізуге жеткіліксіз болды да, мұның өзі философтар, психологтар, лингвистер, нейрофизиологтер, жасанды интеллект саласындағы мамандарды біріктірген когнитивті ғылым ретінде жүзеге асатын пәнаралық әдістің қажет екенін мойындатуға әкелді. «Бүгінгі күні көптеген ғылым салалары когнитивтік лингвистиканың ықпалымен дамып, оның ұтымды нәтижелерін қолдануға тырысады», - деп Д.Сулейменованың атап өткеніндей, кейінгі жылдары қазақ тіл білімінде когнитивтік психология, когнитивтік антропология, когнитивтік социология сияқты ғылым салалары пайда болды.

Соңғы онжылдық ішіндегі деп психолінгвистикалық (ПЛ) еңбектерді талдай келе, ПЛ, когнитивтік психология, когнитивтік лингвистика, жасанды интеллект, сонымен қатар, прагматика саласындағы зерттеулердің ортақ мәселені қарастыратынын байқауға болады. Когнитивтік психология («тіл біліміндегі психологизм» туралы) дегеніміз - адамдардың дүние, әлем, қоршаған орта жайлы ақпаратты қалай алатыны мен адам осы

ақпаратты қалай ұғынады, ақпараттың есте сақталып білімге айналуы мен осы білімдердің біздің зейініміз бен жүріс-тұрысымызға тигізетін әсерін зерттейтін психологияның бір саласы, Басқаша айтқанда, адамның шындық жайлы алған ақпаратты түсіне біліп, оны шешім қабылдау, күрделі мәселелерді шешуде колдана білуге тырысуы когнитивтік әдіс арқылы іске асады. Когнитивтік психологияның нысанын білімнің құрылымы мен түсінік аппараты немесе адамның ойлау әрекеті құрайды. Тілге грамматикалық теорияларда берілген когнитивтік сипаттамалар психолингвистикалық зерттеулерде «төрден» алған орындарынан айрылып, олардың атқаратын рөлі тек басқадай когнитивтік және жүріс-тұрыстық модульдермен қатар сөйлеу үшін қолдану және меңгеру үдерістерінде ғана ескеріліп жүр. Когнитивтік психология мен когнитивтік лингвистиканың қарастыратын ортақ мәселелері: жады (есте сақтау), ішкі сөздік қор, сөйлеу әрекетін туғызу мен қабылдау болып табылады.

Когнитивтік социология, социолингвистика мен когнитивтік лингвистика ғылымдарының қалыптасып дамуына ықпал жасады. Бүгінгі таңда әлеуметтік лингвистика тілдің әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық қызметін, әлеуметтік фактордың тілге әсер ету тетігін қоғам өміріндегі тілдің атқаратын қызметін зерттейтін ғылым. Социолингвистика тілдің негізгі қызметі коммуникативтік, яғни тілді адамзаттың қарым-қатынас құралы деп есептейді. Тілдің әлеуметтік негізі, тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология және этнография ғылымдарымен қиылысқан жерінде қалыптасқан социолингвистика бойынша қазіргі қазақ тіл білімінде зерттеулер аз.

Антропология - адамның биологиялық табиғатын зерттейтін ғылым. Ғасырлар тоғысында адам ғылыми зерттеулердің ең өзекті мәселесіне айналды. Қазіргі, тіл білімінде негізгі принциптердің бірі антропоцентризм болып табылады, яғни антропоцентризм принципі ғылыми ізденістерге жетекші бола бастады. Жаңа заман лингвистикасында негізгі назар тек тілге емес, оны жаратушы, қолданушы және дамытушы адамға аударылады. «Антропоцентризм» терминінің адам білімінің әртүрлі саласында белсенді қолданылуы көптеген проблеманы туындатты. Негізінен, «антропоцентризм» түсінігі онтологиялық және гносеологиялық тұрғыдан түсіндіріледі. Антропоцентризм - когнитивтік лингвистиканың негізгі тірегі. Бұл ғылымдардың қазіргі қоғамда алатын орны, оны зерттеудің қажеттігі, оның

өзектілігі қазіргі таңда «тіл арқылы сыртқа шығып жүрген» (Е.Ф. Тарасов) шындық бейнелер жүйесі болып табылатын қалыптасу үдерістері мен тілдік сананың жұмыс жасауына ерекше назар аударылып жүр. Тіл дүние, әлемнің жеке бейнесіне үнемі үнілу арқылы жұмыс жасап отырады, яғни біз санамызда қалыптасып қалған дүние, әлем бейнесіне сүйеніп отырмасақ, ешнәрсе түсіне, ештеңе жайлы хабарлай алмаймыз. Ал әлем бейнесі когнитивтік үдерістер арқылы қалыптасады да, осы үдерістер сана бейнелерін құрайды. Когнитивтік лингвистикадағы тіл, ойлау, түсінік, қабылдаумен қатар келетін құрылымындағы әмбебап білімнің, адам санасының органикалық және бөлінбейтін бөлігі ретінде қарастырылады. Көп ғылыми пәндер қазіргі кезде когнитивтік лингвистиканың әсерінде болып, оның аса маңызды нәтижелерін қолдануға тырысады. Әмбебап білім ретіндегі тілдің мәні туралы мәселе, тілдер сәйкестіктері мәселесі жайлы жаңа көзқарастар туындап, тілдік білімді, сонымен қатар, тілдерді салыстыру үшін когнитивтік-инварианттық мағынаны интерпретациялауға жол ашылып отыр. Когнитивтік лингвистика терминдерінде тілдік білімдерге берілген анықтама және оны «әлемнің тілдік бейнесін» қалыптастыратын білімдердің жалпы қорына енгізу қостілділікке байланысты «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын нақтылауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде лингвистикада мәтін семантикасы мен «фондық білім арасындағы байланыстарға аса зор назар аударылып жатыр. Бұл бағыттың өзі тіл мен ойлау ара қатынасы сияқты маңызды мәселені қарастырады. «Фондық білім» сөйлеуші мен тыңдаушыға ортақ болып табылатын ақпараттық қор, яғни олардың әлем жайлы білімінің ортақ қоры ретінде қарастырылады.

## **ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЖАҢА САРЫН**

1. Процессуалды психология
2. Коучинг
3. Психосинтез
4. Ассесмент

1. Процессуальды-бағдарланған психология немесе процессуалдық жұмыс – психологиядағы ең жас, әрі беделді

бағыт болып саналады. Оны 1970 ж соңында Арнольд Минделл ойлап тапқан.

Процессуалдық жұмыс жағдайлар тобын қабылдауға негіз аударып отырып - «*процесс*» қиын мәселенің өзі алғашқыда оның шешілуімен анықталады, - деп сендіреді.

Процессуалдық жұмыс табиғат жолымен жүру дегенді білдіреді. Денеде, жанда, түсте, қарым-қатынаста, адамзат кеңістігінде болып жатқанның барлығы, - тіпті мәселе ретінде қабылдағанның бәрі қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүру үшін оған қажеттіні түсіндіруге ұмтылатын оның санасыз тәсілдерінің бірі. Бұл психологиялық мектептің негізгі ойын осылай қарапайым сөздермен түсіндіруге болады. Процессуальды-бағдарланған психология ерекшеліктері оның қолданылу аясын кеңейтеді. Оның әдістері адамның барлық өмір сүру әрекетінде қызмет етеді – прениталды дамудан қарттық кезеңге дейін. Олар тұлғалық өсуде, қарым-қатынас жұмысында, ұжыммен, ұйыммен, әлемдік мәселелерде қолданылады. Бұл әдістер денелік және психикалық аурулармен жұмыс барысында нәтижелі болып табылады. Ерекше назар түс көрушілермен жұмысқа бөлінеді.

«Терапевт» ұғымы процессуальды психологияда «*фасилитатор*» ұғымына жол береді. «Фасилитатор» - бақыланушы адамның әлемнің бір бөлігі болатындай нәтиже жасайтын, клиенттің жұмысын бақылаушы және терең түсінуші әдісті қолдана білетін маман болып табылады. Сол арқылы фасилитатор процесс барысында өзінен ештеңе шығармай «түссіз» болып қалуға ұмтылады. Мейлінше көпқырлы, өзін және шынайылықты қабылдау көлемі тұлғалық мәселелерді шешуге әкеледі, оған тұлғааралық қарама-қайшылықты шешуге және физикалық ауруларды емдеу нәтижесінде қол жеткізіледі.

А. Минделлдің психологиялық мектебінің негізгі кілттік ұғымы - «процесс» болып саналады.

Процесстер біріншілік және екіншілік болып бөлінеді. Біріншілік адам өзінің жеке тұлғасынан бөлмейтін процесстер. Екіншілік процесс әдетте біріншілікке қарам-қарсы. Ол адаммен өзгешелік ретінде қабылданады.

Процессуальды психология екіншілік процессте адамның өзін күнделікті өмірде тартынып, қорғанып жүру құбылысын қарастырады. Осы себептен адам ол құбылыстармен түсінде, өзге

адамдардың іс-әрекетінде және денелік симптомдарда жолықтырады. Мысалы: адам өзін жәбірленуші сезінуі мүмкін, бірақ ол онымен таныс емес оның ішінде агрессор өмір сүреді.

Процессуалдық жұмыс кезінде фасцилятордың бірінші міндеттерінің бірі – клиенттің (топтың) біріншілік және екіншілік процестерін түсіну. Содан соң клиенттің тұлғалық тәжірибесін жалпылау жолы жүзеге асады.

Бұндай жұмыс түрі естің терең деңгейін ашады. Бұл ес күйін А.Минделл «процессуалды ақыл» деп атайды.

Процессуалдық жұмыс «шынайы» және «ойдан құрастырылған» психологиялық процестерге жүгінеді. Ол тұлғааралық, тұлғашылық, топтық, жаһандық сипаттағы сұрақтарды шешеді. Өзінің физикалық білімінің арқасында Минделл жеке көзқарастарын санасыздықты феноменологиялық және символдық тұрғы ретінде жинақтады, ол өзінің клиенттерінің мінез-құлқын бақылауда қолданылды. Ол «санасыздық» тұжырымын кеңейтіп, индивид басқамен сенімдерімен, ойларымен, қабылдауымен бірдей емес екенін сөздік және сөздік емес сигналдарды өзіне қосу арқылы тұтас жүйе жасауға тырысты.

Минделлдің бақылауы бойынша, тәжірибені екіге бөлуге болады: біз өзімізді бірдейлендіретін және біз үшін «жат» ретінде анықталады. Өзіміздегі уайымдарымызды «біріншілік процеске» жатқызамыз, себебі ол біз сезіне алатын деңгейде жүреді. Біз үшін «жат» болып есептелетін тәжірибе «екіншілік процесс», себебі таным шеңберінен алшақ болып табылады.

Процессуалдық терапия әдістері: психотерапияның әртүрлі түрлерін қолданады.

Егер клиент өзіне екіншілік процестегі уайымдауларды қабылдауға тырысса, ол әдетте оны өз қалауынсыз, ондай іске қабілетсіз екендігін көрсетіп, қарсылық танытқысы келеді. Бұндай шекара процессуалды жұмыс терминінде «жік» (англ. edge) адамның бірдейлігі деп аталады.

Жіктерді олар анықтайтын бірдейлілікке негізделе отырып, топтауға болады:

*Тұлғалық:* адамның жігі оның интелектісіне қатысты, ол өзге адамдардың жоғары интелектісін бағалап өзін ақымақ немесе ойсыз деп қабылдауға әкелуі мүмкін. Бұндай жіктер көбінесе

ерте отбасылық тәжірибеде және мектеп қоғамында болуы мүмкін.

*Отбасылық:* отбасылық жүйеде достық және тыныштық ретінде өзін қабылдаған отбасы отбасы мүшесінің біреуін агрессивті және жағымсыз мінез-құлқы үшін жазалайды. Мұндай субъект отбасы мүшесінің жігін ажыратуға негіз болады.

*Әлеуметтік:* жынысы, діні, этникалық немесе әлеуметтік ортасы жиі мінез-құлықтық және тәжірибелік ережелермен анықталады. Мысалы өзге бір мәдениет адамы үшін бұл ортаның мәдениетінен қатты қолайсыздануы мүмкін. Ол бұл алаңдаушылығын басқа адамдарға аударып, оларды әлсіздер қатарына жатқызуы мүмкін.

*Адамгершілік:* «адамзат табиғатына» жатқызылатын белгілі бір тәжірибе ауқымы бар. Ол өз кезегінде өзге уайымдар, алаңдаушылық бұл ауқымға кірмейтіндер «адамзаттық емес», «жануарға тән» деп есептеледі. Ал рухани өзгерістерге, таным жағдайының өзгерістеріне қатты бейім адамдар адамгершіліксіз деп аталатын адамдар жігінен ажыратылады.

2. Коучинг ілімі қазір әлемнің көптеген елдерінде табысты қолданылады. Мәселен, Тимоти Голви, Джон Уитмор, Мерлин Аткинсон, Томас Леонард және т.б. сияқты жетекші әлем коучтары өз практикасымен адамдарға қызмет етуде.

Коучинг – бұл адамға өзінің жеке мақсаттарын айқындау мен оған қол жеткізуге кәсіби көмек. Бұл анықтаманы жасаған коучингтің негізін қалаушы Джон Уитмор.

Коучингтің халықаралық федерациясының анықтауына сәйкес кәсіби коучинг - бұл клиенттерге өз жеке және кәсіби өмірінде нақты нәтижелерге қол жетуге көмектесетін үзіліссіз қауымдастық. Коучинг процесі арқылы клиенттер өз білімдерін тереңдетеді, өз ықпалдылығын және өмір сапасын арттырады.

Коучинг елімізде күннен күнге дамып келеді. Коучинг (ағылш. coaching - оқыту, жаттықтыру, бапкерлік)- консалтинг және тренинг әдісі; Классикалық консалтинг пен тренингтен айырмашылығы - коуч кеңес және қатаң ұсыныстар бермейді, ол шешімді клиентпен бірлесе отырып іздестіреді. Коучпен жұмыс істеуде тұлғаның белгілі бір мақсатқа, өмірде және жұмыста жана, позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жетуі ұйғарылады. Ағылшын тілінің қысқаша Оксфордтық сөздігі “coach” етістігінің мынадай анықтамасын береді – “жаттықтыру, оқыту, ақыл қосу, бағыттау, деректермен қамтамасыз ету” болып табылады.

*Коучинг* – бұл серіктестердің өмірде, мансапта, бизнесте ең жоғары нәтижелерге жетуіне ықпал ететін кәсіби қатынастар процесі. Коуч кеңес беретін консультант есебінде емес, мәселелердің шешімін іздеудегі кәсіби дем беруші рөлінде болады. Коуч әрбір клиенттің творчестволық мүмкіндігін ашады, клиент өмірінде жеткілікті өзгерістердің болуын қамтамасыз ететін оңды нәтижелерге қол жетуді демеяді және оған ықпал жасайды.

Коучингтің басты мақсаттары:

– құралдар: ықпалды сауалдар, мұқият тыңдау, түйсіктер (интуициялар), өмірлік тепе-теңдікке (балансқа) оқыту және оны бірлесіп табу көмегімен клиенттің проблемалық жағдайларын шешу;

- клиенттің ақырғы шешімді қабылдауы;
- өздігінен оқуды ынталандыру;
- клиент мүмкіндігін (потенциалын) толық ашу;
- клиент түрткісін (мотивациясын) арттыру.

Қазіргі кезде бұл тәсілді қолдануға болатын бірнеше басымдылыққа ие аумақтарды жеке бөліп қарастыруға болады:

- корпоративтік коучинг;
- маркетингтегі коучинг;
- кіші бизнестегі коучинг;
- өзара қарым-қатынас коучингі;
- жетістікке жету коучингі;
- әдемілік және денсаулық коучингі;
- оқытудағы коучинг.

Коучинг адамға немесе компанияға мақсатқа, нәтижеге жетуге көмектеседі. Коучингті меңгерген маманды «*коуч*» немесе «*коучер*» деп атайды. Яғни, коучингтің артықшылықтары келесідей: біріншіден, коучинг - өте табиғи, яғни коучингте жалпылау немесе жалпылама шешім деген жоқ. Әр қойылған мақсат, әр табылған шешім сол адамның не компанияның ерекшеліктері мен артықшылықтарына тән болады; екіншіден, коучинг- өте икемді, коучинг өмірдің кез-келген саласында қолдануға мүмкіндік береді; үшіншіден, коучинг - өте тиімді, коучингті қолдану арқылы уақытты да, ақшаны да әлдеқайда тиімді етіп қолдануға болады; төртіншіден, коучинг- адамды жауапкершілікке тәрбиелейді, ал жауапкершілік - өз өміріңе, өз сөзіңе, өз нәтижеңе, өз көңіл-күйіңе, т.б.; бесіншіден, коучинг- адамды өзінің шын арман-мақсаттарымен,



құндылықтарымен түйістіреді. Коучинг бүкіл проблеманың жалғыз да тиімді шешімі болмайды, дегенмен, сол проблемаларды барынша тиімді шешуге орасан зор мүмкіндік беретін керемет технология болып саналады.

3. Психосинтез (итал. Psicosintesi, ағылш. Psychosynthesis) - итальяндық психолог және психиатр Роберто Ассаджиоли негізін салушы, теорияға негізделген, интегралды оқыту мен өзін-өзі дамыту, психотерапия әдісі.

XX ғасырдың басында Роберто Ассаджиоли өзінің психотерапиялық тәжірибесінде әртүрлі әдістер мен тәсілдерді біріктіре отырып жаңа емдеу әдісін ойлап тапты, оған «психосинтез» деген атау берді.

Психосинтезді құру З.Фрейд, К.Юнг, П.Жане және т.б. идеяларын біріктіре отырып, тұлғаның өзін-өзі тануы үшін мүмкіндіктерді құру, жаңа «Мен орталығы» аясындағы өзгерістер мен қате қабылдаулардан өзін-өзі босатуға негізделді. Адамдармен жағымды өзара қарым-қатынасқа түсу, ішкі үйлесімділікке қол жеткізу үшін Ассаджиоли келесідей тұрғыларды ұсынды:

1. Өзінің тұлғасын терең түсіну;
2. Тұлғаның өзінің бөліктерін құраушыларды бақылау;
3. Өзінің «Жоғары Меніне» қол жеткізу;
4. Психосинтез: тұлғаны қалыптастыру;

Психосинтез тұжырымдамасының бастауын Ассаджиоли 1910 психоанализ ғылымдарының докторы ғылыми атағына ізденушілікпен айналысуда ұсынды. Ол өзінің идеяларын дамыта отырып, практикалық қызметінде түрлі психотерапиялық тәсілдерді біріктірді. Ол бұл көзқарастарын дәрістерде, жарияланған мақалаларында, брошюраларда жариялап отырды, соның бірі 1927 жылы ағылшын тілінде «Новый метод лечения психосинтез» атауымен жарық көрген басылымы болды. 1926 ж. Ассаджиоли Римде психосинтез институтының негізін салды. Екінші дүниежүзілік соғыс оның қызметіне тоқталыс әкелгенімен, 1946 ж. психосинтез бойынша дәрістері Италия, Швейцария және Англияда оқылды.

1957 ж. АҚШ-та психосинтезді зерттеу бойынша ассоциацияның негізі қаланды, ал Италияның Флоренция қаласындағы өзінің психосинтез институтының қызметін қайта жандандырды. 1959 ж. Парижде психосинтез орталығы, ал 1965 ж. Индияда психосинтез институты құрылды.

Психосинтез З.Фрейдтің «психоанализ» теориясына қарама-қарсы. Р.Ассаджиолидың ойы бойынша психоанализдың зерттеулері адам психикасын терең білуге жеткілікті түрде көмектесе алмайды. Психосинтез – адам бойындағы көптеген мүмкіншіліктердің қарама-қайшылықтары мен үзіліссіз қарым-қатынасы. Сондықтан психосинтез жеке адамның:

1. ең алдымен, дамуы мен жетілуіне;
2. одан кейін, өзінің «менімен» қарым-қатынас үйлесімділігіне бағытталған.

Психосинтез адамның негізгі проблемасына емес, нәтижеге бағытталған мақсаты мен позитивті мотивациясына ерекше көңіл аударады. Ассаджиоли жеке адамның құрылымын немесе «ішкі дүниесінің картасын» былайша ұсынады:

1 – адамның ең қарапайым бөлігі, психикалық әрекеттің қарапайым формалары, денені басқару, қарапайым қозулар мен негізгі құмарту, түс көру, фантазия, парапсихологиялық орталықтар, жеке адам дамуының бастауы;

2 – барлық психологиялық жағдайлар мен дағдылар аймағы, тәжірибені жинақтау, ой туады; орта санасыз бен сана байланысып, біріне – бірі өтеді.

3 – суперсанасыз: шабыт, шығармашылық, батылдық және басқа жоғарғы сезімдердің қалыптасуы, сондай-ақ жоғарғы парапсихологиялық функциялар мен рухани энергия қалыптасады немесе жеке адамның даму резерві.

4 – саналы аймақ, түйсіктер, ойлар, қажеттіліктер бақылау мен талдауға лайықты деңгей;

5 – ең жоғарғы саналы аймақ;

6 – біздің нағыз, ақиқат негізіміз, ол өзгермейді, жоғалмайды.

Жеке адам дамуының басталуы: 1 – төменгі санасыз, 2 – орта санасыз, 3 – жоғарғы санасыз, 4 – сана аймағы, 5 – саналы, 6 – жоғарғы «мен», 7 – ұжымдық, топтық санасыздық.

Ассаджиолидің шәкірті Пьеро Ферруччи «Мен»-ді екіге бөледі:

1. персональды «Мен»;

2. трасперсональды «Мен» Персональды «Мен» - психикалық саулықтың шарты. Трасперсональды «Мен» - рухани жетілудің белгісі.

Ассаджиолидің психосинтез әдісі келесідей міндеттерге бағытталған:

1. өзінің нақты «Меніне» - не жету;

2. ішкі гармония негізде ғана жету;
3. қоршаған ортамен, айналадағы адамдармен адекватты қарым-қатынас орнату.

Ол үшін - Адам өзін-өзі терең танып, білуі керек.

1. Жеке адамның әртүрлі элементтеріне бақылау.
2. Субжеке адамдармен жұмыс істеу (негізгі құралдары: дене, эмоциялар, ой). Субжеке адам психикалық жарақаттардан пайда болады. Субжеке адаммен жұмыс істеу кезеңдері (Руффлер 1998):

1. тану, түсіну
2. қабылдау
3. кооридация және трансформация
4. интеграция
5. синтез

4. Ассесмент (ассесмент-орталық, ассесмент, assessment) – бұл рөлдік ойындағы шынайы мінез-құлқын бақылау тәсіліндегі қатысушылардың құзыреттілігін бағалау.

Сырттай қарағанда тренингке ұқсас болып келеді – қатысушыларға рөлдік ойындар мен тапсырмалар ұсынылады, бірақ олардың мақсаты – дағды мен біліктің дамуы емес, барлығы үшін өзінің мықты және әлсіз жақтарын көрсету мүмкіндігі. Әрбір тапсырмада әрбір қатысушыға сыншы бекітіледі. Ол өзінің қарамағындағы адамның мінез-құлқын белгілеп, бақылаушы құзыреттілігіне жатқызылады.

Ассесмент құрамының тәртібі:

- Қызметкердің тәжірибесі және білімі туралы мәліметтер жинау барысында сарапшымен сұхбат.

- Психологиялық, кәсіби және жалпы тесттер.

- Өзге қатысушылармен және сарапшылардың алдында қысқаша презентация.

- Рөлдік ойын. Бақылаушы топ басшылығымен қызметкерлер немесе үміткерлер алдын-ала дайындалған сценарий бойынша бизнес-жағдай ойнап көрсетеді.

- Нақты жағдайды индивидуалды талдау (бизнес-үлгі). Қатысушыға белгілі бір стратегия және ұсынылған жағдайда әрекет ету тактикасын таңдау ұсынылады.

- Әрбір қызметкер үшін ұсыныс құру нәтижесінде сарапшы бақылауы.

Ассесмент орталығының тарихы өткен ғасырдың 30-40 ж. басталды. Англия және неміс әскерилері соғыс әрекеті

жағдайында әрекет етуге қабілетті сауатты офицерлердің жетіспеушілігі мәселелеріне соқтығысып келді. Сонда жас командирлерді бағалау шарасы құрастырылған болатын. Ол әскерилер отрядын басқарудағы практикалық имитацияны өзіне енгізе отырып, жалпы тактикалық және стратегиялық міндеттерді шешуден тұрды. Нәтижелері өте сенімді және көрсеткіштері интервью және тесттермен салыстырғанда нақты болып келді. 1944 жылы ассессмент орталығының әдісі «қаруландыру» алынды (АҚШ орталық барлаушы басқармасы). Кейіннен «барлаушы» әдісі қызметтен босатылып, өмірлік іске ауыстырылды, оны қызметкерлерді бағалау үшін сәтті қолданды. Белгілі «American Telephone and Telegraph Company» (AT&T) компаниясы 50-жылдары осындай бағдарламаларды өткізе бастады. Және осы мақсаттар үшін қызметкерлерді бағалауда арнайы ғимарат салды «The Assessment Centre». Сол кезде ғана бұл ұғым әдіске бекітілді. Ресейге Ассессмент-орталығы 1990-ж басында келді.

*Қызметкерді бағалау және тестілеу* танымалдылыққа ие. Диагностика үміткердің кәсіби деңгейін сенімді бағалауға мүмкіндік береді, қажетті құзыреттіліктің бар болуын, қойылған міндеттерді және мекеменің нақты ерекшелігі аясында кәсіби қызметте оның жетістікке жету әлеуетін болжайды, ал тұлғаның қасиеттері мен психологиялық сапаларын бағалау қызметкерлерге жұмысын дұрыс жолға қоюға және ұжыммен әрекет етуге көмектеседі.

Қызметкерді бағалау технологиясы келесідей құралдарды өзіне қосады:

- Қызметкердің кәсіби деңгейін бағалау – мамандар үшін кәсіби тесттер және арнайы кейстер (бухгалтерлік есеп, юриспруденция, HR, маркетинг, сатылымдар, административтік қызметкер) – қызметкерлердің құзыреттілігін бағалауға және олардың кәсіби әлеуетін, кәсіби білімі мен санатының деңгейін анықтауға көмектеседі.

- Қызметкерді индивидуалды метопрограмманы талдау әдісі арқылы бағалау. Метапрограммалар - адамның мінез-құлқы негізінде қаланатын адамның ойлау тәсілі, ішкі сипаты. Бұл кешенді әдіс нақты адамның мінез-құлық қалпын анықтауға мүмкіндік береді. Қызметкердің әлеуетіне қатысты шешім қабылдауда ақпарат алуға көмектеседі.

• Ассесмент – рөлдік ойын негізінде жатқан, бақылау әдісі арқылы қызметкерді кешенді бағалау. Ассесмент қызметкердегі құзыреттілікті немесе мінез-құлық қырларының көріну деңгейін терең анықтауға мүмкіндік береді. (мысалы, көшбасшылық сапаларды бағалау, келіссөз жүргізу дағдысын бағалау, конфликтілі жағдайды шешу дағдысы және т.б.). Басшылар, коммерциялық мамандарды бағалау үшін қолданылады.

• Қызметкерлерді тұлғалық бағалау тұлғалық әдістемелер мен тұлғалық сауалнамаларды терең қолдануды қажет етеді. Қызметкерлердің тұлғалық сипаты туралы ерекшеліктерді, оның тұлғалық құндылықтары, бағыттары, бос орынға үміткер таңдауға көмектеседі.

## **ПСИХОЛОГ-КЕҢЕС БЕРУШІ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ МАҚСАТ МІНДЕТТЕРІ**

1. Психолог-кеңес беруші ұғымы.
2. Психологиялық кеңес берудің мақсат-міндеттері.
3. Кеңес беру психологиясының әдістері.

1. Қазіргі нарықтық экономиканың өзгермелі үдерісінде қоғамда психологиялық күйзеліске түсу жайттары күннен-күнге өсуде. Яғни дүние жүзілік экономикалық дағдарыс адам бойында әр түрлі психологиялық қарама-қайшылықтарды туғызуда. Демек осындай жағдайларда адамдарға психологиялық көмек көрсету аса қажет болады.

Белгілі психолог, гуманистік психологияның негізін қалаушы *Абрахам Маслоу*: «Басқа адамды түсіну үшін, өзінді сол адамның орнына қойып, соның көзімен қарап көр», - дейді. Психологтың ең басты міндеті адамның жан-дүниесіне ену, оны түсіну, туындаған мәселені шешуге көмектесу және оны шешудің жолын табу болып саналады. Ең алдымен жақсы психолог маман болу үшін теориялық және практикалық жағынан өте жақсы кәсіби дайындалған маман болу керек. Психологтың бойында сыйластық, өзге адамға деген түсінушілік, сенімділік күші бар адам болуы шарт. Ең маңызды қасиеті клиентке өзінің әлсіз жақтарын көрсетпеу керек. Қандай да болмасын күйзеліске түскен адам психологиялық көмекті қажет етеді. Ол психологиялық көмекті көрсету барысында маман психолог кеңес

беру психологиясының негізгі техникалары мен кезеңдерін ұйымдастыра алуы керек. Сол себептерге байланысты қарастырылып отырған тақырыптың маңыздылығы зор. Осыған байланысты кеңес беру психологиясы- психологияның көмегімен адамның қалыптасуы және олардың жеке дамуы, өмірге деген көзқарасы тұрғысынан дамытуға көмектеседі. Психологиялық кеңес берудегі білім нағыз психолог болатын адамдарға ғана емес, сонымен қатар, жұмыскерлермен кәсіби нағыз психологияның аумағына қажет. Қазір мамандарды жоғары білімге даярлау бағдарламалары кеңес беру психологиясынсыз өтпейді, алдағы уақытта психологтардың практикамен айналысуы әсіресе, алғашқы кезде Ресейде кең құлаш жайды. Олар мамандарды психологиялық кеңес беруші ретінде жоғары білімге дайындайды. Соңғы жылдары көптеген психологтар өздерінің жоғары білімдерімен Ресейде танылған болатын. Олар психологиялық кеңес берудегі өздерінің жоғарғы білімдерін тәжірибе жүзінде көрсетті. Психологиялық кеңес беру - бұл психологтың кәсіби іс-әрекетінің бір түрі болып табылады. Психологиялық кеңес берудің негізгі әрекеті тек клиентпен ғана жүзеге асырылады. Ол біріншіден, оның яғни клиенттің сенімінен шыға білуі. Ал, екіншіден оны түсінуі керек. Оның қиын проблемаларының көңілді, әрі оңай түрде шығуына көмектесіп, кеңестер, бағыттар беріп отыруы қажет. Кеңес беру психологиясы клиентпен жұмыс кезінде клиент проблемаларының күрделілігіне қарай бірнеше сеанстарға созылуы мүмкін. Алғашқы сеанс аясында психолог пен клиент арасында өзара әңгіме жүреді. Яғни, клиент өзі туралы баяндап, ненің алаңдататынын және қандай проблема мазалайтынын айтып береді. Оның 10 минуттан 30 минутқа немесе бір сағаттан екі сағатқа созылуы мүмкін. Ал, психолог өз кезегінде клиентін ұқыпты тыңдап, проблемаларын талқылай бастайды. Сеанс кезінде клиенттің проблемаларын практикалық түрде шешу және клиенттің жекелілігі (тұлғалылығы) бағаланады. Кеңестер немесе нұсқаулар кезінде клиентке қойылатын талап: психолог-консультантқа сеніп, толықтай проблемаларын шешуге көмектесетініне илануы керек. Кеңес беру кезінде психологтың әр түрлі әдістерді де қолдануға болады. Олар кеңес беруге лайықты әдістемелер. Клиенттің проблемалары ауыр немесе қиын болатын болса, жоғарыда айтылғандай бір немесе екі

сеанспен нәтиже шығаруы мүмкін емес. Клиенттің бір емес, бірнеше проблемаларының болуы мүмкін. Сол кезде психолог әр проблемаға жеке-жеке (проблемаға сай) кеңесті қолданады. Клиент тұрғысынан аталған проблемалардан бірден нәтиже шығаруы мүмкін емес. Оған кеңес беруші жағынан да көмек болуы керек. Егер кеңес беруші клиентке деген яғни, оның проблемаларынан арылуға деген сенімділігі жеткіліксіз болса, онда ол клиенттен болмақ. Себебі, ол өз эмоциясын және мінез-құлқын басқара алмайды деген сөз. Көбінесе, психолог-консультантқа адамдар физиологиялық-психологиялық денсаулығы жағынан да келуі мүмкін. Психологиялық кеңес беру практик-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі негізгі бағыт: адамға танымдық деңгейі жоғары, өзіндік таңдалған өмірлік стратегиясын жүзеге асыра алатын, өз өміріне жауапты тұлға ретінде қалыптастыру. Психологиялық кеңес беру психотерапиядан шартты түрде бөлініп шыққан ғылым саласы. Себебі, кеңес беру кезінде психотерапиялық әдіс-тәсілдер жиі қолданылады, әйтсе де, кеңес беру психологиясы психотерапия саласынан жоғарылау болып есептелінеді. Психолог-кеңес берушіге қойылатын жалпы талаптар:

- Психолог-кеңес беруші өзінің клиентке берген ұсыныстарына толық жауапкершілікте болуы керек.

- Психолог-кеңес берушінің практикалық қызметі моральді этикалық және заңгерлік негіздерге сүйенілуі керек.

- Психолог-кеңес беруші қызметі адамгершілік мақсаттарға және клиенттің интеллектуалды және тұлғаның даму жолындағы кедергілерді жоюға, көмектесуге бағытталады.

- Психолог-кеңес беруші өзінің жұмысын клиенттің жеке тұлғасын және құндылықтарын сыйлау арқылы жүзеге асырылады. Психолог-кеңес беруші адамгершілік құқықтарды сыйлауы керек.

- Клиентпен жұмыс барысында психолог-кеңес беруші шыншылдық пен ашықтық принциптерін басшылыққа алады. Сонымен қатар ол өзінің берген ұсыныстарында өте сақ болуы қажет.

Кеңес беру психологиясы практикалық психологияның негізгі бағыты ретінде өз алдына келесідей мақсаттар қояды:

1. Клиентте пайда болған проблемаларды оперативтік тұрғыда шешу.

2. Психолог-консультант өзінің жоғары психологиялық біліміне сүйене отырып клиентте туындаған сұрақтарға толықтай жауап іздеуі.

3. Клиентке көмек беру кезінде психолог-консультант клиентке ішіндегі жағымсыз эмоцияларын сыртқа шығаруға көмектесуі керек және ол тек психолог пен психотерапевт алдында ғана емес, жеке өзара іс-әрекетте де шығара білуі қажеттігін ескертеді.

4. Клиентте өзінің проблемасына деген дұрыс түсінік қалыптасқан кезде, бірақ толықтай дұрыстығына көзі жетпесе, онда психолог-консультант клиентке кәсіби және моральді көмек беріп, өзіне толықтай сенім қалыптастыру керек.

5. Клиентпен жұмыс кезінде психолог тек кеңес берудің ғана қажеттілігімен шектелмей, психокоррекциялық және психотерапиялық көмектің де жеткілікті түрде проблемасын шешуде оңтайлы көмек болатынын түсіндіруі керек.

Кеңес беру психологиясын ұйымдастыруда психолог келесідей негізгі міндеттерді орындауы қажет:

1. Туындаған проблемада клиентке шұғыл көмек көрсету. Шұғыл көмек көрсетуде психолог тарапынан берілген кеңес оңтайлы шешімдерді үлестіру мақсатында болуы керек. Мысалы, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың жақсаруы.

2. Белгілі бір жағдайда ғана берілетін психолог-консультанттың кеңесі.

3. Уақытша көмек көрсету (яғни депрессиялық жағдайға түскен клиентпен жұмыс).

4. Егер, тіпті психологтың беретін нақты кеңесі болмайтын жағдайда, минимальды болса да (аз мөлшерде) көмектесу, кеңес беру.

Психолог-кеңес берушінің міндеті:

1. Клиенттің проблемасын анықтау, яғни клиентте туындаған мәселе қандай жағдайда екенінен құлағдар болу.

2. Клиентті өзіндегі пайда болған проблемаларымен құлақтандыру яғни, түсіндіру.

3. Психолог-кеңес беруші клиенттің өз проблемасын шеше алатынын немесе шеше алмайтынын анықтау.

4. Клиент проблемасының шешу жолдарын қарастыру.

5. Психолог-кеңес беруші элементарлы, өмірлік қажет кеңестерін беру. Психологиялық кеңес беру - адамға, яғни клиентке өзінің өмірлік қиындығына сырт көзбен қарауға, өзінің



жағымсыз қылығы мен іс-әрекетін сырт көзбен көруге жағдай туғызады. Ол клиенттің жеке өмірін дұрыстауға, өзінше шешім қабылдауға, өз тағдырына жауап беретіндей сенімділік туғызады.

Психолог-кеңес беруші психоаналитикалық теорияға сүйене отырып, клиенттің ішкі жан дүниесін үш жағдайда қарастырады. Олар: динамикалық (әр түрлі психологиялық даулы қарым-қатынастың нәтижесі ретінде); экономикалық (оның энергетикалық мінездемесі ретінде); топикалық (психологиялық құрылымы бойынша қарайды).

Кеңес беру психологиясының әдістері мен түрлері.

1. Теориялық қабылдау қабілеті бойынша (психоаналитикалық, тәртіптік, гуманистік, гештальт кеңес беру аясында);

2. Клиенттің жасы бойынша (бала, жеткіншек, ересек);

3. Ұйымдастыру түрі бойынша (іштей бетпе-бет сөйлеу, хат арқылы, интернет, телефон арқылы);

4. Клиенттердің саны бойынша (жекелей, топтық);

5. Психологиялық проблема бойынша (тіл табысу проблемалары, жеке проблемалар, көңіл-күй проблемалары);

6. Қосымша жүйе (мектептік, жұмыстық, отбасылық, ерлі-зайыптылық, бизнестік).

Психологиялық кеңес беру түрлеріне тоқталатын болсақ, ол әр түрлі адамдар мұқтаж болып және түрлі жағдайлармен келетіндіктен психологиялық кеңес беруді клиенттердің жеке ерекшеліктеріне байланысты және олардың проблемалық мүшелеріне байланысты бірнеше түрге бөлуге болады.

Практикалық жұмыста психолог-кеңес берушіге өте мол тәжірибе қажет. Себебі, ғылым мен психологияны үйретумен емес, адамдардың шынайы өміріндегі қиын және күрделі проблемаларымен жұмыс жасауы қажет. Психолог консультанттың ұшырасуы мүмкін жағдайларының ешқайсысы алдын-ала анықталмайды. Сондықтан кез-келген жағдайда психолог-кеңес берушіге тәжірибе аса қажет. Осы айтылғандардың барлығы психолог-кеңес берушінің жақсы-жаман болуы үшін де маңызды. Біліммен қатар психолог-кеңес берушінің жеке басының да жақсы, сапалы қасиеттерінің болуы керек. Мысалы, ол адамдарды жақсы көруі қажет, олардың жағдайын, күйін сөзсіз түсінуі, ұғына білуі да маңызды рол атқарады. Сонымен қатар, психолог-консультант шыдамды, жомарт жан болуы да оңтайлы болып табылады. Ең бастысы,

нағыз психолог-кеңес берушінің қасиеті «клиентті түсінуге ұмтылу» оған өзін жақсы жағынан көрсете білуіне, жақсы қасиеттерін игере білуіне, өзін тұлға ретінде қабылдауға көмектесу. Психологиялық кеңес беру психолог пен клиенттің жеке кездесуімен, сұхбаттасуымен басталады.

Сұхбаттасу кезінде, яғни алғашқы сұхбатта танысу, одан соң кеңес қандай жағдайда берілу туралы нақтылық айқындалады. Консультант психолог клиентімен ауызша ғана танысуы керек, алғашқы кездесуде клиент туралы карточка толтырылмайды. Клиент өзін таныстырған соң консультант клиентке өз проблемаларын ұқыпты, шыдамды түрде баяндап беруін сұрайды. Уақыт өте келе психолог-консультант клиентке сұрақ қоя бастайды, яғни өзіне жағдайларды нақтылау үшін. Психолог-консультанттың сұрағы клиенттің баяндап отырған тақырыбынан ауытқымайтын, әңгімесін тоқтатып қоймайтын және клиентке ауыр тимейтін жағдайда болуы шарт. Консультант-психолог тыңдау кезінде адам есімдерін, уақыттарын, нақты фактілерді өзіне оңай болуы үшін есте сақтауы керек. Бұл, әрине, оның дұрыс түсінуіне және дұрыс кеңес беруіне байланысты болады. Кейбір клиентпен жұмыс кезінде психолог-консультантқа клиентті түсіну, кеңес беру қиынырақ келеді. Ол үшін психолог-консультант клиентпен арнайы бетпе-бет кездесулер ұйымдастырады. Ал кей жағдайларда клиентті нақты және оның проблемаларын жүйелі шешу үшін психологиялық тесттерді қолданады.

*Психологтың бойындағы қасиеттер:*

- Мейрімділік;
- Қарым-қатынасқа тез түскіш;
- Толеранттылық;
- Принципиалдылық;
- Өмір тәжірбиесі мол;
- Өзін және өзгені сыйлайтын адам;
- Өзге адамды аша білетін және тыңдай білетін.

*Психологқа қандай мәселемен барады:*

- Отбасындағы жанжалдар;
- Жалғыздық;
- Үрейленушілік және депрессия;
- Зиянды қылықтарын жеңуге;
- Жыныстық проблемалар;
- Жұмыстағы проблемалар, жұмысқа қабілетсіздік және т.б.

*Психологтың консультациясы көмектеседі:*

- Жеке даралықты дамыту;
- Нақты проблемаларды шешу;
- Маңызды шешімдер қабылдау;
- Дағдарысты жеңе білу;
- Ішкі күйзелістерді жеңу;
- Айналадағы адамдармен қарым-қатынасты түзету.

## **ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕР**

1. Әлеуметтік-психологиялық тренинг туралы түсінік.
2. Әлеуметтік-психологиялық тренингті ұйымдастыру қағидалары.
3. Әлеуметтік-психологиялық тренингті жүргізуші (тренер) және қатысушы тұлғасы.

1. Қазіргі заманауи қоғамда «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы жоқ, сондықтан бұл аталған ұғым практикалық психологияда әр түрлі іс-әрекеттер мен әдіс-тәсілдердің және құралдардың ортақ түсінігі ретінде кеңінен пайдаланылады.

Психологиялық коррекциялық қызметтің ең негізгі түрі - тренинг. Тренинг адамның тұлғалық өсуі, өзіне сенімділігін, ішкі қобалжуларынан арылу бағытында жүргізіледі. Тренер клиентпен, жоғары нәтижеге жетуі үшін, олардың ішкі мазаландырушылықтарын жойып, зейіндерін шоғырландырып, өзін жайлы сезінуіне толық жағдай туғызуы, таласты мәселенің жеткілікті түрде талданып, тиісті шешімдердің қабылдануына кәсіби тұрғыдан үлкен шеберлік таныта білуі қажет. Тренингке қатысушы өзін мазалаған мәселесі бойынша толыққанды мәлімет немесе ақпарат алуы, сол арқылы өз әрекетін сыни тұрғыдан бағалай алу дағдысына жеткен жағдайда ғана тренер жұмысының мақсаты жүзеге асты деп есептелінеді. Тренинг адам бойында қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттерді басқару модельдерін қайтадан қалыптастыру тәсілі ретінде қолданылады. Тренинг ұйымның жоспарлы белсенділігін арттыра түсу үшін оның мүшелерінің кәсіби білімі мен қабілеттілігін көтеруге бағытталған. Сондай-ақ тренингті жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын, ұйымның мақсаты мен іс-әрекеттерінің талаптарымен сәйкес тәсілдерге сай өзгертудің бір бөлшегі деп те

қарастыруға болады.

Ресейлік психологияда тренингті оқытудың немесе әлеуметтік-психологиялық тренингтің белсенді тәсілдерінің бірі деген ұғым кең таралған. Л.А.Петровская әлеуметтік-психологиялық тренингті «өзара қатынастағы білімді, әлеуметтік белгілеулерді, қабілеттілік пен тәжірибені дамытуға бағытталған әсер ету құралы», «қарым-қатынаста жетіктілікті дамыту құралы», «психологиялық әсер ету құралы» ретінде қарастырады.

Ал Б.Д.Парыгиннің пайымдауынша, топтық кеңес беру тәсілі жөнінде, оларды өмірде және жалпы қоғамдағы қатынас дағдыларына белсенді түрде топтық оқыту ретінде яғни, кәсіби пайдалы дағдылардан Мен- тұжырымдамасы мен өзін-өзі бағалауға сәйкес жаңа әлеуметтік рөлге бейімделуге дейінгі оқыту әрекеті болып табылады.

Бүгінгі күнде тренингті анықтау үшін көп жағдайда «психологиялық әсер ету» ұғымы қолданылады. С.И.Макшановтың жұмыстарынан бұл ұғым тренингті әдіс ретінде дәл толықтай бейнелемейтінін байқауға болады, яғни бұл ұғым тек бір адамнан екінші адамға әсер ететін ақпараттардың алмасу үрдісін бейнелейтін түсінік ретінде ғана бола алады. Процессуалдық мінездемеге ие «әсер ету» түсінігі өзгеріс категориясының көмегімен анықталатын оның мақсаты мен нәтижесін толықтай ашпайды. Негізінен әсер етудің нәтижесін күтетін тренингтің және оны қолданушылардың негізгі мақсаты тек ғана әсер ету бола алмайды.

2. Тренингтің негізгі қағидалары келесідей:

- Еріктік;
- Белсенділік;
- Қазіргі кезде болған жағдайға шоғырлану;
- Ашықтық;
- Айтылған пікірдің нақтылығы, персонификациясы;
- Өзіне бағдарлану, айналаны бағалау өзінен басталады;
- Құпиялылығы.

Көптеген жағдайларға топтық тренингте пайдаланылатын ережелер келесідей болуы мүмкін:

- Процедураның нақтылығы және бастауы;
- Құпиялылығы;
- «Жоқ» деп айтуға құқылы болуы;
- Алдаушылықтың болмауы;
- Қолдау алуына құқығының болуы,

- Сөзін бөлмей тыңдауға құқығының болуы;
- Барлығына қатысу;
- Жеке пікіріне құқығының болуы;
- Барлығына «сен» деп айтуға құқығының болуы;
- Басынан аяғына дейін жұмыс жасауы;
- Қазір болып жатқан оқиғаларға өз атынан пікірін айту;

С.И. Макшанованың пікірінше, топтық тренинг қағидалары келесілерді қамтиды:

- Тренинг ортасын құру принципі;
- Тренингке қатысушылардың мінез құлқы принципі;
- Ұйымдастырушылық принципі;
- Этикалық принциптері.

### *Психологиялық тренинг қағидалары*

Тренинг ортасын құру принципі	Тренингке қатысушылардың мінез-құлқы принципі	Ұйымдастырушылық принципі	Этикалық принциптері
Жүйелік детерминация	Белсенділік, зерттеушілік және шығармашылық позиция	Физикалық ашықтық, топты құрау (гомогендіе, гетерогендік)	Құпиялылық, қойылған тренинг мақсатына мазмұнының сәйкес келуі
Шынайылық	Субъект объект тілдесуі, мінез - құлықтың объективтенуі	Кеңістіктік уақыттық ұйымдасуы	Кемшіліктерді жою
Артықшылық	«Қазір және осында» шынайылық		

И.В. Бачков бойынша, тренинг тобында жұмыс жасауды ұйымдастырудың келесі міндеттерімен байланысты: қимыл-қозғалысты ұйымдастыру; кеңістікті ұйымдастыру; уақытты ұйымдастыру. Осыған сәйкес келесідей қағидалар шығады: тұрмыспен байланыстылық, символизм, трансперспектива.

В.Б.Ясвин педагогтерге арналған тренингтің әдістемелік негіздерін қарастыра отырып, тренингтік білім беру процесін

ұйымдастырудың келесідей қағидаларын ұсынды: бағалаудың болмауы, орындалған кез келген тапсырманың нәтижесі, орындалу үдерісін маңызды деп қарастыру және басымдық танытуы. Сонымен қатар дәстүрлі тренинг топтарында жұмыс жасау кезінде әрдайым ескеру керек қағидаларға мыналар жатады: қатысушылардың белсенділік принципі, қатысушылардың зерттеушілік және шығармашылық позициясы принципі, объективтендіру принципі, партнерлік тілдесу принципі.

Тренинг кезінде қатысушылар келесідей ережелерді ұстануы керек:

1. Шынайылық, ашықтық, ақиқат болуы;
2. «Мен коммуникация»;
3. Позитивті жағдайға шоғырлану;
4. Белсенді қатысу;
5. Құпиялылық;
6. Өзара қатысу және өзара көмек көрсетуге даярлығы.

3. Тренинг жүргізу тренердің тұлғасына үлкен талаптар қояды. Тренер тұлғасында: энергия, хабардарлық, тәжірибе, билік, ақылдылық, харизматикалық тәрізді қасиеттер болуы тиіс.

Энергия - бұл потенциалды күш, ол өзгелерге энергия беруі үшін өте қажет. Әлсіз, сылбыр. көңілсіз тренер тренингтің тек теориясын ұғындыра алады да, қатынасушыларды табиғи, стихиялы мотивпен басқара алмайды. Ал энергиялық күшті заряды бар тренер, қатынасушыларға күш беріп қана қоймай, кеменің желкенін қажетті бағытқа бұра алады. Тренер энергия шығарушының үлгісін көрсетіп, қатысушыларды өзіндік ішкі зарядпен энергия беруі, жұқтыру және толықтырып отыруы, магнетизм күшімен тәуелсіз қимылдап сол энергияны өзгелерге сендіре алуы тиіс. Тренердің ең басты энергиясы – биологиялық энергия. Ол биологиялық энергиясын өзгелерге көрсете алуы тиіс. Биологиялық қалыптылық тренинг өткізуде фон ретінде өте қажетті. Тренер жаңа шығармашылық тапсырмаларды тез шешуге қабілетті болуы шарт. Тренер идея ұсынушы, дамытушы ғана емес, өзгелердің идеяларын ұғынушы және дамуға мүмкіндік беруші тұлға.

Тренер психология, биология, физиология, менеджмент және практикалық өмірден хабардар болуы тиіс. Хабардарлық кез-

келген эксперименттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Кең көлемді таным және білгенінді қызықты етіп әңгімелеп беру – топта кез-келген эмоциональды қиындықты жеңе алуға көмектеседі. Кез-келген жағдай тіпті жағымсыз болса да білетін жағдаймен салыстырылып жаңа білім көрсеткіштері арқылы шешіліп отырылады.

Тренердің тренинг қызметінде әртүрлі өмірлік аймақтарда тәжірибесі болған жөн. Өзіндік тәжірибе арқылы адамдарды басқара алуы тиіс. Тренер жан-жақты ғылым салларына білімі терең болуы тиіс. Өзі айтатын әңгімесі мен әрекетінің құндылығына сенімді адамның кейпін көрсетуі тиіс. Ол өзінің кез-келген сөзіне 100% сенуі және өзгелерді сендіре алуы қажет. Өзіне сенімді тренер өзгелер мүлтіксіз орындайтындай нұсқау бере алады. Ол үшін сенімділік әзілқойлықпен ұштасып отыруы керек. Ол топқа нақты, ашық, қарапайым сенімді нұсқау беру арқылы қатысушыларға мотивация береді. Билікті өзгеге беру және өзгені тыңдау, өзің шешім қабылдау жауапкершілігінен құтылу мазасыздықтан құтқарады. Сенімді, толыққанды команда адамдарға мотивация беріп, уақытша жауапкершілігінен босатады.

Тренердің ақыл-ой процесі жеткілікті түрде қозғалғыш болуы жөн. Тренер кез-келген проблеманы жеңіл шешіп өзгелерге жол көрсетуі тиіс. Кездескен жағдаяттарда қатынасушыларды дұрыс бағытқа сілтеуі жөн. Сонымен қатар ақыл-ойы икемді болып, белгілі бір проблеманы шешкенде, сол жағдайға, сол адамның жас ерекшелігіне сай шеше білуі тиіс. Тренер идеал тұлға ретінде қатынасушылардың қарағысы келе беретін, оның артынан еріп жолын қуғысы келетін адам болуы тиіс. Кез-келген тренерде харизматикалық қабілет болуы қажет. Тренердің сырт келбетінің жұғымдылығы электірлік лампадай табиғи шырақ, жарық береді. Адамдар арнайы шамымен емес, кездейсоқ табиғи шырақ пен өнімді жарқырап, жүректерді жылтатын адамға сенеді. Тренер қатысушыларға қаншалықты ұнауға талпынса, соншалықты өзіндік табиғи харизмасын жоғарылатады.

Өзімен - өзі болудың бір жолы - өзгелердегі табиғи көріністерді өзіне дарытуға талпынбай, өзіңдегі бар табиғи қасиеттерді дамыту. Тренер жарқырап өте айқын көрінуге тырыспай жан дүниесінің ашықтығын көрсете білгені жөн.

Қатынасушылар сұрақ қойса шынын айтуға тырысуы керек, ол қатынасушылардың ашылуына жол ашады. Белгілі бір шындықты айту қаншалықты қиын болса, оның қатынасушыларға маңыздылығы да соншалық. Қарапайымдылық, шынайылық, харизматикалық қабілеттің ең табиғи көрінісі болып табылады. Ең алдымен, тренинг жүргізілетін топқа назар аударған жөн. Костюм топтың жасына және қатынасушылардың әлеуметтік рөліне қарай жасалады. Егер тренинг жасөспірімдерге арналған болса, спорттық стиль де жарап қалады. Ендігі мәселе, егер тренинг жетекші звеноға арналған немесе фирмадағы корпоративті тренинг болса, онда тренердің жұмыс ерекшелігін ескере отырып, іскери стильді ұстанған жөн.

Білікті тренердің өзінің сыртқы келбетіне қатысты *бірінші ережесі* – ситуацияның адекваттылығы. Ары қарай әңгіме қосымша заттар жөнінде болады. Әсіресе әйел адамдар көбіне қосымша заттарды (шарф, моншак, шпилька, соған сәйкес заттар) жаны сүйеді. Бұл заттар әдемі көрініп қана қоймай, белгілі бір стильді де аңғартады. Тренинг үшін бұндай заттарды мақсатқа сай таңдау қажет.

*Екінші ереже* – тренинг бойы мазаламайтын киім үлгісінің ыңғайлылығы. Тренердің жұмысы эмоционалды және денелік жүктемемен байланысты екенін ескерген жөн. Сондықтан да киімді ыңғайластырып киген тиімді.

*Үшінші ереже* тренинг жүргізушінің киім таңдауда жүзеге асады – ыңғайлылық. Тренинг жүргізушінің киім таңдаудағы *төртінші ереже* – қызметке сәйкес келуі. Сонымен, киім таңдаудағы *бесінші ереже* – қозғалыс пен әрекеттің еркіндігі болып табылады. *Алтыншы ереже* – ұқыптылық және тазалық. Мұқият, өзін-өзі күтетін, ұнмеі таза, ұқыпты жүретін адам қоршаған орта үшін жағымды болып табылатыны белгілі. Өз-өзіне сенімділік ұқыптылық пен тазалыққа байланысты болып табылады.

## ӘЛЕУМЕТТІК-ПСХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ ТҮРЛЕРІ

1. Топтық тренингтің мақсаты мен міндеттері.
2. Топтық тренинг түрлері.



### 3. Тренингтегі психогимнастика.

1.Топтық психологиялық тренинг мәселелері бойынша әр алуан жұмыстардың талдауы бұл феноменнің ең маңызды аспектілерінің қатарында мақсаттарының, тақырыбы мен міндеттерінің ерекшеленетіндігін көрсетті.

Топтық жұмыс құрылымының аталмыш бөлшектерінің мағынасын бағалау қиын. Сондай-ақ, тренингтік жұмыстың мақсаты, тақырыбы және міндеттерінің арасында тығыз мазмұндылық және қызметтілік байланыс бар екендігін түсіну маңызды. Кез-келген тренингтің бағдарламасын құру тақырыбы мен мақсатын анықтаудан басталады. Ал олар өз кезегінде топ жұмысының нақты мақсаттарын құрастыруға мүмкіндік береді.

Аталмыш сұрақты қарастыра келе, топтық тренингтің *жалпы* мақсаттары, тақырыбы мен міндеттері және жұмыс күнінің әр бөлігінің *жеке* мақсаттары, тақырыбы мен міндеттері деп бөлу қажет.

Тренингтің нақты міндеттерін ерекшелеп көрсету құрылатын бағдарламаның жүзеге асырылуының тиімділігін анықтайды: әрекеттердің ілеспелілігі айқын болуын тапсыру, әр дәріске жаттығулар таңдап алу, тарататын сәйкес материалдар дайындау және т.с.с.

Топтық тренингтің пайда болуы және даму кезінен бастап, мақсаты топтың жеке қатысушыларға ықпал етуі феноменінің призмасы және осы ықпал етуге баулу арқылы қарастырылған болатын.

Нақтырақ айтсақ, Эллиот Аронсон тренингтік топтардың басты мақсаты - *өзінің мінез-құлқын зерттеуге дайындығының дамуы, өзара жеке адамдық қарым-қатынастардағы әлеуметтік жетілділікті және ашықтылықты жетілдіру, әріптестікке және келіспеушіліктерді біріге шешуге баулу*, - деп санайды.

Кьелл Рудестам топтық жұмыстың мақсаты әр алуан болуы мүмкін екендігін атайды. Олар сырттан міндеттелуі және қатысушылардың қажеттілігімен анықталуы мүмкін. Бұл ретте, бір жағдайда бір топ адамдардың өздерінің көңіл-күйлерін көтеру, ал басқа жағдайда-өзін-өзі жетілдіру сияқты белгілі тілектері мақсат ретінде болуы мүмкін.

И.В.Вачков тренингтің мақсаты қатысушыларға қандай да бір іс-әрекетті игеруге көмектесу, - деп санайды. Әрі ол жаңа іс-әрекеттерді игеруді қандай шарттар қамтамасыз етілетіндігіне назар аударады. Оның пікірі бойынша тренингке қатысушы: 1) оны жүзеге асыруды қалауы; 2) қалай жүзеге асыруды білуі; 3) жүзеге асыра алуға тиіс.

Тренингтің жалпы мақсаттарының ішінен ол келесілерді ерекшелейді:

- топ қатысушыларының психологиялық мәселелерін зерттеу және оларды шешуге көмек көрсету;

- субъективті хал-жағдайын жақсарту және психикалық саулығын нығайту;

- психологиялық заңдылықтарды, адамдармен тиімді және үйлесімді қатынастың негізін құрау үшін жеке адамдар арасындағы өзара іс-әрекеттердің механизмдерін және тиімді тәсілдерін зерттеу;

- ішкі және мінез-құлықтық өзгерістер негізіндегі эмоциялық бұзылударды алдын-алу немесе түзету үшін қатысушылардың өз-өзін түсінуін және өз-өзін зерттеуін дамыту;

- жеке адамдық дамуы процесіне, шығармашылық потенциалын жүзеге асыруына, тіршілік әрекетінің тиімді деңгейіне жетуге және бақыт пен жетістікті сезінуге көмектесу.

Сонымен бірге, автор кез-келген тренинг тек ғана қатысушылардың сол сәттегі проблемаларын шешуге ғана емес, сондай-ақ, ұсынылатын мәселені шешуге үйрететін мүмкіндіктердің есебінен олардың болашақта туындауын алдын-алуға бағытталғандығын атап өтеді. Бұл жерде, егер тренинг мақсатын маман жеткілікті деңгейде сезінбесе, онда жұмысты бастау қажет емес екендігіне назар аударылады. Ең алдымен мұндай жағдайларда жұмыстың мәні мүлде болмайды және психологиялық тренингтің нақты қай түрін жүзеге асыру қажеттілігін түсінуге мүмкіндігі болмайды.

Т.В.Зайцев психологиялық тренинг қатысушыларды жақсы мінез-құлыққа үйрету, топтық динамика теориясын тәжірибе жүзінде бекіту, қатысушылар нақты шарттарда тап болған мәселелерді талқылау, игерген білімдерін топтан тыс кезде қолдануға көмек көрсету сияқты міндеттерді шешуге бағытталғанын айтады. Сонымен қатар, топтың нақты мақсаттары оның мүшелері және жүргізушісімен

анықталатындығын да атап өтеді. Олар жеке қатысушыларға да, сондай-ақ жалпы топқа да қатысты болуы мүмкін.

Н.М.Лебедева, О.В.Лунева, Т.Г.Стефаненко жалпы мағынада кез-келген тренингтің мақсаты - бұл жеке адам мен топтың өмірлік міндеттерді тиімді шешілуін арттыратын психологиялық сипаттамаларының біріге дамуы деп санайды. Тренингтің басты мақсаты жеке адамның әлеуметтік бейімделушілігін дамыту деп те айтуға болады. Бұл жерде бейімделушілік ретінде креативтік белсенділікті атауға болады. Өзіңнің мінез-құлқынды басқа адамдарға және оқиғаға қатысты бейімдеу ғана емес, алға қойылған мақсаттарға жетелейтін қоршаған ортамен өзара әрекетестікті шығармашылық түрде құрастыру болмақ.

Тренингтің педагогтарға арналған әдістемелік аспектілерін қарастыра отыра, В.Ясвин тренингтің мақсаты мен міндетін қою кезінде, сондай-ақ оларды тәжірибе жүзінде жүзеге асыру процесінде, аталмыш тренинг қатысушылардың жеке адамдық белгілерін түзетуге және дамытуға, немесе нақты икемділіктерді және дағдыларды қалыптастыруға немесе перцептивтілік қабілеттіліктерді дамытуға және т.с.с арналатындығын айқын көре білу өте маңызды екендігіне назар аударады. Аталмыш сұрақты нақтылай келе, ол шығармашылық білім беру ортадағы педагогикалық өзара іс-әрекет тренингінің мақсаты, бұл ұстаздарды оқушылармен көмек және қолдау сипатына ие директивті емес жеке адамдар арасындағы өзара әрекеттестікке кәсіби дайындау деп жазады.

*Міндеттер* - бұл «аралық мақсаттар», яғни, негізгі мақсатқа жету жолында шешілетін нақты мәселелер. Сондықтан кез-келген тренингтің міндеті туралы сөз қозғалғанда, әдетте, оларды сипаттау кезінде аталмыш жұмыстың әр кезеңінде шешілетін негізгі мәселелер қарастырылады.

Мысалы, И.В.Вачков әр тренингтің осындай нақты мәселері арасынан келесілерді атап көрсетеді: біріншіден, жаңа іс-әрекетке оң қарым-қатынастарды қалыптастыру және мотивациялау; екіншіден, топ қатысушысының белгілі көріністерінің жүйесін қалыптастыру; үшіншіден, нақты икемділіктерді қалыптастыру.

Н.М. Лебедева, О.В.Лунева, Т.Г. Стефаненко жаттықтырушы топпен жұмыс істеуде тренингтің кез-келген сәтінде өзіне келесі бақылау сұрақтарын қоюы және оларға жауабы болуы қажет деп санайды.

1) Дәл осы сәтте топта орын алған жағдай қай міндетті шешуге бағытталған?

2) Топтағы өзекті (аталмыш) оқиға тренингтің негізгі мақсатымен қалай сәйкестенеді?

3) Егер топ «басты бағыттан» жаңылысқан болса, қандай түзету әрекеттерін қолға алу қажет?

Жұмыстың мақсаттарын, міндеттерін және тақырыбын анықтауға нақты мысалдарды біз топтық психологиялық тренинг бағдарламасы және құрылымына арналған тақырыпта қарастырамыз.

Тақырыбы жұмыстың мақсаты сияқты, тренингтің психологиялық мағынасын түсіну сипатымен тығыз байланысты, ол маманның кәсіби дүниетанымының нәтижесі болып табылады. Негізгі тренингтік топтардың әр түрлі теориялық тұжырымдамаларынан туындайды. Сондай-ақ, бұл тұжырымдамалардың басымы, негізінен, психологиялық ілімнің үш негізгі бағытына сүйенеді: гуманитарлық, мінез-құлықтық және психодинамикалық. Бұл бағыттардың теориялық бастауындағы ерекшеліктігі тренинг адамның жекешелігіне көзделген және жеке адамның ішкі өзгерістерімен оның өзіндік жетілуіне және дамуына бағытталған өзгерістерге бағытталғандығы туралы жалпы түсінікті жоққа шығармайды. Топтық психологиялық тренинг ұйымдастыратын және жүргізетін жаттықтырушы жұмысының тақырыбы әр уақытта таңдалған мәселемен және қойылған мақсаттармен міндеттелген белгілі бір психологиялық феномендер болып келеді. Осыған орай, жаттықтырушы және топ өзінің назары мен жігерін төменде ұсынылатындарға аударуы қажет:

- мінез-құлықтық әдеттерге, белгілі жағдайлардағы нақты іс-әрекеттерге;
- жекелік және топтық динамикаға;
- топ қатысушыларының белгілі жағдайына;
- мінез-құлықтың когнитивтік аспектілеріне;
- нақты дағдыларға және т.б.

Мәселен Т.В. Зайцев жұмыс тақырыбын қатысушылардың топтық мінез-құлқының әр кезеңіндегі мазмұнын қарастырады.

Бірінші кезеңде (ішкі жоспардан мінез-құлықтың сыртқы құрастырылмаған элементтері және моделдеріне ендіру)

қатысушылар кері байланыс механизмі арқылы топпен және жүргізушімен өздерінің өзгеруді қажет ететін «мәселелі жақтарын» білу мүмкіндігіне ие болады.

Екінші кезеңде (сыртқы жоспарда өте жақсы мінез-құлық моделін құрастыру) қатысушылар сыртқы жоспарда өте жақсы мінез-құлық моделін құрумен айналысады. Бұл өзінің мінез-құлқын адекватты және тиімділік жағына жеткізу мүмкіндігін тудырады.

Үшінші кезеңде (топ қатысушыларының мінез-құлқын оның ішкі жоспардағы эталоны және бекітуіне барынша жақындатуға мотивациялау) жаттықтырушы интрапсихикалық жоспардағы мінез-құлықтың техникаларын белгілейді. Оларды интерпсихикалық жоспарға көшіреді. Қатысушыларға олардың интрапсихикалық жоспарын өзгертуге көмектеседі. Бұл жаңа мінез-құлықты қалыптастырады. Бұл жерде қатысушылар өте жақсы мінез-құлық процедурасын «меңгереді» және сонымен бірге «иемденеді».

Басқалардан бір ерекшелігі аталмыш автор, психологиялық тренинг қатысушыларының бойында туындайтын барлық өзгерістер тренинг процесі барысында жүзеге асады деп санайды. Тренинг қатысушыларының бойындағы өзгерістердің басым бөлігі тренинг аяқталғаннан *кейін* қатысушылардың өздері және жүргізушімен бірлесе құрған жақын даму аймағы аясында пайда болады. Әрі бұл процесте негізгі рөл тренингті жүргізушіге жүктелетіндігіне ерекше көңіл аударылады.

Жұмыстың тақырыбы таңдалған мақсатпен тығыз байланысты. Ереже ретінде, жұмыстың тақырыбы тренингтің аталуында немесе әр дәрістің тақырыбында бейнеленген. Мұнда жаттықтырушы жұмысының бағыттылығы назарға алынып бейнеленеді. Жекелей алғанда, егерде топтық тренингтің мақсаты - *жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарда әлеуметтік жетіктілікті және ашықтылықты көтеру болса*, онда қатысушыларының қатынасы тақырыбы болуы мүмкін. Егер топтық тренингтің мақсаты- *қатысушыларға нақты бір іс-әрекетті игеруге көмек көрсету болса*, онда ол аталмыш іс-әрекеттің өзіндік процесі ретіндегі тақырыбында жүзеге аса алады.

2.Топтық тренингтің негізгі түрлері. Егерде топтық психотерапиялық жұмыста жеке жұмыспен салыстырғанда қандай да бір өзіндік ерекшелік бар деп айтар болсақ, ол

терапиялық процестің тиімділігінің қандайда бір ерекше механизмдерімен байланысты болуы қажет.

Негізінде, топтық жұмыстың тиімділігінің басты механизміне үлкен және кіші әлеуметтік ортада туындайтын қарым-қатынастардың үлгісі болатын *топтық динамика* жатады. Бұл талас тудырмайды, өйткені топтағы терапиялық жұмыстың белгілі бір стратегияларында терапевтің барлық іс-әрекетінің де бағыты болады. Бұл біріншіден, топтың әлеумет үлгісіне айналу процесін күшейтеді. Екіншіден, бұл қатар түсіну процесін өршітеді.

Психотерапияны қандайда бір психотерапиялық әдісті қолданудың бір ізділігінен емес, клиенттің өмірін жағымды үрдісте өзгертуге бағытталған көзқарастағы мақсатқа бағытталған процесс деп санағанда ғана әділ бағалау болмақ.

Атақты театр педагогы П.Ершов өзінің режиссерлік көзқарасымен адами барлық өзара әрекеттестіктің театр тілінде «күрес», - деп аталатын қызық жіктеуін береді. Оның пікірінше, кез-келген өзар әрекеттестік іскерлік және бағыттылық болып бөлінеді. Іскерлік өзара әрекеттестік қандайда бір белгілі мақсатқа қол жеткізу үшін күрес. Бағыттылық – қатынас үшін күрес. Мұндай пайымдаудан бағыттылық өзара әрекеттестігі өзінің жетістілігі мүмкіндігі жағынан өте қауіпті. Мен маған деген қандайда бір белгілі қатынас үшін күресемін. Мысалы, көшбасшы ретіндегі, сүйікті адам ретіндегі, ұлы ақын ретіндегі және т.с.с.қатынас болмақ. Бұл жерде күткен нәтиже маған байланысты болмайды, керісінше кімнің қатынасы үшін күресем соған байланысты болады. Мұндай күрестің дәйегінің өзі бастапқыда-ақ, мені өз қалауымша қабылдамайтындығын көрсетеді. Нәтижесінде біреудің тарапынан мен қалаған қатынасқа қол жеткізу үшін мен өз бойымда бір нәрсені өзгертуім қажет.

Топтық динамика адам өміріндегі *бағыттылық* өзара әрекеттестіктің үлгісі болып табылады.

Алайда адам өмірінде өзара әрекеттестіктің басқа да түрі бар. Ол - белгілі мақсатқа қол жеткізуге нысандалған өзара әрекеттестік. Себебі мақсат қоя білу және оларға қол жеткізу үйлесімді адамның бір қасиеті. Үйлесімділік- басқа адамдармен қатынастарында өзін көрсете алу біліктілігімен байланысты. Сондықтанда топтық психотерапиялық жұмыстың тағы да бір

өзіндік ерекше механизмі - әлеумет жағдайында нақты мақсатқа қол жеткізу процесін моделдеуді тұжырымдау. Топтық жұмыстың барлық үлгісі мен технологиясында топтық динамикамен қатар бұл механизмді қолдана бермейді.

Топтық психотерапияда бар барлық тәсілдерді төрт негізгі топқа бөлуге болады. Шартты түрде оларды құрылымдылық, іс-жүргізу, психотерапиялық және мәселелі-бағытталған топтар деп атайды.

*Құрылымдылық топтар* алдын ала анықталған жаттығулар жиынтығының басымдылығымен сипатталады. Оларды орындау барысында топ қатысушылары қолданылатын техникалардың өзіндік ерекшеліктерінің күшіне салыстырмалы түрде болжамды болатын, қандайда бір тәжірибе жинақтайды. Мұндай топтарда жаттығулар арқылы орындалатын материалдармен жұмыс өзіндік міндет болмайды. Өйткені олардың мақсаты қатысушылардың ары қарай өз өмірінде өзіндік ой елегінен өткізіп және қолдануға болатын жаңа тәжірибе алу болады. Құрылымдылық үлгісінде белгілі дәрежеде шектеу болады. Бұл шектеу біріншіден, жеке мәселелік құрылым жинақтаған өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігі есебінен ғана қалыптаспайды. Тәжірибені өңдеу және құрастыруды игеру механизмдерінің жеткіліксіздігінің есебінен қалыптасады. Егерде бұл механизмдер даму мен өзгеруге тап болмаса қауіп туындауы мүмкін. Онда жекелік бағытылық және қатынас жүйесінде жаңа тәжірибе өнімді интеграцияланады. Екіншіден, өзара жекелік қатынастар мұндай топтардағы жұмыстың жеке пәні болмайды. Бұл топтық психотерапия тиімділігінің механизмі ретіндегі топтық динамиканың құндылығын төмендетеді. Топтық динамика жеке жағдайларда мұндай топтардың негізгі міндеттерін орындаудағы басты кедергі болуы мүмкін.

*Іс-жүргізу топтары* қатысушыларды құрылымсыз топтық процеске енгізуге негізделген. Терапиялық жұмыстың пәні болып табылатын, топ мүшелерінің әр түрлі ішкі мазмұнының жүзеге асырады. Мұндай үлгі дәстүрлі психодинамикалық топқа тән болады. Бұл топтарда топтық динамика негізгі механизм және жұмыс пәні болып табылады.

Мұндай топтарда да кейбір шектеулер болады. Өзекті әсерлердің тереңдігі мен маңыздылығының деңгейі белгілі дәрежеде жүргізушінің жеке тұлғасы және топ құрамына

байланысты болады. Басқаша айтқанда, ұсынылған материалдың өңдеу тереңділігі мен нәтижелігіне ықпал ететін көптеген субъективті және объективті әсерлер бар. Екінші шектеулік топтық динамика, бейнелей айтқанда, «таза өнер» жағдайында пайда болады. Терапевт пен клиент арасындағы байланысты қатынастар өздері үшін қалыптасады. Мұндай үлгі олардың байланыс құрастырылуынан басқа ешқандай әсер бермейді.

*Психотерапиялық топтар* бастапқыда алдына психотерапиялық мақсат қоймайды. Алайда онда орын алған құбылыстар өзіндік ерекшелігінің күшіне қарай белгілі деңгейде психотерапиялық нәтиже беруі мүмкін. Оның қатарына креативтік тренингтерін, шығармашылық өзіндік көріну терапиясын, сондай-ақ арттерапия және билеу қозғалмалық терапия жанрында жүргізілетін басқа топтарды жатқызуға болады.

Бұл топта психотерапиялық көзқарас жағынан алғанда шектеу бар. Белгілі бір клиент үшін психотерапия мазмұнының сол сәттегі нәтижелері өзекті емес, тек ғана жеңіл әсер беруі мүмкін. Адамның психикалық өмірін құрайтын кейбір көлеңкеліктер жақсарғанда, «витамин тәрізді» әсер береді. Кей мағынада мұндай топтарды, медициналық терминді қолдана отырып «жалпы нығайтушы» деп атауға болады.

Топтық психотерапияның барлық түрінде, соның ішінде үнемі кездесулер жағдайында өткізілгенде, тағы бір ортақ кемшілік кездеседі. Олар әр түрлі деңгейде, жүргізушінің жеке тұлғасына және нақты бағдарламаға байланысты болады. Өзіндік эмоциялық тәуелділіктің туындауына және қарым-қатынастың белгілі бір деңгейі мен құрылымына тәуелділікті өршітеді. Көп жағдайда мұндай топтағы өмір қатысушыларға олардың топтан тыс өмірі мен қарым-қатынасына қарағанда, аса жарқын, мағыналы және қызықты болып көрінеді.

Мәселелік-бағытталған топтар көп деңгейде әлеумет жағдайындағы нақты мақсатқа қол жеткізу процесінің үлгілеу механизмін қолданады. Аталуы айтып тұрғандай-ақ мұндай тренингтің тақырыбы адамдар жиі психолог немесе психотерапевтің қабылдауында болатын кез-келген мәселе болады. Оларға өзінің немесе бөтен агрессиямен өзара қатынасы, эмоциялық тәуелділік, үрей, қызғаныш, өз-өзін жақсы көру, кінәлілік сезімі және т.с.с. жатқызуға болады. Қандайда бір топты оның қатысушыларының таңдауы сол сәтте дәл сол тақырыптың



ол үшін өзектілігін айқындайды. Ал бұл қатысушылардың сол тақырыппен жұмыс істеуге белгілі дәрежеде дайындығын білдіреді. Мұндай жұмыс түріндегі дезинтеграция деп ұсынылған мәселе бойынша, топтың сол мәселеге терең кіруге бағытталған процесін санауға болады. Оның барысында топ қатысушыларының әрқайсының күнделікті өмірдегі мәселемен өзара әрекеттестігінде жанамаланған, қорғаныш механизмдері көпшілігінің жойылуы жүзеге асады. Интеграция процесі, бейнелей айтқанда, жойылған бастапқы қорғаныш құрастырымдарын ретке келтіруден тұрады. Топты құруда қолдануда шығыны аз, біршама бейімделген, ыңғайлы жаңа құрылыстың жобасын құрау. Бұл топтың зерттеуші үлгісінің сипатталған басқа топтардан айырмашылығы бар. Біріншіден, топтың әр қатысушысы негізгі материалдарды міндетті және тиянақты түрде қайта өңдейді. Екіншіден, мәнді материалды өзектендіреді. Үшіншіден, топтық процестің анық психотерапевтік мақсатқа бағыттылығы жүзеге асады.

Бұл үлгінің басты шектеуі топтық динамика механизмін қолданудағы қандайда бір «әсері» болады. Бұл әрине жүргізуші топтағы қатынастарды анықтаудан қашқақтайтынын білдірмейді. Тек ғана топтық динамика басым бөлігінде нақты нәтижеге жаңа жекелілік және мінез-құлықтық әдеттерді құрастыруға қол жеткізу жұмысының жалпы процесіне көзделген.

Топтық психотерапиялық процестің кейбір жалпы заңдылықтарын сипаттай отыра, мұндай жұмыстың өзіндік ерекшелігі тақырыбына оралайық. Психотерапевтке қойылатын ерекше талаптарын құрастыруға тырысайық.

Бірінші кезекте, бұл талаптар терапевтің, топ жүргізушісінің жекелік сипаттамаларына байланысты болады. Топтық жұмыста одан өте жоғары деңгейдегі күш-жігерді талап етеді. Егер индивидуалды жұмыста психотерапевт әр аулан, сонымен бірге флегмативті болса, ал топта (психодинамика үлгісін қоспағанда) психотерапевт топты «жандандыра» алу қабілеттілігі, яғни жылдам және тиімді қауіпсіздік аумағын құруы қажет. Сонымен қатар, қатысушылардың топтық процеске қызығушылығын тудыру талап етіледі. Психотерапевтің сезімталдылығының да мәні зор. Өйткені ол топтық процестің әр сәтінде орын алған оқиғаның эмоцияллық «қызуын», әр қатысушының процеске қатысу дәрежесін және т.с.с. назарда ұстауы тиіс.

Психотерапевтің, топ жүргізушісінің есте сақтауы жақсы болуы тиіс. Себебі ол топтың бар уақытта бойында әрбір қатысушыға қатысты өзінің барлық диагностикалық болжамдарын және топта белсендірілген ауқымды ақпаратты ойында сақтауы қажет. Психотерапевт топ барысында орын алған сөздердің, дене және қол қимылдарын басымырақ есінде сақтаса, топтық процесс аса тиімді және қызу өрши түседі.

Топтық жұмыс терапевтен нақты бағдарламаны жүзеге асыруға арналған «үй тапсырмасымен арасындағы нақты сәйкестілікті және орын алған оқиғаға байланысты көзделген бағдарламаны жылдам және тура қайта құруға мүмкіндік беретін қимыл-әрекетінің шапшаңдылығын талап етеді.

Топтық тренингтің пайда болғанына біршама кезең болғанымен, бүгінгі күнге дейін оны белгілі бір түрлерге бөлуде айқындылық жоқ. Тәсілдердің әрбіреуі салдары, ерекше мақсаттары, құрылымы және композициясы ретінде өзінің өлшемдерін ұйғарады. Топтық кеңес беру мәселелерін талдай келе, Дж. Коттлер және Р.Браун, тек аталуы әр түрлі ғана емес, сондай-ақ, жұмыс тактикасы мен стратегиясы бір-бірінен озық көптеген топтарды мысалға келтіреді. Олар өздерінің еңбектерінде негізгі түрлерді ұсынумен қатар, олардың әрқайсының мазмұндық жағының ерекшелігін көрсетеді. Бұл топтардың әрқайсына берілген қысқаша сипаттамаға тоқталайық:

1. «Кездесулер тобы» ең екі ұшты категорияға жатады. Мұнда әр алуан түрлермен қоса, «адамдық қарым-қатынастар тобы», «потенциалды ашу бойынша топтар», «Т-топтар», «Жеке адамдық өсу топтары» және т.с.с. аталып өтуі мүмкін. Мұндай топтардың ерекше тартымдылығы сенім мен шынайылыққа негізделген қандай да бір оқыту құрылымын құруға ерекше мән бергендігімен байланысты болуына орай назар аудартады. Сонымен қатар, мұндай топтар жеткілікті деңгейде еркін құрылымда болады. Ал жүргізуші бұл жерде, ең алдымен, қатысушы, бірақ сарапшы емес екендігіне де назар аударылады.

2. «Тақырыптық топ». Жоғарыда сипатталған категориядан ерекшелігі мұнда нақты формат, құрылым, жұмыс жоспары бар. Мұндай топтарға қатысушылардың сезімдері мен уайымдарына нысандалмаған дидактикалық, педагогикалық сипаттама тән. Олардың мақсаты, жалпы алғанда, болуы мүмкін мәселелерді алдын алудан тұрады. Мұнда қатысушылардың бойында нақты

мәселелерді шешуге қажетті әр түрлі бейімделу дағдылары қалыптастырылады (жұмысқа орналасу, секс, колледжде, жоғары оқу орнында дәріс алу және т.с.с.

3. «Кеңес беру тобы» бұл - ең алдымен, қатысушылардың жеке тұлға аралық мәселелерін шешуге бағытталған топтық жұмыстардың алуан түрлігі. Онда барлық әрекеттер осы шаққа, жекелік мақсаттарға шоғырланған. Сонымен бірге, топ мүшелері бір-біріне қолдау көрсетуге ұмтылады.

4. «Психотерапевтік топ» ең алдымен мақсаттарымен ерекшеленеді. Өйткені дәрістер психонервоз, нерв жүйесі зақымдану немесе психоз дертіне шалдыққан адамдармен жүргізіледі. Жұмыс сәйкес біліктілікті талап етеді және ұзақ мерзімді және интенсивті ем жүргізуді ұйғарады .

5. «Өзіндік көмек және қолдау тобы» өзінің аталуында (өзіндік көмек, қолдау) анық бейнеленген мақсатымен ерекшеленеді. Осыған байланысты оның жүргізушісі маман емес, осындай топтың тәжірибелі мол мүшесі бола алады. Мұндай топтар қандай да бір мәселені, саяси және т.б. қоса отыра, шешуге нысандалған .

Орыс тіліндегі анықтамалық басылымдардың көпшілігінде тренингтің келесідей алуан түрлері жиі келтіріледі.

1. Коммуникативтік дағдылар мен икемділіктер тренингі;
2. Жеке тұлғалық өсу тренингі;
3. Өзіндік жүйелеу тренингі (мысалы, өзіне деген сенімділік);
4. Оқытушы тренингтер (оқушылардың нақты категориясына арналған: мекеме қызметшілеріне кәсіби маңызды дағдылар тренингі, келіссөздер жүргізу тренингі) және т.с.с.

Әр түрлі өлшемдердің көмегімен тренинг түрлерінің басқа жіктелуін құруға болады. Нақтылап айтқанда жоғарыда келтірілген сызбада мақсат өлшемдерін пайдалана отырып, автор тренингтік топтардың келесідей алуан түрлілігін атап көрсетеді:

- психологиялық мәселелерді шешу топтары;
- психологиялық саулылық және өмір сапасы топтары;
- ӘПТ топтары;
- өзіндік түсінікті дамыту тренингі топтары;
- жеке тұлғалық өсу топтары.

Бүгінгі күнгі кәсіби энциклопедиялардың бір қатарында тренингтің келесідей алуан түрлілігі тізбектелген: өзін-өзі тану

тренингі, сенситивтік тренингі; ассертивтілік тренингі, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастар тренингі; басқару тренингі; әлеуметтік дағдылар тренингі және т.б.

3. Психогимнастикалық жаттығулардың нәтижесінде жалпы топта және оның әрбір мүшесінің жағдайында өзгерістер байқалуы мүмкін. Сондай-ақ талқылау мен сезінуді қажет ететін деректер алуға болады, ол деректерді талқылау мазмұндылық жоспарды ілгерлетуге септігін тигізуі мүмкін. Сонымен, «психогимнастика» жалпы шартты атау екендігін байқалып отыр. Бұл түсінікпен өте кең ауқымдағы жаттығулар топтамасын атайды: жазбаша және ауызша, вербальды және вербальды емес жаттығулар. Психогимнастиканың дәстүрлі бағыттағы блоктары: релаксациялық қызмет; реттеушілік қызмет; жекешелендіру қызмет. Оларды 2-3 адамнан құралатын шағын топтарда немесе топтың барлық мүшелерін қатыстыру арқылы өткізуге болады. Қандайда бір арнайы психикалық мінездемеге, мысалы жадын немесе назарға тікелей бағытталған жаттығулар бола алады.

Мұндай жаттығулар әртүрлі деңгейдегі психикалық бейнелердің бір мәселесін, бір уайымын бірдей сезінуге жетелейді. Мысалы, топ мүшелеріне қандайда бір жағдайды вербальді түрде кезекпен бейнелеп беруді, яғни жазбаша және ауызша, одан кейін суретін салып, содан кейін қимыл-әрекетпен көрсетулерін ұсынуға болады. Нәтижесінде, сезінудің мүмкіндіктері кеңейеді, бір мәселені қабылдаудың жаңа қырлары ашылады. Сондай-ақ, тренинг барысында бір мазмұнда әр түрлі психогимнастикалық жаттығуларды пайдаланғанда, мысалы қозғалмалы сурет салуы мүмкін және т.б., жоғарыда аталған нәтижелер көрініс беруі мүмкін. Оқытуларды жоспарлау кезінде, психогимнастикалық жаттығуларды өткізу барысында бірқатар сәттерді ескеру қажет. Олар жаттығуларды дұрыс тандау, оларды орындау алдында топқа нұсқау беру, дер кезінде тоқтау және нәтижелерді талқылау. Осы мәселелердің әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Негізгі әдістерінен басқа, қосымша әдіс ретінде қолданылатын жұмыс тәсілдерінің тобы бар. Мұндай қосымша (көмекші) әдістерге көптеген мамандар негізінен психогимнастикалық ойындарды жатқызады, олар шартты түрде келесі топтарға бөлінген:

- мақсаты сәйкес эмоциялық жағдай қалыптастыру арқылы қатысушыларды ары қарай жұмысқа мотивациялау мақсатына ие *бой жазушы (бой қыздырушы)*;

- қалыптасқан шиеліністі жағдайды ширату және шаршағандықты тарқату үшін қолданылатын *ширатушы*.

Аталмыш салаға қатысты отандық белгілі мамандардың бірі М.Р.Битянова келесіге назар аударады: «Әлеуметтік-психологиялық тренингті өткізу барысында нақты тақырыптар және топтық динамикасы сияқты жұмыстардан басқа, тағы бір элемент - психогимнастикалық жаттығулар. Қатынас тренингінде олар көп жағдайда бағынышты рөл атқарады. Топты қалыпты қолдау үшін бір тақырыптан екіншісіне ауысу кезеңінде ширату ретінде қолданылады. Әдетте, психогимнастикалар ширату кезінде жиі қолданылады. Алайда, әлеуметтік-психологиялық тренинг оған басымдылық танытпайтындығын тағы да айтып өтеміз. Әрі психогимнастикалық жаттығуларды таңдауда жауапкершілік таныту қажет. Өйткені олардың көбінен төтенше энергияға толы немесе керісінше кейін топ дағдыларды игеруге ауысуына кедергі тудыруы мүмкін өте ауқымды топтық энергия бөлінеді».

Кейде психогимнастиканы - тек жалпы топтың және оның әр мүшесінің жеке жағдайын өзгертуді мақсат еткен жаттығуларды ғана атайды. Бұл орынды екенін мойындай отырып, біз тренингтің мазмұндылық мақсатына сәйкес келетін тәжірибе жинақтауға бағытталған жаттығуларды да «психогимнастикалық» деп атаймыз. Мысалы, топ мүшелері шаршаған кезде және оларға эмоциялық күш қажет болған сәтте дене шынықтыру жаттығуларын жасауға болады (бұл жұмыстың бір түрі). Сондай-ақ, топ мүшелеріне орындарынан қозғалмай, «бір» деген санақ кезінде қандайда бір қимыл-әрекет жасауды ұсынуға болады. Барлығы бірдей қимыл-әрекет жасағанға дейін, әрбір келесі санақта қимыл-әрекеттерді өзгертіп тұру тиіс. Мұндай жаттығулардың нәтижесінде, бір жағынан топтың белсенділігі артады, шаршағандығы тарқайды, көңіл-күйі көтеріледі, ал екінші жағынан – топ мүшелері ортақ шешімге қалай жеткендігі және әрқайсысы қандай жол ұстанғанын талқылау арқылы тәжірибе жинақтауға болады. Талқылаулар кезінде туындаған ойлар әріптестік қатынас, іскерлік келісімдер және т.б. тренингтерде пайдалы болып келеді.

## ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Психодрамалық топ.
2. Трансактілі талдау.

1. Психодрама - рөлдік ойын негізіндегі топтық жұмыс әдісі болып табылады. Бұнда топ мүшелерінің ішкі жан дүниесін зерттеу әдісі ретінде драмалық импровизация қолданылады және клиентке деген маңызды проблемаларымен байланысты сезімдерін шығару үшін жағдайлар жасалады. Психодрама ойын принципіне негізделген.

Драманы коррекциялық әдіс ретінде Якоб Леви Морено (1892- 1947) соғыстан кейінгі жылдары эксперимент нәтижесінде қолдана бастады. Бұл эксперимент «аяқ астылы театр» деген атқа ие болды. Морено Вена паркінде қыдырып жүрген балалардың ойын кезіндегі фантазияларына көңіл бөлгенде, ойын әдістемелерінің терапевтикалық патенциялы жайлы алғаш ойланды. Мореноның ойынша, психодрама әсер ету әдісі ретіндегі ойлары- өзінің театрындағы бір актердің қалыңдығы жайлы проблемаларымен бөліскеннен кейін пайда болды. Топпен жұмыс кезінде Морено сол актерды жеке проблемаларымен қоса сахнаға шығарады. Бұл эксперимент қалыңдығы мен күйеуіне де, сонымен қатар бүкіл топ мүшелеріне де пайдалы болды. Осы сияқты топтық эксперименттерін Морено одан әрі жалғастырды. Морено өзінің әдістемелерін жасауда адамның ойнауға деген табиғи қабілеттерін негізге алды. Ситуацияларды ойнау кезінде аяқ-астылық, креативтілік, ситуацияға қатысушылардың арасындағы жалған эмоционалдық байланыс, катарсис пайда болады, ал бұл өз кезегінде шығармашылық белсенділік пен инсайтты тудырады.

Психодрамада адамға өзінің проблемаларына шоғырланған кейіпкер ролі беріледі. Осылайша, ол психолог бағыттаған импровизацияда өз сезімдерін еркін білдіре алады, ал басқа актерлер оның шын өміріндегі басты персонаждарды ойнайды.

*Психодраманың мақсаты* - адекватты емес жағдайлар мен эмоционалдық реакцияларды диагностикалау және коррекциялау, оларды болдырмаудың алдын алу, өзін-өзі тануды тереңдету. Қайғы- уайымдарды сөздік бейнелеуге негізделген басқа

әдістемелерге қарағанда, *психодрама* клиентке тереңде жатқан эмоцияларын ашық және әрекетті формада шығаруға көмектеседі. Психодрама кезінде түрлі деңгейдегі психологиялық проблемаларды (күнделікті тұрмыстықтан бастап, экзистенциялдыға дейін) шешудің эффективті жолдарын іздеу жүзеге асырылады. Клиент жүргізушінің және топтың көмегімен өзінің өміріндегі маңызды жағдайларды драмалық әрекетпен көрсетеді, оның проблемасына қатысы бар көрсетілімдерде ойнайды. Іс- әрекеттер проблеманы анықтау және нақтылау үшін ықпал ететіндей құрылады. Жаңа рөлдер, альтернативті, аффективті және қылық- әрекеттік стильдер анализделеді, проблеманы шешудің конструктивті моделін іздеу және апробирлеу жүзеге асырылады. Психодраманы құрайтын әрекеттер мен дене қимыл-қозғалыстары вербалсыз қылық-әрекеттер сигналы сияқты, өзін және басқаларды танудың маңызды бастамасын қолдану мүмкіндігін арттырады.

Топтық психодрама жұмысы клиенттің өзі таңдаған тақырыбы бойынша сюжетті-рөлдік ойын формасында жүргізіледі. Психодрамадағы рөлдер туындаған проблемаларды терең түсінуге және шешуге ықпал ететіндей беріледі және орындалады. Психодрама өзінің сезімдерін вербализациялауда қиындықтары бар клиенттерге көмектесуге бағытталған. Психодрамалық ситуацияда клиент бір мезгілде өзінің драмасының басты кейіпкері де, оның шығарушысы да, өзін және өзінің өмірін зерттеуші де болып табылады.

Бұл әдіс ауытқушылық мінез-құлқы бар балалар мен жеткіншектердің адекватты емес эмоционалды реакцияларын жою үшін және әлеуметтік перцепция дағдыларын өңдеу үшін қолданылады. Терапевтикалық драматизацияның әр түрлілігі үшін А. Вольтман *биодрама және қуыршақ драматизациясын* қолданады. Биодраманың ерекшелігі, мұнда балалар арасында аңдар рөлі бөлінеді. Бұл әдістің авторлары балаға, әсіресе мектепке дейінгі балаларға өзінің рөлін алғаннан гөрі, жануарлардың рөлін алған жеңілге түседі деп санайды. Қуыршақ драматизациясы кезінде үлкендер балалардың алдына оның конфликтерін немесе оған деген маңызды ситуацияларды қуыршақ спектаклі арқылы көрсетеді.

Басқа да формасы болуы мүмкін, яғни топ мүшелерінің біреуі театрленген формада өзінің өмірі жайында әңгімелеп береді.

Психодраманы топтық жұмыстардың басқа әдістемелерімен (мысалы топтық дискуссия, психогимнастика) кешенді түрде қолданған тиімдірек болады.

Топтық жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде психодрама эмоционалды бұзылулармен коррекциялық жұмыста, кейбір психосоматикалық ауруларда, балалармен және жеткіншектермен жұмыста, сонымен қатар жанұялық психокоррекция жұмысында кең түрде қолданылады.

Әңгімелеуші таңдалынған жұмыс формасына байланысты қатысушы немесе көрермен бола алады. Психодраманы жүргізудің маңызды шарты - *топтағы жағымды атмосфера, әрекет-қылықтың еркіндігі және импровизация*. Маңызды ситуацияларды қайтадан бастан кешіру арқылы, адам проблеманы, өзінің әсерлену жолдарын, жағдайға деген қатынасын, құндылықтарды, нақты іс-әрекеттерді жаңаша түсінеді. Ол қарым-қатынас құрудың жаңа мүмкіндіктерін аша бастайды.

Психодрамада катарсистік эффектіге басты назар аударылады. Ол ішкі конфликтердің әсерінен пайда болады және психодрамалық әрекет кезінде сыртқа шығады.

Психодраманың элементтері гештальттерапияда, элеуметтік-психологиялық тренингте, іскерлік ойындарда және т.б. кең қолданылады.

*Психодраманың негізгі міндеттері:*

1. Клиенттің өз проблемалары мен конфликтерін шығармашылық тұрғыдан қайта түсіну;
2. Клиенттің өзін-өзі түсінудің терең және адекваттылығына қол жеткізу;
3. Конструктивті емес мінез-құлық әрекеттік стереотиптерді және эмоционалды әсерлену тәсілдерін жеңу;
4. Эмоционалды реакция жасаудың жаңа тәсілдері мен жаңа адекватты әрекет-қылықты қалыптастыру.

Рөлдерді психодрамалық ойнау клиент әрекет-қылығын, оның қатынасын, бағдарын, эмоционалды әсерлену жолдарын өзгертеді. *Бағдарлардың өзгеруіне жағымды әсер ететін факторлар*: клиентке психодрамаға қатысуды және рөлдерді таңдауға мүмкіндік беру, клиентті орындаушылық әрекетке итермелеу, ойынға өзіндік импровизация кіргізуге мүмкіндіктер тудыру.



Психодрама клиенттегі қорғаныс позициясын жеңуге ықпал етеді, эмоционалды қызығушылықты жоғарылатады, өзінің проблемаларын түсінуге, катарсис пен инсайтқа жетуге көмектеседі.

Психодраманың классикалық процедурасы негізгі 5 элементті қамтиды:

1. Протагонист
2. Режиссер (фасилитатор)
3. Көмекші «Мен»
4. Көрермендер
5. Сахна

*Протагонист* - алғашқы ойыншы (гр. «protos»- алғашқы, бірінші және «agon»- күрес, ойын), психодрамалық сахнада өзінің проблемаларын көрсететін басты кейіпкер. Протагонист өз өмірінің образын тудырады. Ол басты персонаж болып табылады және топтың назары оған аударылған. Режиссердің, аудиторияның және арнаулы қойылым тәсілдерінің көмегімен протагонист өзінің актуалды психологиялық шындығын көрсетеді. Ол өз алдына инсайтқа жетуге және реалды өмірін функциялау қабілеттілігін жақсартуға арналған.

*Режиссер* - клиентке өз проблемаларын зерттеуге көмектесетін адам. Ереже бойынша ол психолог болып табылады. Оның қызметі психодрамалық әрекетті, кеңістікті ұйымдастыру, сенімділік атмосферасын тудыру, қатысушыларды аяқ-астылыққа стимулдау, рөлдік ойынға топты және кеңістікті дайындау, проблемаларды ашу, клиенттің қайғыларын шығару, көмекші персонаждарды кіргізу, болып жатқан жағдайды талқылау, анализдеу және интерпретациялауды ұйымдастыру болып табылады. Режиссер топта белгілі бір атмосфераны тудырады, рөлдерді бөледі, сонымен қатар топ мүшелеріне өздерінің ойлары мен сезімдерін драмалық әрекет тіліне аударуға мүмкіндік береді. Жақсы режиссерден икемділік, психодрамаға бүкіл топтың қатысуына қызықтыру қабілеті сияқты қасиеттер талап етіледі.

Психодрамада режиссер аналитик, терапевтің функцияларын атқарады. Қойылымшы рөліндегі режиссер топтағы жұмысты ұйымдастырады. Қойылымшы психодрама актерінің психологиялық көңіл-күй жағдайының барлық вербалды және вербалсыз көріністеріне өте сезімтал болуы керек. Жақсы

қойылымшының басты қасиеттері: жұмысқа деген шығармашылық көзқарастары, икемділігі, психодрамалық әрекетке топ мүшелерінің барлығының көңілін аударып білу қабілеті болып табылады.

Аналитик рөліндегі режиссер психодрамаға қатысушылардың барлығының әрекетін талқылайды, мінез-құлқын, ойларын және сезімдерін интерпретациялайды. Аналитик рөліндегі топ басшысы көрсетілім кезіндегі әр топ мүшесінің әрекет-қылығын интерпретациялайды және талқылайды. Сонымен қатар ол жеке эпизодтарға қатысушылардың жалпы реакцияларын белгілеп, анализдейді.

Терапевт рөліндегі психодрамалық әрекеттің басшысы керекті психокоррекциялық бағытқа бағыттайды. Терапевт рөліндегі психодраманың режиссері қатысушыларға қалаусыз әрекет-қылық формасын өзгертуге көмектесуге тырысады. Қатысушыларға спектакльді өздігімен жүргізуге мүмкіндік бере отырып, терапевт өзіне креслода отыруына рұқсат ете алады немесе топ мүшелерін әрекетке итермелей, жоғарғы деңгейде белсенді бола алады.

*Көмекші «Мен»* - көмекші рөлдерді орындайтын және психолог функциясын күшейтетін клиенттер болып табылады. Көмекші «мендер» протагонистке маңызды адамдарды немесе оның өзіндік «менінің» бөліктерін бейнелей алады.

Көмекші «меннің» негізгі функциялары: протагонисттің ойлаған ойларын жүзеге асыруға қажетті рөлдерді ойнау; басқа персонаждармен қарым-қатынасты протагонисттің қалай қабылдайтынын түсінуге көмектесу; протагонисті проблемалар мен конфликтерді шешуге бағыттау; протагонистке драмалық әрекеттен реалды өмірге ауысуға көмектесу.

Көмекші «мендер» психодрамада келесі міндеттерді шешеді:

- Протагонистке қатысы бар реалды немесе ойлап табылған тұлғаларды бейнелеу;

- Психодраманы жүргізуші мен протагонисттің арасында делдал болып табылады және ол протагонист пен оның ойнына да, сонымен қатар психодраманың жүргізушісі мен оның ұсыныстарына да зейінін тұрақтатуы тиіс;

- Әлеуметтік-терапевтикалық функцияны атқарады. Протагонистке өзінің адамаралық қатынастарын бейнелеуге және

зерттеуге, сонымен қатар өзінің өмірлік серіктерімен диалог жүргізуге көмектеседі.

Көмекші «мен» протагонистің өмірінде ерекше орын алған адамдарды бейнелейді. Психодрамада бұл персонаждарды топ мүшелері бейнелейді. Бұл билігі бар ана рөлі, қатал әке, әділетсіз басшы, қайырымды дос және т.б. рөлдері болуы мүмкін. Көмекші «мен» рөліндегі жақсы орындаушы осы рөлге тез кіре алуы және нақты орындауы керек. Ол рөлді реалды жағдайдағыдай емес, протагонист көрсеткендей немесе интуициясына қарай ойнауы керек.

Кейбір топтарда арнайы дайындықтан өткен және кез - келген образға оңай кіре алатын кәсіби көмекші «мендер» алынады.

Сонымен, көмекші «мендер»- жоқ адамдарды клиенттің ішкі дүниесіндегідей етіп бейнелейтін топ мүшесі болып табылады. Әдетте клиент- протагонист көмекші «менді» өзі таңдайды. Олар не басқа клиенттер немесе режиссер, немесе көрермендер болуы мүмкін.

*Көрермендер* ретінде психодрамалық әрекетке тікелей қатысы жоқ, бірақ соңынан ситуацияны талқылайтын топ мүшелері болып табылады. Жаттығудың қорытынды этапында олар болған жағдайға эмоционалды қатынасын демонстрациялайды, психодрамаға айналған, оларды алаңдататын проблемалары мен конфликтерін әңгімелейді.

Көрермендердің міндеті бір жағынан протагонистке көмектесу болса, екінші жағынан өз-өздеріне көмектесу, яғни сахнада болған нәрсеге уайымдау кезінде өзіне қатысты конфликтері мен мотивтерде инсайтқа жетеді.

*Сахна* - бұл іс- әрекет жүзеге асатын кеңістіктегі орын. Психодраманы көбінесе арнайы ұйымдастырылған театрларда немесе ойынға ыңғайландырылған кабинеттерде жүргізеді.

Психодрамалық сахнаның классикалық формасы Нью-Йорк Штаты, Бекондағы Моренолық терапевтік театрдағы сахна болып табылады. Оның үш ярусты конструкциясы бар және жартылай шеңберлі балконы бар. Бірінші яруста протагонист пен психодрама жүргізушісі топтан тыс жағдайда болады, психодраманың кеңістігіне түседі. Екінші яруста олар бірінің артында бірі отырады және бұнда кіріспе әңгіме жүзеге асады. Үшінші яруста сахнада айналған жағдай эмоционалды

уайымдалуы мүмкін. Психодрамалық әрекеттің өзі үшінші яруста, диаметрі 4 метр болатын дөңгелек платформада өтеді. Балкон түрлі кеңістіктік тәжірибелерді, мысалы, ұшу немесе құлау, көтерілу немесе түсу және т.б. нақтылау үшін қолданылады.

Егер бұндай сахна болмаған жағдайда, оның орнына кез-келген топ шеңберіндегі кеңістік қолданылуы мүмкін. Ол кең болуы керек, яғни протагонист және антагонистке психодрамалық әрекетке ыңғайлы болуы керек. Ал бөлменің өзі дұрыс пропорцияға ие болуы керек. Өте тар бөлмелер қатысушылардың қозғалыс еріктерін шектейді, өте кең- топтық сезімге кері әсер етеді.

2. *Эрик Леннард Берн* (ағылш. Eric Lennard Berne, нағыз есімі: Леонард Бернстайн, 10 мамыр 1910, Монреаль, Канада - 15 маусым 1970) - американдық психолог және психиатр. Ол трансактілі талдау мен сценарийлік талдау теориясының негізін қалаушы ретінде танымал. Эрик Берн психоанализ идеясы, жүйке және психика ауруларын емдеу әдісі мен теорияларын дамытуда тұлғааралық қарым-қатынас негізінде «трансактілерге» бөлді (ағылш. trans- сүйеулер, бірінші нәрсенің екінші бір нәрсеге деген әрекеті және ағылш. action - «әрекет»). Трансактілердің кейбір түрлерінің жасырын мақсаты болады, ол оларды ойындар деп атайды. Берн үш эго-күйді қарастырады: Ересек, Ата-ана және Бала (фрейдтік емес Мен, Жоғарғы-Мен және Ол). Э.Бернның пікірінше, адам қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түскенде осы күйлердің бірінде болады.

*Эрик Берн* Монреалда, Ресейден шыққан доктор Давид Гиллеля Бернстайн мен әдебиетші Сара Гордонның отбасында дүниеге келген, қаланың кедей еврейлері тұратын ауданында тұрған. Оның әкесі дәрігер терапевтікпен айналысқанда, ауруларды тексергенде көбіне ұлын өзімен алып жүретін болған. Анасы Берн кәсіпқой жазушы, әрі редактор болған. 1921 жылы күйеуі қайтыс болғаннан кейін, Берн мен әпкесі әдеби шығармашылықпен айналысып, балаларына материалдық жағынан көмектескен. Оливер Джеймстің айтуы бойынша, Бернге әкесінің өлімі қатты әсер еткен. Әрине, әрқашан ауруларды емдейтін, әкесінің өзін емдей алмауы қатты әсер етті. Бұл жайлы оның алғаш шыққан «Трансактілі талдау» еңбегінің басында былай делінген: «Медицина докторы, хирургия шебері, кедейлердің жанашыр

дәрігері, әкем Дэвидке арналады деп, - жазған болатын. Берн Монреалдағы Мак Гилль университетінде ағылшын тілі, психология және медицина бойынша дайындық курстарын оқыған болатын. Ол 1931 жылы гуманитарлық ғылым саласында бакалавр дәрежесін алды. 1935 жылы сол университетте медицина докторы және хирургия магистратурасы дәрежелеріне ие болды. АҚШ-қа аттанып, сол елдің азаматтығын алады.

*Трансактілі талдау* Берн теориясындағы тұлға Эго-ның сананың арнайы қалыптарында және жүріс-тұрыс үлгілерінде көрінетін ерекше қалыптардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Автор Эго-қалыптың үш негізгі түрін көрсетеді: «Ата-ана» - балалық шақта маңызды авторитеттерге немесе өз ата-анасына еліктеу қалпы. «Ата-ана» нормалар мен ережелерді білуін қамтамасыз етеді. Негізінде – бұл тұлғаның моральдық аймағын белсендіру. «Бала»-ерте балалық әсерленулермен және алаңдаушылықтармен байланысқан аффективті комплекстері бар тұлғаның бөлігі. Бұл қалыптың екі формасы бар: интуицияның, шығармашылықтың, қуаныштың қайнар көзі болатын табиғи «Бала» және «Ата-анасының» ықпалына байланысты өз жүріс-тұрысын ауыстыратын бейімделген тәуелді «Бала». Негізінде – бұл қалыпты тұлғаның эмотивті аймағын белсендіру. «Ересек»-қоршаған әлеммен эффективті әрекеттесу үшін ықтимал болатын бағасының және ақпараттың өңделуі жүретін қалпы. «Ересек» «Ата-ана» мен «Баланың» әрекеттерін байқайды. Негізінде – бұл тұлғаның рационалды аймағын белсендендіру. Трансактілі талдауды қолдана отырып, адамдар эмоция, интеллект, инсайтқа жетеді. Бұл процесс оптимисттілікке әкелді, яғни адам мынаған келеді. «Иә, дәл солай және бәріне де болады».

Берн теориясы жүріс-тұрыс өзгешеліктерін бақылауда қалыптасты. Оның негізгі назары – стимулдар болды (сөз, әрекет, дыбыс). Бұл өзгерістер – адамның бетінде, дауыс ырғағында, сөз құрылымында, мимикасында, өзін-өзі ұстауында көрініс береді.

Доктор Берн бойынша, кейбір трансакциялар жасырын мотивтерге ие және тұлға оларды психикалық ойындарда манипуляция тәсілі ретінде қолданады. Оның тағы бір айқындығы, адамдар өздерін театрда көрініс оқығандай көрсетеді. Бұл анықтамалар Бернның керемет теориясының дамуына әкелді. Ол теория трансактілі талдау деп аталады. Э.Берннің айтуынша, трансакционды талдаудың маңыздылығы: «ашық және ортақ өзара әрекетте эмоционалды және

интеллектуалды тұлға өз компоненттерімен эмоция және интеллектісін қолдануда қабілетті».

Трансакция – қарсылық бірлігі. Адамдар бір топта бола отырып, бір-бірін көндіреді немесе басқа жолмен өздерінің бар екендігін, хабардар екендігін көрсетеді. Бұл трансакционды стимул деп аталады. Трансакционды стимулға адам жауап береді. Бұл трансакционды реакция деп аталады. Трансакция кезектілік бойынша жүреді. Ол тұлғаның ерекшеліктерімен, шынайы жағдайымен жоспарланады. Қоғамдық іс-әрекеттің қарапайым формасы – процедура, ритуалдар болып табылады.

Процедура – қарапайым қосымша үлкен трансакциялар сериясы. Ол іс-әрекет пен әсерге бағытталған. Бұл анализ рамында ритуал болып аталады. Қосымша қарапайым трансакцияның стереотипі сериясы сыртқы әлеуметтік факторлармен берілген. Бейресми ритуал қатармен ерекшеленеді, ал ресми ритуалдар аз бостандығымен сипатталады. Процедура және ритуалда стереотипті, бірақ процедура үлкендермен, ритуал ата-анадан келген тізбек бойынша жүреді. Алғашқыда трансактілі талдау психотерапиялық әдіс ретінде дамыды. Трансактілі талдау белгілі бір топтарда қолданылады. Топта адамдар өзін сезіне алатын тұлға құрылымын қарастырады. Трансактілі талдау тек психотерапияда қолданылып қана қоймай, адамға жүріс-тұрыс мүмкіндіктерін толғандыру шақырады. Мұны көп адамдар түсінеді және қолданады.

Трансактілі талдау – бұл рационалды әдіс. Ол жүріс-тұрысты аяқтауға негізделген. Ол бойынша әр адам өзіне сүйенуге үйренеді, өзі үшін ойланады және шешім қабылдап, өз сезімдерін ашық білдіреді. Оның принциптері жұмыста, үйде және көршілерімен қарым-қатынаста қолданылады.

## **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТАНУ**

1. Психологиялық сауаттану туралы түсінік.
2. Психологиялық сауаттану әдістері.

1. Қазіргі кезде жасына әлеуметтік жағдайына, білім деңгейіне, мамандығына қарамай- ақ адамдардың психология ғылымына назар аударуы қызығушылық танытуы айқын аңғарылады. Әрі психологиялық білімнің осы заман

адамдарының әрқайсысы күнделікті өмірі мен іс-әрекетінде шешуші орын алатыны көпшілікке мәлім.

Жалпы психология адам өміріндегі көкейкесті психологиялық мәселелерді шешуге бағытталады. Сондықтан тек психология ғана адам баласының тұлға, маман ретінде психологиялық сауаттануын қамтамасыз етіп, оның психологиялық құзыреттілікке жетуіне, психологиялық мәдениетті игеруіне ықпал етеді.

Қазіргі кезде жасына әлеуметтік жағдайына, білім деңгейіне, мамандығына қарамай-ақ адамдардың психология ғылымына назар аударуы қызығушылық танытуы айқын аңғарылады. Әрі психологиялық білімнің осы заман адамдарының әрқайсысы күнделікті өмірі мен іс-әрекетінде шешуші орын алатыны көпшілікке мәлім. Әсіресе жастар мен жалпы кез-келген тұлғаға іс-әрекет пен қарым-қатынасты субъект ретінде жетілдіру үшін психологиялық даярлықты жоғары дәрежеде тануы тиіс.

Психология адам өміріндегі көкейкесті психологиялық мәселелерді шешуге бағытталады. Психология ғылымының теориясы мен тәжірбиесіндегі озық жетістіктерді қолдану арқылы адам баласы өз өмірінің сценаристі, режиссері және актері ретінде дамуын оның зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің мүмкіндігі артады. Алайда, қазіргі жаһандану заманындағы қоғамдағы адамдардың жан күйзелісін басу үшін ғылыми-әдіснамалық негіз жоқ, түрлі бақсы-балгерлік әдіс-тәсілдердің ықпалынан оңалмас зиян шегу жайттары да аз кездеспейді. Сондықтан психология ғана адам баласының тұлға, маман ретінде психологиялық сауаттануын қамтамасыз етіп, оның психологиялық құзіреттілікке жетуіне, психологиялық мәдениетті игеруіне ықпал етеді.

Психологиялық сауаттану практик-психолог қызметіндегі толық деңгейде өңделмеген қызмет түрі болып саналады. Психологиялық сауаттану қызметі-психолог маманның арнайы психологиялық білімді тарату түрінде жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің бір түрі болып табылады. Қазіргі таңда практик-психолог қызметіндегі орны мен мазмұны жөнінде екі түрлі көзқарас қалыптасқан: кейбір авторлар психологиялық сауаттануды жеке дара қызмет түрі деп қарастырса (Мысалы, И. В.Дубровина, 2000), ал автор Л.Ф.Чупров (2003) психологиялық сауаттануды психопрофилактикалық қызметтің бір саласы

ретінде қарастырады. Психологиялық сауаттану - практик-психологтың профилактикалық қызметінің бір саласы, ол қоғам адамдарының (мұғалімдер, тәрбиешілер, мектеп оқушылары, ата-аналар) психологиялық көмек көрсетуге оң көзқарасын қалыптастырып, психологиялық білім аймағында дүниетанымын кеңейту болып табылады.

Психологиялық сауаттану қызметінің төрт негізгі міндеттері бар:

1) Психология ғылымы және практикалық психология жөніндегі танымы мен ғылыми көзқарасын қалыптастыру;

2) Жергілікті тұрғындарды психологиялық білім бойынша негізгі мәселелер туралы хабардар ету;

3) Тұлғаның өзіндік дамуы және өскелең ұрпақтың әлеуметтенуі мәселелерінде психологиялық білімді қолдану мен тұрақты қажеттілікті қалыптастыру;

4) Әлеуметтік жағдаятта субъектінің психологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Психологиялық сауаттанудың негізгі формалары әртүрлі: жеке (әңгіме), топтық (тақырыптық сабақытар, ата-аналар жиналысы), эстрадалық қойылым (рецепиенттің қатысуымен), көпшілік алдында сөйлеу (дәріс, үлкен аудитория алдында хабарлама беру) және т.б.

Психологиялық ағартудың негізгі құралдарына:

1. вербалды (әңгіме, дәріс, тақырыптық КТК, радиодан сөйлеу, телехабарларда сөз сөйлеу), әдеби жанрлар (басылым және электронды БАҚ);

2. көрнекі (плакат, буклет), интерактивті құралдар мен интернет арқылы.

Психологиялық сауаттанудың қызметіндегі психолог-маманның негізгі позициялары әртүрлі болады. БАҚ сөйлеу барысында психолог екі позицияның біреуін таңдайды. Бірінші-бұл позиция бойынша психолог ақпарат таратады, кеңес береді, бірақ оның нәтижесіне ешқандай жауап бермейді. Екінші позицияда - психолог эксперт ретінде айтқан әрбір сөзіне жауапты болып табылады.

2. БАҚ арқылы таратылатын психологиялық ағарту қызметінің әдістерін Л.Ф.Чупров өз тәжірибесін негізге ала отырып төмендегі әдіс түрлерін анықтады:

1. Күнделікті басылымдар;



2. Пікір;
3. Оқырмандардың хаттарына жауап;
4. Мәселе бойынша сөйлеу;
5. Арнайы біріктірілген басылым;
6. Психологиялық қызмет туралы хабар;
8. Жарнама, шағын ақпарат және хабарлама.

БАҚ мамандарымен өзараәрекет арқылы жүргізілетін жұмыстың келесідей нұсқалары белгілі-интервью, оқырмандардың хаттарына жауап, өзбеттілік мақала болып табылады. Жоғарыда атап өткен таратылу түрлеріне жекелей тоқталамыз.

*Күнделікті басылым.* Егер БАҚ арқылы мүмкіндігіне орай психолог газетте, радиода, теледидарда жеке хабарын жүргізе алады. Ол мысалы «танымал психология», «психолог кеңесі» деген сияқты басылым мен хабарлар таратады. Осы секілді күнделікті басылымдарда ата-аналарға балаларға және олардың психологиялық қауіпсіздігіне арналған материалдарды жариялауға болады.

*Пікір.* Психологиялық сауаттанудың бұл түрі қазіргі кезеңде БҰҚ ішінде көп таралған болып есептеледі. Журналистер белгілі бір сұрақ бойынша тұрғын халықтың пікірін әржақты және объективті көзқарастарын білу үшін кішігірім экспрес-сауалнама жүргізеді. Бұл сауалнаманың негізі сұрақтарына практикалық психологияның негізгі мәселелерін жатқызуға болады.

*БАҚ-мен серіктестікте оқырмандардың хаттарына жауап беру арқылы психологтың қызметі көпшілік арасында жақсы нәтиже береді.*

*В. И.Костив (1987)* «редакцияға хат» арқылы оқырман хаттарын талдай отырып, оны ғылыми зерттеудің әдістемесі ретінде қолданды. Газет, радио, телехабарларға адамдар ішкі сырымен бөлісуге, ақыл-кеңес алуға және оның қабылдаған шешімінің дұрыстығына қол жеткізу үшін хабарласады. Бұл түрдегі кеңестің бір қиындығы ол оқырмандар үшін ашық түрде болғанымен, психолог көмек сұрап отырған тұлғамен тікелей байланыс орната алмауында.

*Мәселе бойынша сөйлеу.* Психологиялық ағарту жұмысының бұл түрі әртүрлі тақырыпта болуы мүмкін. Егер мәселе болса болды, психолог маман оған қалай жауап беруді біледі.

*Арнайы біріктірілген басылым.* Туындаған жағдаяттағы мәселеге қатысты арнайы материал дайындап көпшілік алдында сөйлеу. Алдағы күтілетін келеңсіз жағдайдың алды-алу мақсатында да сөз сөйлейге болады.

*Психологиялық қызмет туралы хабар.* Кез-келген маманның қызмет жүйесі заман талабына сай дамып отырады. Психолог маман телехабарлар арқылы өткен кезеңдегі психологиялық қызметпен, қазіргі кезеңдегі практикалық психологияның қоғам үшін маңызы туралы ақпарат береді. Бұл бағыт екі түрлі қызмет атқарады: а) хроникалық, ә) жасырын жарнама түрінде. Екі қызмет түрі де тұтас алғанда өте қажет болып табылады.

*Жарнама, шағын ақпарат және хабарлама.* Қазіргі таңда жергілікті халыққа әртүрлі көмек түрінде қызмет көрсететін көптеген қызмет түрлері, тікелей және жанамалы жарнама арқылы өздерін таныта алады. Мысалы білім беру ұйымдарының бірі (бала-бақша, мектеп, лицей) немесе оңалту мекемесі газет бетіне өз ұйымы туралы мәлімет бере отырып, сол мекемеде психолог маманның қызметтететіндігін жазады. Кей жағдайда жеке жарнама түрлерін пайдаланып психолог өз көзқарасын да білдіруге болады. Психологиялық сауаттану қызметі арқылы қоғам дамуына сай тұлғалардың өз мәселелерін психологиялық тұрғыдан шеше білуді насихаттау жүзеге асырылады.

## **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА**

1. Психологиялық диагностика туралы жалпы түсінік.
2. Психологиялық диагностика принциптері.
3. Психологиялық диагностика тарихына шолу.

1. Психодиагностика (психо... және *diagnostikos* - айырып тануға қабілетті) - адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аймағы.

Психологиялық диагностика термині алғаш рет ХХ ғасырдың 20-жылдарында пайда болып, алғашқыда медициналық ғылымда

(психиатрияда - Г.Роршах 1921жылы енгізген). Содан кейін индивидтің немесе кіші топтың психологиялық күйін анықтауды сипаттайтын психологиялық түсінік ретінде қолданыла бастады.

Танымал сөздікте: «Психодиагностика – тұлғаға бағалауды жүргізудің ғылыми негізі мен практикасы немесе клиникалық психологияның құралдары арқылы психикалық ауытқушылықтарды зерттеу» деп түсіндіріледі. Психодиагностика түсінігін бір жақты қарауға болмайды. Оның мынадай өзіндік ерекшеліктері бар.

1) Психодиагностика түсінігі арнайы психологияның білім аймағына ене отырып, практикада психодиагностикалық әр түрлі құралдарды қолданып отырады, әрі бірнеше сұрақтарға жауап береді.

2) Психодиагностикалық зерттеулер психолог қызметінің іс-әрекетінен көрінеді. Бұл психологтың күнделікті практикалық жағдайынан байқалады, яғни психолог өзінің іс-әрекетінде психодиагностика қызметін ұйымдастырады. Психодиагностика жұмысын жасау үшін психолог ең алдымен алдын-ала кәсіби дайындықта болуы қажет. Біртіндеп психодиагностика әдістерін меңгере отырып жұмыстананатын болады. Ең алдымен психолог ғылыми негізде және практикалық түрде психодиагностика негіздерін жақсы меңгеру қажет. Бұл психолог қызметінің сапалы, әрі мазмұнды болуына өз көмегін тигізеді. Психодиагностиканың өзі жалпы психологияның аймағына ене отырып, бірнеше ғылым салаларымен тығыз байланысты болып келеді.

Психодиагностика психология саласында екі мағынада қолданылады. Оның бірі психологиялық білімді зерттеудің жұмыстарын орындаса, екіншісі психикалық білімді практика жүзінде қолданады.

Психологиялық диагностика саласына үлес қосқандардың бірі Б.Г.Ананьевтің анықтауынша, «психодиагностика - тұлғаның психофизиологиялық қызметтерінің, процестерінің, күйлері мен қасиеттерінің даму деңгейін анықтайды, күрделі мінез-құлықты құрайтын құрылымдық ерекшеліктерді зерттейді және күрделі ситуациялар әсер еткен кездегі адамның күйін бейнелейді, адамзаттың даму әлеуетін айқындайды».

Мәселен ресейлік монографиялардың бірінде психологиялық диагностикаға келесідей анықтама беріледі: «психодиагностика дегеніміз - адамдарды психологиялық және психофизиологиялық

белгілері бойынша классификациялау әдістері туралы пән» (Гуревич, 1981).

Е.А.Климовтың пайымдауынша, психодиагностика дегеніміз - адамдармен жұмыс жасау кезінде тез психологиялық ақпаратты алуды қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер туралы ғылым.

А.А.Бодалев және В.В.Столин психодиагностика бойынша мынадай мәлімет береді: «психодиагностика дегеніміз – психологиялық диагноз қоюдың практикасы мен ғылымы».

А.Г.Шмелевтің «Психодиагностика негіздері» атты еңбегінде психодиагностика пәні туралы келесідей анықтама берген: адамның жеке-психологиялық ерекшеліктерін танудың әртүрлі әдістерін пайдалану және өңдеу туралы ғылым.

Психодиагностика – бұл психологиялық ғылымдардың бір саласы, тұлғаның жекелей психологиялық ерекшеліктерін өлшеу мен бағалау, құралдарын, принциптерін және теориясын өңдеумен айналысады. Психодиагностиканың теориялық пән ретінде қарастыратын негізгі міндеті ғылыми негізделген психодиагностикалық әдістерді өңдеу және теориялық тұжырымдамалар мен болжамдарды тексеру болып табылады.

Практикалық психолог әдетте жаңа психодиагностикалық әдістемелерді құрумен айналыспайды. Ол зерттеушілермен құрастырылған әдістемелерді қолданушылар болып табылады. Практикалық психолог психодиагностика көмегімен келесідей негізгі міндеттерді шешеді:

1. Адамның қандай да болмасын психологиялық қасиетін немесе мінез - құлық ерекшеліктерін қолма-қол белгілеу.

2. Аталған қасиеттің даму деңгейін оның белгілі бір сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау.

3. Қажет болған жағдайда адамның психологиялық және мінез-құлық ерекшелігінің диагностикалық жағдайын сипаттау.

4. Әртүрлі адаманың қасиеттінің даму деңгейін зерттей отырып салыстыру.

2. Психолог өз қызметінде психодиагностиканың келесідей принциптерін басшылыққа алады.

1. Құпияны сақтау принципі, яғни психодиагностиканың нәтижесін таратпау. Бұл принцип әсіресе кәмелеттік жасқа жетпеген адаммен байланысты болып келеді. Егер де кәмелеттік жасқа жетпеген балалар немесе жоғары сынып оқушылары болатын болса, бұл балалармен жүргізілетін психодиагностика

нәтижесі ата-анасына немесе асыраушы адамдарына айтылады. Мұнда рухани-моральдық жауапкершілік ескеріледі. Психодиагностиканы жүргізуде зерттеушінің аты-жөні дәл нақты көрсетілмейді.

2. Ғылыми негізділік принципі – бұл принцип нақты ғылыми негізділікті, үміт пен сенімділікті талап етеді.

3. Қорытындының объективті принципі – бұл тест қорытындысының ғылыми негізде болуын қалайды. Әрбір жүргізілген зерттеудің нақты және сенімді қорытындысы болуы шарт.

4. Зияндылық тигізбеу принципі, психодиагностика қорытындысы адамның жеке тұлғасына ешқандай зияндылық тигізбеуі тиіс.

5. Ұсынылған нұсқаудың тиімділік принципі – әрбір адамға немесе топқа берілген психодиагностика нұсқауы пайдалы болуы тиіс, әрі түсінікті болуы шарт.

Бұл аталған принциптердің барлығы психодиагностика нәтижесін зерттеуде басшылыққа алынуы тиіс.

3. Психодиагностиканың ең алғаш дүниеге келген жері – Греция. XVIII ғасырдан бастап психикалық мәселелерді зерттеу барысында көптеген ғалымдар жұмыс жасады. XVIII ғасырда дүниеге танымды жақтаған кейбір буржуазиялық көзқарастар насихатталды. Психодиагностика психология саласы ретінде XX ғасырда дами бастады. Психодиагностиканың көзі эксперименталды психологиядан қалыптасты. Психологиялық диагностиканың сандық әдістері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүзеге аса бастады. 1879 жылы В. Вундтың жетекшілігімен әлемде ең алғаш рет экспериментальді лабораторияның ашылды. Мұнда психодиагностикалау мақсаттары үшін әр түрлі құралдар мен жабдықтар қолданыла бастады. Вунд лабораториясының үлгісімен экспериментальді лабораториялар мен кабинеттер тек Германияда ғана емес, Франция, Голландия, Англия, Швеция, Америка елдерінде ашыла бастады.

Осы кезеңде психологиялық құбылыстардың сандық психодиагностикасы үшін арнайы амалдар құрыла бастады. Мысалы, талдау факторы – алғаш рет жеке тұлғаның кескін психодиагностикасы үшін және интеллектуалды даму деңгейі үшін қолданылады. Алғаш рет арнайы психометриялық мекеме Англияда Гальтонның көмегімен құрылды. Осы психометриялық

эксперимент шамамен 10000 адамға жасалды. Психология тарихында Гальтон психологиялық әдістемелердің өңделуінде статистикалық әдісті қолдануды ұсынды. Сонымен қатар Пирсонның дисперсиялық талдауы, Спирменнің интеллектіні шынайы түрде өлшеуге бағытталған әдістемелері өміршеңдігін дәлелдей бастады.

Эббингауз психология ғылымының тарихында алғаш рет тәжірибе жүргізуде сандық талдау қорытындыларының өзіндік психикалық объективтік заңдылықтарын ашты.

Психодиагностика тарихындағы тесттің дамуына ерекше үлес қосқан американдық психолог Джеймс Кеттелдің «ақыл–ой тесті» атты еңбегі болды. Дж.Кеттелдің америка университеттерінде әлі күнге дейін оқу орындарына түсушілердің интеллект деңгейін тексеру дәстүрі (1861) кеңінен қолданылуда. Соңынан интеллект кешенді тестілерінің көмегімен тұлғаны тұтас қарау басталды. Бұл тұрғыдан А.Бине ақыл-ой дамуының тестісін ойлап тапты (1905), сондай-ақ Г.И.Россолимо (1910) «психологиялық профильдерді» жасады. Соңынан Э.Торндайк және оның шәкірттері (1904) жетістіктер тестілерін құрды.

В.Штерн қолданбалы психологияда психодиагностика мен психотехника арасындағы айырмашылықты айырып көрсеткен. Қолданбалы психологияның құрамды бөліктері ретіндегі психодиагностика мен психотехника араларын ажырата отырып, ол бір жағынан психология саласындағы диагностикалық мәселелердің арнайылығын көрсетсе, екінші жағынан диагностика мен тұлға дамуының ажырамас бірлігін нақтылады.

Ресейдегі ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы психология ғылымында диагностиканың дамуына тоқталсақ, В.М. Бехтерев атындағы Ленинград психоневрологиялық институтының арнаулы және жеке психодиагностикалық еңбектерді шығаруы, шетелдік диагностикалық оқу құралдарының орыс тіліне аударылуы, психодиагностикалық мәселелерді қарастыруы негізгі бастама болды. Әсіресе 70-80-ші жылдары диагностикаға ерекше мән берілген, қарқынды дамыған кезеңі деуге болады.

## **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

1. Психодиагностиканың қолданылу салалары.
2. Психологиялық диагностиканың өлшем бірліктері.

3. Психологиялық диагностика жүргізуші психологтың этикалық нормалары.

4. Психологқа қойылатын жеке тұлғалық және кәсіби талаптар.

1. Психодиагностиканың көп жылғы дамуында психологиялық әдістемелерді қолданудың өзіндік сфералары пайда болды және бұлар жалпы психодиагностиканың басқа да салаларының пайда болуына әкелді. Жеке-психологиялық ерекшеліктер туралы ғылымның қалыптасу кезеңінде интеллект пен тұлғаны зерттеу әдістемелеріне қызығушылық туындап отырған кезде білім беру психодиагностикасы мен клиникалық психодиагностика атты салалары бөлініп шықты. Білім беру психодиагностикасында әртүрлі психологиялық әдістемелер кең қолданылып, психометриялық талаптарға жауап беретін тесттер тұлғаның қабілеттері мен қасиеттерін бағалап қана қоймай, оқу материалын игерудің тиімділігін өлшеу үшін (үлгерім тесттері) де қолданылады. Клиникалық психодиагностика – науқастың психикалық және соматикалық ауруларының пайда болуы мен жүру барысына әсер ететін жеке-психологиялық ерекшеліктерді (тұлғаның құрылымдық-динамикалық ерекшеліктері, ауруына деген қарым-қатынасы, психологиялық қорғаныс механизмдері, т.б.) зерттеуге бағытталады. Клиникалық және білім беру психодиагностика салаларында да кең зерттеулер жүргізілген. Бұл аталған салалардан басқа кәсіби психодиагностиканы бөліп көрсетуге болады, диагностикалық әдістемелерді пайдалану арқылы кәсіби бағдар мен кәсіби таңдау жұмыстарын жүргізуге болады. Бұл салалар жалпы психодиагностиканың принциптеріне бағына отырып, оның дамуына үлкен әсер етеді.

Психодиагностикамен тығыз байланысты психология салалары:

1. Жалпы психология
2. Салыстырмалы психология
3. Даму психологиясы
4. Психология бойынша практикум

Психологиялық диагностиканың негізгі қарастыратын мәселелері адамның психологиялық жағдайын және тұлғаның өзіндік ерекшелігін анықтау болып табылады. Оларға біріншіден ақыл-ой дағдыларын анықтау, екіншіден танымдық іс-әрекеттің

ерекшелігін анықтау, үшіншіден ішкі жағдайлардың мазмұнын анықтау, төртіншіден жеке тұлғаның ерекшелігін анықтау болып табылады.

Практикалық психодиагностикада психодиагностикалық жұмыстың нәтижесін практикада қолданудың бірнеше салаларын көрсетуге болады:

1. Психодиагностика оқыту және тәрбиелеу үрдісін белсендендіру үшін қолданылады. Психодиагностика көмегімен білім беру және тәрбиелеу мекемелерінің жұмысшыларының алдында тұрған міндеттер шешіледі. Бұл баланың мектепте оқуға даярлығы, оқу үлгермеушілігінің себебін анықтау, кәсіптік бағдар беру.

2. Диагностикалық жұмыс кәсіби іріктеу, кәсіби бағыт беру, кәсіби білім беру мамандарының іс-әрекетінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, ол арнайы кәсіби кеңес беру, білім беру мекемелерінде жүргізіледі. Бұл жұмыс әркімге өзіне лайықты мамандық таңдауға, кәсіби білім және іскерлікті нәтижелі меңгерудің жолын табуға, кәсіби шеберлік деңгейін жоғарлатуға бағытталған.

3. Диагностикалық жұмыс нәтижесі клиникалық кеңес беру және психотерапиялық жұмыста қолданылады. Бұл жағдайда психодиагностиканың негізгі міндеті клиенттің нақты проблемасының себебін анықтау және оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін таңдау.

4. Психодиагностика сот практикасында соттық-психологиялық экспертиза жүргізу үшін қолданылады. Туындаған мәселеге байланысты психодиагност зерттеу нәтижесі бойынша психологиялық қорытынды шығарады.

2. Психологиялық диагностиканың өлшем бірліктері келесідей:

1. Валидтілікті тексеру жолдары;

2. Диагностикалық конструктордың теориялық талдауы, тестен өтетін психикалық қасиеттің тұжырымдамасын жасау. Өзара байланысқан диагностикалық конструктордың жүйелерін табу. Онда жаңа диагностикалық конструктор белгілі бір құрылымдық-функционалды байланыстармен, қатынастармен сипатталады. Конструктивті валидтілікті тексеру арқылы корреляциялық эксперимент нәтижелерін болжау. Әртүрлі мінез-құлық жағдайында көрінетін конструктордың шамаларын тіркейтін



біржақты көрсеткіштер-эмпирикалық индикаторлар жүйесін жасайтын теориялық констуктың құрамдас бөлігін табу;

3. Тест пунктерін құрастыру;

4. Әдістеменің тиімділігін-валидтілікті тексеру үшін релевантты әлеуметтік прагматикалық критерийді жасау;

5. Критерийі мен көрсеткіштері: жақындығы бар психологиялық тест нәтижелері белгілі арнайы таңдалған сыналушыларға корреляциялық зерттеуді өткізу және жоспарлау. Қажет жағдайда тестің констуктивті валидтылығын тексеру мүмкіндігін алу мақсатымен қосымша тест жүргізу. Эмпирикалық индикаторлардың валидтылығын бағалау;

6. Нәтижелердің дұрыстығын зерттеу, эмпирикалық индикаторлардың дұрыстығын бағалау;

7. Валидтілік пен дұрыстық критерийлеріне қанағаттанбаушылық туындаса, онда ол пункттерді алып тастау. Валидты пункттерден тұратын қысқарған шкалалар үшін сенімділікті өлшеу. Егерде сенімділік төмен болса, онда 1 сатыға қайта оралады теориялық түсінікті нақтылайды.

3. Басты психодиагностиканың әдептері келесідей:

- Диагностикадағы әдістемені қатысатын адамның біліктілігі;
- Диагностикалық әдістеменің жариялылығы;
- Сауалнамаға қатысатын адамның құпиясын сақтау;
- Нәтижесін айту.

Психолог басшылыққа алатын әдеп принциптері:

- Зерттеліп отырған адамды қабылдау принципі;
- Жауапкершілік принципі;
- Құзыреттілік принципі;
- Конфиденциалдылық (құпиялылық) принципі.

Диагностикалық әдістер және тесттер тек білімі бар адамға сенімділігін арта алады. Кодексте көрсетілгендей, психолог өзінің біліміне тәжірбиесіне лайық әдістерді қолданады. Барлық тесттер «Стандарты для психологических и образовательных тестов» кітабындағы талаптарына жауап беріп, ал психологтың іс-әрекеті «әдеп стандартына» және іс-әрекет кодексіне жүгіну керек. Әр тест тұтынушысы тест таңдауда және талдауға мән беру қажет. Диагностикалық құрал-жабдықтар қолданғысы келген кез-келген адамға қол жетімді болмау қажет. Тестті кәсіби құзыреті жететін адамдарға тек солар пайдалану қажет.

Ең бастысы тестіні іріктеуге және шыққан нәтижеге назар аудару керек. Жабық болуға тиісті сынақтар іріктеу нәтижесінде және кадрларды реттестіруде немесе диагностикалық шешімдерді қабылдауда белгілі бір себептер бойынша ақпараттық құрылғыларда, бөлшек немесе тұтас түрінде ақпараттық құрылғыларды жария ете алмайды. Тестті үлкен шрифтпен жариялау кейбір клиенттердің өз-өзін төмен бағалауына алып келеді. Тағы бір тестті қолданудың кәсіби емес түрі-почта арқылы тестілеу болып табылады. Компьютерлік тестілеуді арнайы психологтың көмегінсіз өткізуге болмайды. Мұндай әдістерді қолдану клиенттің өз мүмкіндіктерінің дұрыс көрсете алмауына алып келеді. Кейбір тесттерді қолдану арнайы білімді және біліктілікті қажет етеді. Әдеп кодексі психологтардың өз құзыреттілігінің және өзінің кәсіби тәжірибесінің шектеулігін мойындауды талап етеді.

Психологтың этикалық кодексі:

1. Қауіп келтірме! Өз білімдеріңді дұрыс қолдана біл.
2. Бағалама! Жағымсыз бағалауларыңды дауыстап айтпа.
3. Адамды сол қалпында дұрыс қабылдай біл. Психолог алдына келген клиентті түсіне білуге міндетті.
4. Кәсіби құпияны сақтау. Оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар жайлы ақпараттарды жариялауға қатаң түрде тыйым салынады.
5. Оқушылар мен қызметкерлер бар жерде жұмыстағы әріптестеріңмен араларыңдағы түсініксіз мәселелерді шешпе.
6. Құзыретті бол! Техникалар мен әдістерді жетік білмесең, қолданба.
7. Клиентпен қарым-қатынаста дистанцияны ұстана біл.
8. Клиенттің өз іс-әрекеті мен өміріне деген жауапкершілігі құқығынан айырма.
9. Клиентті қате ақпараттандырма! Себебі клиент дұрыс емес шешім қабылдауы мүмкін.
10. Клиенттің әр түрлі психологиялық шараларға қатысуындағы еріктілік принципін ұстан!
11. Өзіңді тұлға және маман ретінде сыйлай біл!

Психодиагностикалық жұмыстар – ол әрбір жас кезеңдеріндегі оқушылардың өзіндік психикалық үрдістерінің даму ерекшеліктерін түрлі зерттеу әдістері мен зерттеу әдістемелерін қолдана отыра анықтайды. Басқа диагностикалық шаралар негізгі

міндеттерді жүзеге асыру үшін мекеменің жұмыс жоспарына сәйкес, сонымен қатар кейбір оқушыларға психолог-педагогикалық мінездеме дайындау қажеттілігі кезінде жүргізіледі. Оқушылармен жүргізілетін барлық диагностикалық шаралар ата-аналардың немесе олардың орнын басатын тұлғалардың келісімімен жүзеге асырылады. Психодиагностика психолог қызметінде негізгі орын алады. Бұл қызмет күрделі істі, әрі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол маманнан кәсіби шебер, іскерлікті қажет етеді, себебі әрбір адам психологтан көмек бағыт сұрайды. Диагностика жұмысын жүргізуде психодиагностиканың әлеуметтік этикалық талаптарын басшылыққа алады. Практикалық психодиагностика психологиялық іс-әрекеттің ең күрделі және жауапты саласы болып саналыды. Ол арнайы білімділікті, кәсіби шеберлікті талап етеді.

4. Психодиагностика психолог қызметінде негізгі орын алады. Бұл қызмет күрделі істі, әрі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол маманнан кәсіби шебер, іскерлікті қажет етеді, себебі әрбір адам психологтан көмек бағыт сұрайды. Диагностика жұмысын жүргізуде психодиагностиканың әлеуметтік этикалық талаптарын басшылыққа алады.

Психодиагностика жүргізуде ескерілетін негізгі талаптар мыналар:

1. жақсы теориялық дайындық;
2. психодиагностика әдістемесін жеткілікті білуі;
3. психодиагностика әдістемесін қолдану;
4. практикалық іске қажетті психодиагностика әдістемесін орынды қолдана білуі.

Қосымша талаптар:

1. психодиагностика әдістемесін дұрыс таңдай білу;
2. әдістеменің түсінікті болуы;
3. нұсқаудың болуы;
4. жағдайдың болуы.

Моральдық-этикалық талаптар:

1. Адамның еркінен тыс әрі еркіне қарсы психодиагностикалық зерттеуден аулақ болуы тиіс.

2. Психодиагностикалық тест жүргізбес бұрын адамдарға алдын-ала ескерту қажет.

3. Әрбір адам өзіне жүргізілген тест нәтижесін білуге құқығы бар.

4. Психодиагностикалық тест қорытындысы түсінікті формада зерттелушіге айтылады.

5. Жасөспірімдермен жүргізілетін тест қорытындысын оның ата-анасына, не күтушісіне айтуға болады.

6. Егер тест белгілі бір мақсатпен адамның психикалық даму деңгейін анықтауға немесе қызметіне орналасуға бағытталған болса, қорытынды нәтижесін айтуға болады.

Сонымен психодиагностика психолог жұмысынан кәсіби түрде арнайы дайындықты қажет етеді, әрі бұл бағыт психолог қызметінде күрделі аймақты қамтиды.

Психологиялық қорытынды келесідей талаптарға сай болу керек:

1. Психологиялық қорытынды сұраныстың мақсатына және сұраныс жасаушының мұндай мәліметті қабылдауға даярлық деңгейіне сәйкес болу керек.

2. Қорытындының мазмұны диагностиканың мақсатынан шығу керек.

3. Қорытындының мазмұнында алынған берілулерге негізделген нұсқаулар болуы қажет.

4. Қорытындыда психодиагностикалық үрдістің сипаттамасы, яғни қолданылған зерттеу әдістері, алынған берілулер, олардың талдануы.

5. Қорытындыда зерттеуді жүргізу барысындағы мүмкін болатын өзгермелі жағдайларды көрету керек, олар:

- респонденттің жағдайы;
- зерттелінушінің психологпен қатынас орнатуы;
- тестік тексеруді жүргізудің жағдайлары және т.б.

Берілген мәліметті бағаламай, адекватты түрде ұсынып, клиенттің оны қалай түсіне алғанына назар аударуы қажет.

## **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ**

1. Психологиялық кеңес беру туралы түсінік.
2. Психологиялық кеңес берудің мақсаты мен міндеттері.

1. Психологиялық кеңес бұл психолог қызметіндегі негізгі қызмет түрлерінің бірі. Бұл үздіксіз арнайы және негізгі кәсіби дайындықты қажет етеді. Психологиялық кеңес аймағының білімі

тек арнайы практикалық қызметте ғана емес, сонымен қатар арнайы мамандарға әсіресе дефектологтарға аса қажет болып саналады. Жалпы алғанда адамдарға психологиялық көмек көрсету жеткілікті дәрежеде көмек беру және нұсқау беру болып саналады. Ол біріншіден, оның яғни клиенттің сенімінен шыға білуі. Ал, екіншіден оны түсінуі керек. Оның қиын проблемаларының көңілді әрі оңай түрде шығуына көмектесіп, кеңестер, бағыттар беріп отыруы қажет.

Психологиялық кеңес арнайы мәселе бойынша, яғни жеке әңгіме негізінде жүзеге асады. Психологиялық кеңес белгілі бір шектеулі уақытпен өткізіле отырып жүргізіледі. Мұнда бөгде адамдардың қатысуынсыз, ең негізгісі клиентке аса қалыпты, қолайлы жағдай болуы шарт. Жеке клиентпен психологтың әңгімесі орташа есеппен алғанда 10 мин, сағат жарым, 2 сағат және негізгі мәселе жағдайына байланысты оданда жоғары уақытқа ұласуы ықтимал. Психолог икемді бола отырып клиенттің мәселесін талдауға әрекет етеді. Психологиялық кеңес— бұл адамдарға психологиялық тұрғыдан көмек көрсету. Онда ең бастысы сенімділік. Сенім негізінде адамдардың өмірдегі мәселелерді шешуіне көмек көрсету, мәселелерге кездескен адамның мәселерден шығуына одан әрі қарай салауатты өмір сүруіне жағдай жасау болып саналады.

Психологиялық кеңес мазмұнында жалпы клиенттің мәселесі қамтылады. Егер клиентке мәселе күрделі болса, психолог онымен бірнеше сеанстар өткізеді. Сондықтан да психолог кеңес беруде аса бір дұрыс бағыттылықты, тиімділікті таңдай білуі тиіс. Психологиялық кеңестің өзге психологиялық қызмет түрінен өзгешелігі аса шыдамдылықты ерекше зейінділікті үздіксіз жұмыс жүргізуді қажет етеді. Психологиялық кеңес мазмұны клиентпен бірлескен әрекетте аптаға, айға, тіпті жылдарға созылуы мүмкін. Себебі клиент мәселесін шешуде психолог белсенді тұлға ретінде әрекет етеді.

*Психологиялық кеңес берудің негізгі мақсаты:*

1. клиентте туындаған мәселені шешуде жедел түрде көмек көрсете білу;
2. арнайы психологиялық білімді әлеуметтік жағдайда пайдалы түрде кеңес беру ретінде пайдалана білу;
3. клиентке уақытында көмек ету;
4. клиентке рухани күшпен, сенімділік жігер беру;

5. клиентке мәселелі жағдайдан шыға білуге көмек бере отырып бағыт көрсету;

*Кеңес берудің негізгі міндеттері:*

1. мәселені шеше білу және оны анықтау;
2. клиентке туындаған мәселенің шындығының деңгейін хабарлау;
3. клиенттің жеке тұлғалық қасиетін зерттеу (мінезін, темпераментін, қабілетін, ерік-жігерін т.б.);
4. клиентке нақты түрде кеңес беру және нұсқау ұсыну;
5. қазіргі кездегі өмірлік тәжірибеден алынған өмірден мәселелер төңірегінде кеңес беру;
6. алдын - ала психологтың сауықтыру бойынша кеңес беру;

*Клиенттің көзқарасы:*

1. эксперттік немесе психологиялық көмек ету жағдайында жағдайды бағалау;
2. зерттеу жағдайындағы шынайы түрдегі мінез-құлық көрсету;
3. клиникалық әңгімеге қатысу;
4. әдістемемен жұмыс жасай білу;
4. қорытынды іс-нәтижесін алу.
5. іс-нәтижелерін қолдану және қабылдау.

*Психологтың көзқарасы:*

1. сұраныс қабылдап алу клиентпен өзара әрекетін міндетті анықтау;
2. мінез-құлық белгілерінің классификациясы, гипотезді өңдеу;
3. клиникалық әңгіме барысында болжамды анықтау;
4. психодиагностикалық әдістемелер көмегімен зерттеуді жүргізу;
5. іс-нәтижесін өңдеу, іс-нәтижелерін жинақтау;
6. психодиагностикалық іс-нәтижелерін әріптестерімен талқылау.

Жеке кеңес беру тек клиенттің сұранысы бойынша болады. Жеке кеңес беру жағдайында практикалық психолог жұмысты талдау нәтижесінде 2 түрге бөледі.

1. психологиялық дамуды түсіну нормасы;
2. бір-біріне байланысты позицияны түсіну.

Мамандалған психологтың клиентпен байланысты оның мазмұнын шешуді қабылдауды қажетсінеді. Клиенттің

сұранысын орындап қана қоймай, психолог оның ішкі дүниесінің актуальды (өзектілігі) және потенциалды ерекшелігіне бағытталуы тиіс. Негізгі себебін біз клиентпен мамандандырылған қарым-қатынаста оның мазмұнын шешуді қабылдауды қажетсінеді. Клиенттің сұранысынан басқа психологтың мүмкіндігі мазмұнды құрылымын клиенттің ішкі дүниесінің актуальды және потенциалды қасиетін бағдарлауында. Бұл бағдарлау біздің көзқарас бойынша мүмкін емес, себебі психологиялық дамудың нормасын түсіну үшін психолог рефлексивті өңдеуден өтуі керек. Бұл мазмұн клиентпен қарым-қатынас міндеттерін шешуге және жұмысты стратегиялы орындауға мүмкіндік береді, (әлеуметтік, этика, рухани, психология т.б.).

Психолог психологиялық дамудың нормасының мазмұнын түсінуін қолданып, психикалық даму кезеңі мен механизімін көрсетеді. Яғни психологиялық даму нормасын түсіну теориялық жеке кеңес беруді қолдана отырып, психологиялық дамудың кезеңін көрсетеді.

Психологиялық қызметте кеңес беру бағыты бойынша қызметкерлер төмендегідей нақты міндеттерді шешеді:

1. Оқу-тәрбие мекемелерінің әкімшілігіне, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға балаларды оқыту және тәрбиелеу және бірлесіп жұмыс істеу мәселесі бойынша кеңестер береді.

2. Балаларға оқу, жетілу, өмірлік және кәсіби өз-өзін анықтау, ересектермен және құрбыларымен өзара қарым-қатынас, өз-өзін тәрбиелеу және т.б. мәселелері бойынша жеке және топтық кеңес беріледі.

3. Жеке және топтық кеңес беру арқылы педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестіктерге, жалпы мектептік және ата-аналар жиналысына қатысып, дәріс оқу арқылы педагогтардың, ата-аналардың қоғамдық өкілдердің психологиялық мәдениетінің жоғарылауына септігін тигізеді.

4. Бала тағдырында мүмкін болатын өзгерістерді (арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберу, ата-ана құқығынан айыру, бала асырап алу, т.б.) анықтауға байланысты сәйкес инстанциялардан дұрыс шешім шығару мақсатында, халықтық соттың, қамқорлық көрсету ұйымдарының сұранысы бойынша баланың психикалық жағдайы, психикалық даму ерекшеліктері т.б. туралы мәселелерді шешуге көмектеседі.

Психологиялық кеңес беру қызметі тұлғаның жеке өмірін сақтап, алынған ақпаратты құпиялы сақтауды өзінің міндеті деп біледі. Бұл кеңес беруші мен клиент арасындағы қатынасуының ерекше мәртебесі бар, ол заңмен қорғалған және тұлғаның жазбаша рұқсатыңызсыз ешкімге (ата-аналарға, оқытушыларға, қызмет берушілерге немесе т.б.) ашылмайды. Кеңес беру барысында төмендегідей мәселелердің шешімен табуға болады:

- Депрессия;
- Күйгелектік /мазасыздық;
- Отбасы /достармен қатынасуға байланысты қауіптену;
- Оқудағы қиыншылықтар;
- Қайғы /жақын адамын жоғалту;
- Есірткі заттарын қолдану (есірткі/алкогольдік ішімдік);
- Жыныстық/қатынастар туралы мәселелер;
- Мамандықты немесе мансапты таңдау;
- Жарақаттар/ қорлық/ жыныстық зорлық;
- Өтпелі кезең, өмірлік таңдау және өзін-өзі ұғыну;
- Тамақтанудың бұзылуы: тәбетсіздік, мешкейлік, тамақты тойып жеу (ашқарақтық), жүйкелік тәбетсіздік.

*Өшпенді ниетті және агрессияшыл клиенттерге кеңес беру.* Кеңес беру барысында кері ниетпен келген немесе өшпенді клиенттер (сирек кездеседі) көп қиыншылықтар туғызады. Кеңес берушілер мұндай клиенттерге әртүрлі көзқараспен қарайды: кейбіреуі өшпенділікке ызақорлықпен немесе өшпенділікпен жауап қайтарады; басқалары клиентті өз пайдасына қарату және қаһарланудың орынсыз клиентке оның қаһарлы және өшпенді көрінетіндегі жайлы айту қажет. Шын мәнінде, «қаһарлы» және «өшпенді» деген түсініктер сипаттауда өткір естілуі мүмкін, сондықтан ойды үзілді-кесілді білдіруге болмайды. Клиенттің өшпенділігінің нақты себебін анықтау және оған тиімді қарсы тұра алу үшін, кеңес беруші бұл жағдайдың басты ерекшеліктерін түсіне білу керек. Өшпенділіктің мәні бар – ол өзін-өзі қорғау әдісі болып табылады және де ол қорқынышпен салыстырғанда әсерлірек болып келеді. Басқаша айтқанда, қаһарлық, қорқынышпен үрей сияқты, қауіптілік жайында ескертетін белгі ғана емес, сонымен қатар, өзін-өзі қорғауға бағытталған сезім, ол агрессияны туындатады. Кеңес беруші өшпенділіктің туындау себебін білуі тиіс. Әрбір клиенттің өшпенділігінің мәні оның өміріндегі мәселелерде жасырынып жатыр. Егер клиент кеңес



берушіге өзінің зұлым сезімдерін немесе қанағаттандырылмаған ашық білдіре алмаса, ол кеңес беруші жаман кеңес беруші екендігін білген жоқ. Кеңес беру кезінде кейбір кездерде зұлымдық артында уайым жасырын тұрғанын ескеру қажет. Мұндай жағдайларда клиенттің шынайы сезімдерін талқылауға жәрдемдесу керек. Кеңес беруші өз сезімдерін түсініп, қанағат тұтпағандығын тануы қажет. Сонда ғана ол клиенттің өшпенділігін жеңуге нәтижелі көмек бере алды. Кеңес беру кезінде туындайтын клиенттің өшпенділігі мен кеңес берушіге бағытталған тура тіл тигізу арасында үлкен айырмашылық бар. Кеңес беруші қандай жағдаятта да кеңес алушының әрбір әректіне үлкен мән беру керек. Кеңес беруші өз-өзін тыныш қалыпта сақтап және клиентке қатер тигізбей, ашушандық мінез-құлық көрсетуге болмайтындығын және қажеттілік туған кезде тәртіп шаралары қолданатындығы туралы ескертуі керек. Кеңес беру кезінде өшпенділік болмауы қажет. Әдетте клиенттер ережелерді сақтауға келіседі, өйткені өздерінің мінез-құлық әрекетінен мазасызданады. Кеңес беру кезінде жасырын өшпенділік жиірек кездеседі. Әдетте кеңес беруші оны сезіп отырады. Ашық өшпенділікке қарағанда жасырын өшпенділікпен күресу қиынға түседі. Клиенттердің көпшілігі жасырын өшпенділікті ашық көрсетуге дайын болмайды және де кеңес беруші де жасырын өшпенділікті ашық өшпенділікке айналдыру қауіпсіз емес болып табылады. Сонда да егер клиентпен сөйлесу біз әлдебір қауіпті сезінсек, клиентке өзінің уайымдары туралы ашық айтуға мүмкіндік беру керек. Өйткені барлық көрсетілмеген, әсіресе теріс эмоциялары ойлау қабілеті мен мінез-құлқын бұзады, психоматикалық симптомдардың пайда болуына әкеп соғады және кеңес беру үрдісін қиындатады.

Клиенттің мәселесін қалай шешу екендігін түсіндіру үшін кей кеңес беруші психологтар ықылас пен ілтипат танытуға тырысса, енді біреулері клиенттердің мінез-құлқына назар аудармай, өздерін ештеңе болмағандай ұстайды.

## **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ КЕЗЕҢДЕРІ**

1. Психологиялық кеңес берудің кезеңдері.
2. Психологиялық кеңес берудің негізгі түрлері.

### 3. Психологиялық кеңес беру процедуралары.

1. Психологиялық кеңес – бұл психолог жұмысының жаңа аймағы болып табылады. Қазіргі уақытта өз бетінше дербес жұмыс істеу сферасында жұмыс істеу формалары – ғылыми-зерттеу, психологиялық оқыту, психологиялық коррекция, психодиагностика бағыттары бойынша сипатталады. Психологиялық кеңестен көмек күтетіндер - әдетте өмірге қабілеттілігі нашар және жұмысына толықтай берілмеген адамдар. Психологқа көбінесе көмек сұрауға өмірінде жолы болмаған адамдар барады және де сол мәселелері оны психологқа баруға итермелейді. Кейбір адамдар өз мәселесін қалай шешу керектігін біле тұра психологқа барады. Өйткені олар психологтан эмоционалды қолдауды қажет етеді. Ал кейбіреулері мәселені қалай шешуді білмей, кеңес сұрай барады. Үшіншілері - өзіне сенімсіз, берілген мүмкіндіктің қайсысын тыңдауды білмегендігінен барады. Оларды сендіріп, иландырып, дұрыс жолға қарай бағыттау керек. Төртіншілері - көбіне жалғызбасты адамдар, оларға біреуге ішкі сырын өзгеге айтып, сырласу керек.

Психологиялық кеңес беру бірнеше кезеңдерден тұрады. Кеңес беру үдерісін басынан аяғына дейін белгілі бір тәртіппен кезеңдерге бөліп көрсетуге болады. Әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар.

Кеңес берудің негізгі кезеңдеріне жалпы сипаттама:

1. Дайындық кезеңі. Бұл кезеңде психолог клиентпен жазбаша түрде танысады (алдын ала жазылуы бойынша), сонымен қатар ол туралы ақпаратты басқа адамдардан да алуы мүмкін. Мысалы: өтініш қабылдаған кеңесшіден, әріптестерінен т.б. адамдардан. Осы кезеңде психологтың өзі де кеңес беруді өткізуге дайындалады. Психолог кеңес берушінің бұл кезеңдегі жұмыс уақыты – 20-30 минутқа созылады.

2. Қалыптасу кезеңі. Бұнда психолог клиентті өзі қарсы алады, онымен танысады және бірлесіп жұмыс жасауға ыңғай білдіреді. Бұл кезең кеңес өткізуге барлығы дайын болса, 5-7 минутқа дейін созылады.

3. Диагностикалық кезең. Бұнда психолог клиенттің мәселесін тыңдайды, оның мәселесін нақтылауға тырысады. Аталған кезеңнің негізгі мазмұнына клиенттің өзі туралы, мәселелері жайлы ақпараттары жатады (баяндау арқылы). Сондай-ақ бұл этапта психодиагностика әдістемелері жүргізіледі.

Ол клиенттің мәселесін анықтау үшін қажет. Бұл кезеңге нақты уақыт тағайындау қиын, сондықтан жұмыс 4 сағаттан – 6-8 сағатқа созылуы мүмкін.

Жалпы орта жағдайдағы психологиялық көмек 20-30 минутқа ғана созылмақ. Ал егер клиенттің мәселесі күрделі болатын болса, психологиялық диагностикалық әдістемелерден бөлек 2-3 сағаттан 10-12 сағатқа дейін созылады.

2. Психологиялық кеңес беруді әр түрлі адамдар қажет ететіндіктен және әр түрлі себептерден көмек сұрайтындығынан кеңес беруді клиенттердің жекелей ерекшеліктеріне, сонымен қатар мәселенің мазмұнына қарап, бірнеше түрлерге бөлуге болады:

Кеңесті жеке тапсырыс берушісіне қарай түрлі санаттарға бөлуге болады және келген мәселелері бойынша жіктеледі.

*Психологиялық кеңес берудің келесідей түрлері бар:*

- психологиялық - педагогикалық, психологиялық-басқарушылық кеңес беру;
- отбасылық кеңес беру;
- жеке тұлғалық кеңес беру
- іскерлік кеңес беру.

*Психологиялық-педагогикалық кеңес беру* - оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас, ұжымды басқаруды жақсарту, ересектердің педагогикалық біліктілігін арттыру, білім беру мен тәрбие мәселелерін талқылауды көздейді. Сонымен қоса, ересектердің педагогикалық біліктілігін көтеру сұрақтары, балалар мен ересектер ұжымын басқару мәселелері қарастырылады.

*Отбасылық кеңес беру* - болашақ жар таңдау мәселесі, отбасы ішіндегі және туыстар арасындағы дау-жанжалдарды шешу мақсатында қолданылады. Ажырасуға дейінгі және одан кейінгі ағымдағы ішкі мәселелер (отбасында өзара міндеттерді бөлу, отбасындағы экономикалық мәселелер және т.б.) шешімдерімен қатысты. Бұндай кеңес беру түрі адамның өзінің және туысының жанұясындағы мәселелермен айналысады. Сонымен қатар, отбасындағы қарым-қатынас, дау-жанжалды шешу жолдары, әйелі мен күйеуінің туыстарымен қарым-қатынасы, айырылысу кезіндегі ерлі-зайыптылардың мінез-құлқы және т.б. сұрақтар қарастырылады.

*Жеке тұлғалық кеңес беру* - психологиялық және мінез-құлықтық ақаулықтардан арылу, түрлі қорқыныштар, жеке

қарым-қатынастағы кездесетін мәселелер, клиенттің өзіне терең қанағаттанбаушылығы, жыныстық қарым-қатынас және т.б. сезімдерінен арылу мақсатындағы кеңес беру түрі болып табылады. Кеңес берудің бұл түрі жиі және көп адамдарда кездеседі. Бұндай кеңес беру адамның тұлғалық сұрақтарымен, уайымдарымен айналысады. Бұндай кеңес алуға келген клиент айналадағыларынан өз мәселесін жасыруға тырысады. Мысалы: психологиялық немесе мінез-құлықтағы жетіспеушілік, маңызды адамдармен қарым-қатынас, әр түрлі қорқыныштар, сәтсіздіктер, психогендік аурулар (дәрігердің қарауын қажет етпейтін) және т.б. Бұндай кеңес берудегі қарастырылатын негізгі мәселелер: адамның өз-өзіне көңілі толмаушылығы, интеллектуалдық мәселелері, қарым-қатынастағы қиыншылықтарын жатқызуға болады.

*Іскерлік кеңес беру* - іскер адамдардың өз мәселелерін шешу білуі, мамандықтарын дұрыс тандай алуы және дамытуы, еңбектің тиімділігін арттыру, іскерлік келіссөздер өткізе білулері бағытындағы кеңес беру болып табылады. Бұндай кеңес беру түрі адамда қанша іс-әрекет түрі болса, солардың барлығына да қатысы бар сұрақтармен айналысады.

3. Кеңес берудің жалпы процедураларының көмегімен психологиялық кеңес берудің негізгі міндеттері мен мәселелері шешіледі. Осының бәрі кеңес беру психологиясы процедураларының нәтижесіне байланысты. Процедура негізгі нақты психологиялық кезеңдермен сабақтаса жүзеге асырылады. Осы кезеңдер арқылы оны бөліп қарастыруға болады. Кеңес беру психологиясының бірінші кезеңінде нақты процедуралар қолданылмайды. Клиентпен кездесу процедурасында психолог-консультанттың жағдай сұрауы және алғашқы кеңес беруі клиент үшін өте маңызды. Көптеген клиенттерде психолог-консультантқа келгенде психологиялық кедергі мен комплекс пайда болады. Осы бейтарап мүмкіндікке жағымсыз іс-әрекет комплексі және психологиялық кедергіні алу үшін арнайы процедура «Психологиялық кедергіні алу» қолданылады. Бұл процедураны қолдану барысында психолог-консультант клиентімен нақты бір іс-әрекеттерді қолдану арқылы клиентті тыныштандырып, қауіпсіз психологиялық күйге, өзінің сеніміне кіргізеді. Кеңес беру психологиясының үшінші кезеңінде эмпатикалық тыңдау процедурасы белсенді жұмыс жасайды. Психолог-консультант клиентті эмоционалды жағынан түсініп әңгімелерін басынан-аяғына дейін қабылдауы тиіс. Клиенттің

сөздеріне яғни жағдайына ойланып, қобалжып кетуге болмайды. Клиентті тыңдай отырып, психолог-консультант клиенттің бейнесіне, роліне еніп, ойланып, өзін психологиялық қалыпқа келтіреді, яғни психологиялық жағынан көмек беруге дайындалады. Кеңес беру психологиясының келесі кезеңінде мынадай процедуралар қолданылады: анықтау, көзін жеткізу, детальдарды айқындау, нақтылау. Осы процедураның барлығы практикалық ұсыныстар мен кеңестердің клиентке саналы әсер етуімен байланысты болып келеді.

## **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ**

1. Психологиялық түзету жұмысы туралы түсінік, мақсаты мен міндеттері.
2. Психологиялық түзету жұмысының негізгі кезеңдері.
3. Психологиялық түзету жұмысының формалары.

1. Психологиялық жұмыста «коррекция» терминінің кең қолданысқа енуі ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталды. Тура мағынасы - түзету» деген мағынаны береді.

Психологиялық түзету қызметі – педагог-психолог қызметіндегі маңызды және жауапты бағыт болып табылады. Тұлғаны өзгерту мақсатында адамның ішкі әлемінің сипаттамаларына қисынды әсер етуді көздейді.

Психокоррекция дегеніміз - адамның мінез-құлқы мен психологиялық қасиеттерін өзгерту мақсатымен оған арнайы әсер етіп, оның шытырман жағдайдағы өзін-өзі ұстау стилінің ыңғайсыздығын көрсетіп, бұл жағдайдан шығу жолын бірге іздеп табу. Психокоррекцияның мақсаты – баладағы психикалық даму заңдылықтарын түсіне отырып, үлкендермен серіктесе жүргізілетін белсенді әрекет түрі.

*Психокоррекциялық мақсат үш бағытқа негізделеді:* біріншіден, әлеуметтік даму жағын ықшамдау; екіншіден, балада жетекші іс-әрекет түрлерін дамыту; үшіншіден, жас және психологиялық жаңа білімді қалыптастыру.

*Психокоррекцияның негізгі міндеттері:* жеке бас дамуының қажетті когнитивті (ақыл-ой), эмоционалды және мінез-құлықтық

өрістер бірге қарастырылады. Субъектінің мәдени және жас ерекшелігі ескеріле отырып, ішкі ресурстарды белсендендіру болып табылады.

Р.С.Немовтың анықтауы бойынша *психокоррекция* – бұл психикалық дені сау адамның кемшіліктерін түзету үшін психологтар қолданатын, психологиялық әдістер жиынтығы. Психологиялық көмектің бұл түрі арнайы психология, психопатология және түзету педагогикасымен байланыста жүзеге асады. Коррекция *қалыпты* және *қалыпсыз* болып бөлінеді. Ең бірінші психолог арқылы, екіншісі патопсихолог, дефектолог, психоневролог, психиатр мамандары арқылы жүзеге асырылады.

Психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу ерекшелігі:

- психикасы сау адамдарда біріншіден күнделікті өмірде шешілмеген мәселелеріне орай, психологиялық қиындықты сезетін, сондай-ақ жеке басын дамытуда талпынуға, өзгертуге дайындық деңгейдегі индивидтерге жүргізіледі.

- мінез-құлқындағы ерекшелігіне коррекциялық жұмыстар жүргізерде, психикалық саулығы міндетті түрде ескеріледі.

- психокоррекциялық жұмыстар жүргізілуі нақты шамада бүгін және ертеңге бағытталады.

- орта мерзімде көмек беруге бағытталады (психологиялық көмек беруде, индивидті қабылдау 15-реттен аспайды).

- психологтың жұмыс жоспары индивидтің жеке бас дамуы мен мінез-құлқы өзгеруіне бағытталады.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық түзету жұмыстары тұлғаға педагогикалық–психологиялық маңызды әсер етіп, баланың дамуындағы ақаулар мен ауытқушылықтардың түзетеді немесе алдын алуды қарастырады. Ол өзара байланысты екі формада жүзеге асырылады: *симптоматикалық*, жеке нақты бір ауытқуларға бағытталған және *этимологиялық*, осы ауытқу көздері мен себептеріне бағытталады.

Түзету жұмыстары қарапайым шеберлік және оқу жаттығулары сияқты, психологиялық қызметін жетілдіруге арналған жеке тапсырмалар сияқты өткізілмеуі тиіс, керісінше, баланың ажырамас маңызды бір қызметі ретінде, оның күнделікті өмірлік қарым–қатынасында органикалық жүйесіне сай келуі керек (Т.В.Бурменская, О.А.Карабанова, А.Г.Лидерс).

Психокоррекциялық жұмыс әртүрлі этиологияның дамуындағы ауытқуларды түзетуге арналады, сондай-ақ, өз тәжірибесінде бала дамуындағы қиындықтардың себептерін анықтайтын төмендегідей үлгілерді қолданады. Олар:

*Биологиялық үлгі* органикалық жетілу қарқынының төмендеуі мен дамудағы ауытқулардың шығуын байланыстырады;

*Медициналық үлгі* қалыптан тыс дамудағы проблемаларға әкеледі;

*Педагогикалық үлгі* баладағы әлеуметтену мен білім беруді қадағалаудағы қиындықтарының себептерін қадағалайды;

*Әлеуметтік – психологиялық үлгі* қоршаған ортадағы тапшылықтар, әлеуметтік және сенсорлық қасиеттерінен айырылудың себептерін түсіндіреді.

Психологиялық түзету жұмысының әдістерін таңдау және оның мазмұны объектінің ерекшелігіне, олардың жай-күйіне, сондай-ақ психологиялық тәжірибеде тұжырымдалған клиенттердің тілдік қиындықтарымен байланысты келеді.

*Психокоррекцияның объектісі* – бұл өзгеруі мүмкін жеке тұлғаның сферасы, *оның пәні* – психологиялық түзетуге бағытталған, психологиялық шындық. Мазмұнына қарай жалпы дербес түзету, жекеленген тараптарды түзету, сфералары мен жеке қасиеттері, түзету қызметі мен қарым-қатынас деп бөлуге болады.

Психокоррекция жүргізу мақсатымен зерттелінген адамдардың жеке даралық психологиялық ерекшеліктері туралы жинақталған мәліметтерге байланысты бұл жұмыс екі бағытта жүзеге асырылады:

1. Нормативтерді құру коррекциясы;
2. Адамның даралық мүмкіндіктерін дамыту коррекциясы.

*Нормативтерді құру коррекциясы деп* адамның ішкі жан-дүниесінің жеке даралық сипаттамасын әлеуметтік ортада қабылданған нормативтерге сай келтіру болып табылады. Олар көбінесе қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, мазасыздану және агрессия көріністерін төмендету, жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне байланысты орын алатын мінез акцентуациясы мәселелерін шешуге бағытталған. Коррекциялық әдістердің нәтижелі болуы ауытқудың синдромына және бұзылудың көрініс беру симптомдарының түрлеріне тәуелді. Мектеп оқушылары және олардың ата-аналарымен жүргізілетін коррекцияда қарым-

қатынас тренингінің барлық түрлері қолданылады, олар мінез-құлықтың нақты формаларын меңгеруге көмектеседі және клиентке өзінің жан-дүниесіндегі неше түрлі құбылыстардың орын алғанына жауапкершілікті өз мойнына алуды үйретеді. Сонымен қатар, әр жас кезеңінің және әлеуметтік ортадағы әр адамның атқаратын рөлдер репертуарына, клиенттің алдында тұрған психологиялық проблемаларына байланысты психокоррекцияны жүргізудің өзіне тән көптеген ерекшеліктері бар. Сондықтан бұл жас кезеңдегілермен коррекциялық жұмыстар олардың таным процестерін жетілдіру және мектеп режиміне үйрету, сыныптағы балалармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға икемділігін қалыптастыру болып табылады. Жеткіншектік жас кезеңдегілермен жүргізілетін психокоррекция, басқа жас кезеңдегілерден жиірек орын алады. Оның себебі, осы жас кезеңінің көптеген ерекшеліктерімен байланысты. Балалардың өтпелі жас кезеңінде басынан кешетін қиындықтары психокоррекциялау және психологиялық кеңес берудің негізгі себептері болып табылады. Жеткіншектерде жиі кездесетін мінез акцентуациясы, агрессия, дидоктегенді невроздар баланың тұлғалық қалыптасуына теріс әсерін тигізіп, оқушының мотивтік аймағының бұзылуына алып келеді.

## *2. Психокоррекциялық жұмыстың кезеңдері:*

1. Психокоррекцияға анамнез (ақпарат) жинақтау; әңгімелесу, психодиагностика;
2. Психологиялық диагноз қою (жас мөлшері мен әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін ескерту);
3. Ықтимал немесе шартты – қалыпты болжам қою;
4. Психокоррекцияның іс-шараларды жоспарлау (таяудағы даму аймағын ескерту);
5. Психокоррекциялық іс-шараларды жүзеге асыру;
6. Коррекциялық жұмыстың нәтижесін бағалау;
7. Мәселенің қайталанбауын алдын алу.

## *3. Психологиялық түзету жұмысының негізгі формалары:*

*Ойын терапиясы*- арттерапияның түріне жатады. Бұл терапия үлкендер мен балалардың әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жеңуі үшін, жеке және эмоционалды дамуы үшін арнайы ойындарды жүргізу түрінде қолданады. Егер бала ойынға белсенді және бар ықыласымен қатынасса емдеу әсерлі болады. Ойын баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен



қарым-қатынасын анықтауға, ересек өмірге дайындайды. Ойын балаларға белгілі дағдыларды меңгеру үшін, сонымен қатар қарым-қатынасты, өмірге деген құлшыныстарын арттырады, эмоционалды және физиологиялық жағдайын жақсартады. Бала ойынға өз еркімен қатысып, ойыннан қуаныш рахатын сезіну керек. Балалардың ойыны барысында төмендегідей міндеттер өз шешімін табады;

1. Эмоциялық жаттығуларды қамтамасыз ету - жиналып қалған жүйкелік күшті алып және ата-аналармен балалардың өмірге деген қызығушылықтарын арттыру.
2. Күтпеген жерде болатын шабуылдан, жазалаудан, қараңғыдан, жалғыздықтан болатын қорқынышты азайту.
3. Тез шешім қабылдай білу қабілетін арттыру.
4. Топта өзін-өзі ұстау ережелерін меңгерту.
5. Ата-аналармен балалардың қарым-қатынасын жақсарту.
6. Қозғалыстағы бағыттарын және ептілікті дамыту.

*Коррекциялық ойын барысында келесідей мәселелер шешіледі.*

1. Балалар ойнау барысында басқа адамдарға деген сезімін көрсетудің жаңа формаларын меңгереді.

2. Басқа адамдарға, үлкендер, кішілер және құрбыларына, өз-өзіне деген көзқарасы ақиқатқа жақындатылады, өзін-өзі және басқаларды бағалауға, сыйлауға үйренеді.

3. Өзіне деген сенімі нығаяды.

4. Құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасау тәжірибесі қалыптасады.

5. Ойын - іскерлікке, қарым-қатынастың жаңа түрлеріне жаттықтырады.

6. Балаларды сыйлап, олардың пікірімен санаса қатынас жасау арқылы олардың санасына кішігірім өзгерістер ендіріп, олардың дербес болуға, өз бетімен қажетті мәселелерді шешуге шамасы келетініне сендіреді.

Психокоррекцияны жүргізуге пайдаланатын әрбір ойын көп функция атқарады: бір адамға - өз-өзін бағалауын жоғарылату жолы; екіншілерге - сергіту құралы, қабілеттілікті арттыру және өзін емін еркін сезінуге үйрету жолы; үшіншілерге - көпшілікпен

тіл табысып өмір сүруге, ұжымдағы адамдармен санасуға үйрететін негізгі әдіс болып табылады.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ДАМУ ЖҰМЫСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Психокоррекциялық бағдарламаларды құрастыру ұстанымдары.

2. Психологиялық түзету жұмысын құру бағдарламасын құру түрлері.

3. Психологиялық түзету жұмысының түрлері.

4. Коррекция жұмыстарында қолданылатын әдістер.

*1. Психокоррекциялық бағдарламаларды құрастыру ұстанымдары:*

Психокоррекциялық бағдарлама құруда жас және дара дамудың психологиялық ерекшелігін есепке алу, жүйелілік, бірлік және іс-әрекет, күрделендіру ұстанымдарымен қатар Л.С.Выготскийдің енгізген «жақын арадағы даму аймағы» есепке алынып «жоғарыдан төмен» және «төменнен жоғары» ұстанымдары негізінде қарастырылады.

Әртүрлі коррекциялық бағдарламаны құрастыруда осы ұстанымдар негізге алынады.

*1. Алдын-алу және дамыту міндеттерінің жүйелілік ұстанымы.* Онтогенезде психиканың даму сипаты мен оның күрделілігін жүйелі есепке алудан тұрады. Кез-келген түзету – дамыту бағдарламасы осы негізде құрастырылады.

Мақсаты мен міндеттері үш деңгейлі мақсат жүйесінде қалыптасуы қажет:

*Коррекция арқылы* – дамудағы ауытқу мен бұзылысты ескеру, қиындықтарды жою.

*Профилактикалық (азарту)* – дамудағы ауытқу мен қиындықтардың алдын-алу.

*Дамыту* – даму маңыздылығына жағдай жасау.

*Коррекциялық–дамыту* іс-әрекетіне мақсат пен міндеттерді анықтауда бүгінгі күннің өзекті мәселесімен шектелуге болмайды, (таяудағы даму аймағы) ескеру қажет.

*2. Диагностика мен коррекция ұстанымы.*

Зерттелушіге психологиялық көмек көрсету тәжірибелі-психолог маман іс-әрекетінің негізгі түрі ретінде процестің біртұтастығын көрсетеді. Коррекция жұмысының тиімділігін 90% анықтау қаншалықты терең, мұқият зерттелгеніне байланысты. Коррекциялық жұмыстарды жүзеге асырудың бастамасын диагностикалық зерттеулерден бастап, соның негізінде қорытынды жасалып, коррекциялық дамыту жұмыстарының мақсаты мен міндеттері қарастырылады. Коррекциялық дамыту іс-әрекетін жүзеге асыруда, жеке тұлғадағы өзгеріс динамикасын, мінез-құлқын, іс-әрекетін, эмоционалды жағдайын, оның түзету жұмысы барысындағы сезімдері мен мазасыздықтары ұдайы бақылауды қажет етеді. Бағдарлама міндеттері зерттелушіге психологиялық әсер ететін әдістер мен тәсілдерді дер кезінде өзгертуге, толықтыруға мүмкіндік береді.

*3.Каузальді тип – түзетудің артықшылық ұстанымы:* ең сәтті жүргізілген симптомдық жұмыстың өзі клиенттің бастан өткізген қиындығын соңына дейін шешіп бере алмайды. Түзету іс-шараларын жүргізу, артықшылығы дамудағы қиындық себептері мен ауытқуды анықтау және жою болып табылады.

*4.Коррекцияның іс-әрекеттік ұстанымы.* Бұл ұстанымда іс-әрекеттің дамып, қалыптасу негізін зерттеген А.Н.Леонтьев және Д.Б.Элькониннің баланың психикалық дамуы теориясымен қатар, т.б.еңбектерді негізге алады. Коррекциялық жұмыстың жүргізілуі әдістердің қолданылу жолдары мен қойылған мақсатын анықтайды. Коррекциялық – дамыту әсерінің басты тәсілі клиенттің белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру, оны жүзеге асыру барысында ауыр, әрі даулы жағдайларды шешу және бағдарлау үшін түрлі жағдай жасалып, тұлғаның қалыпты дамуы қарастырылады.

*5.Клиенттің жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу ұстанымы.* Клиенттің жеке ерекшелігін нақты есепке алу, даму барысында қолайлы бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді.

*6.Психологиялық әсер етудің кешенді әдістер ұстанымы.* Тәжірибелік психологияда әдістердің барлық деңгейде, тәсілдері мен техникаларды қолдану қажеттігін бекітеді. Бірде-бір техника немесе әдістеме бір ғана теорияның меншігі емес. Бұл әдістер әртүрлі мәселелері бар зерттелушіге тиімді психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

*7.Коррекциялық бағдарламада жақын арадағы әлеуметтік ортаны белсенді қатыстыру ұстанымы.* Бала дамуындағы негізгі жағдай әлеуметтік орта және адамдармен қарым-қатынас. Ол әлеуметтік қатынаста, тұтас бір жүйеде, бөлінбейтін бірлікте дамиды. Жақын адамдармен қатынас жүйесі, тұлға аралық қатынас ерекшеліктері мен қарым-қатынас, ортақ іс-әрекет түрлері мен оның орындалуы – бала дамуында әлеуметтік дамудың ерекше құрамдас бөлігі болып табылады. Олар жақын арадағы даму аймағын анықтайды.

*8.Психикалық процестерді түрлі деңгейде ұйымдастыру ұстанымы.* Нақты дамыған психикалық процестерге сүйену, оларды белсенді ететін әдістерді қолдану, зерттелушінің ішкі күшін (ресурсын) анықтауға негіз болады.

*9.Күрделендіру ұстанымы.* Әрбір топ ең төменгі қарапайымнан, ең жоғарғы күрделіге келесі кезеңдерден өту керек. Материалды қағаз жүзіндегі күрделілік, оның психологиялық қиындығына әркез сәйкес келе бермейді. Материалдық – эмоционалды күрделілігін есепке алу. Коррекция жұмысында ұсынылатын материал немесе ойын - жаттығулары жағымды эмоционалды әсер қалдыруы қажет. Коррекция жұмысының құрылым бағдарламасы психологиялық дәлелді болуы шарт. Коррекция жұмысының сәттілігі ең алдымен диагностикалық нәтижесінің шынайы, дұрыс, объективті кешенді бағалауына байланысты болады.

*10.«Жоғарыдан төменге» коррекциялық ұстанымы.* Л.С.Выготский ұсынған коррекция жұмысының бағыттылығын ашады. Психолог назарында, коррекция іс-әрекетінің негізгі мазмұны, клиентінің ертеңгі келешек дамуы, жақын арадағы даму аймағын құрудан тұрады.

*11.«Төменнен жоғарыға» коррекциялық ұстанымы.* Коррекция жұмысының негізгі мазмұны ретінде қабілетіне қарай психологиялық жаттығу мен дағдының қарастырылуында. Коррекция жұмысының басты міндеті мінез-құлықтың қажетті моделін жасап, оны тез арада бекіту. Коррекция жаттығулары жеке және топтық деңгейде қарастырылады. Алдымен психолог маман индивидті жеке қабылдағаны жөн, себебі жеке ерекшелігімен этностық, әлеуметтік, мәдени көз - қарасын анықтау мен ескерту жұмыстары жүргізіледі. Жеке пікірін

байқағаннан кейін, қосымша пікірлер қажеттігін сезгенде топтық жұмыстарға қосатын болады.

## 2. Психокоррекциялық бағдарлама құру түрлері:

- *коррекцияның жалпы моделі*: сабақ жүктемесін қарастыруда баланың жеке бас дамуы, жағдайы, қоршаған орта мен адамдар арасындағы жүйелі қатынастарды ескере отырып, күнге, аптаға және айға ықшамдап бөліп қарастырады;

- *коррекцияның типтік моделі*: тәжірибе негізінде түрлі жетекші іс-әрекет (ойын, оқу және еңбек) түрлерін ұйымдастыру;

- *коррекцияның жеке моделі*: баланың жеке психологиялық дамуын, қызығушылығын, білімін және түрлі мәселелерін белгілеу;

- *стандартты бағдарламада*: қажетті құрал-жабдықтар, қатысушыларға қойылатын талаптар мен кезеңдерге бөлінетін жоспарлар;

- *еркін бағдарламада*: психолог психокоррекциялық мақсат, міндеттерді еркін жоспарлайды және кезеңдерге өз қалауынша бөле алады.

Психокоррекциялық жұмыста әсер ету деңгейі психологтың кәсіби біліктілігі мен құзіреттілігіне байланысты болып келеді.

*Теориялық жағынан* (баланың психикалық даму заңдылығы мен жас кезеңдерін, оқыту мен тәрбие мәселесіне қатынасты, жеке және шығармашылық қабілетті білуі) дамуы, арнайы әдістер мен (бір әдістің немесе ықпалды мүмкіндіктердің) жағдайларды білуі және дайындығы жатады.

*Тәжірибелік жағынан* кәсіби деңгейде психокоррекциялық әдістер мен әдістемелерді қолдануды меңгеруі, қызметіндегі құпияларды сақтай білуі және құзіреттілік деңгейін жетілдіруге талпынысы мен сенімділігі.

*Жеке тұлғалық дайындығы* жағына психологтың жеке басында алдымен өз мәселесі (өзін-өзі басқару) – бойынша жұмыстың жүргізілуі, өзіндегі жағдайды шеше білуі (жеке мәселесін шеше алмаса, алдына келген индивид мәселесіне тең көзқараста қарай алмайды) нейтралды ара қашықтықты ұстай білуге мүмкіндік береді. Психолог күнделікті өзімен жұмыс жасап, жеке басы біліктілігін жетілдіріп отыруы қажет, себебі әрбір тұлға сеніміне кіріп, дұрыс жұмыстана білу қажет.

## 3. Психокоррекцияның түрлері:

- *сипатына қарай: симптомды (ауру белгісі) және қаузалды (себеп) деп бөлініп, дер кезінде дамудағы кедергіні анықтайды.*

- *ұзақтығына қарай: тым қысқа, қысқа және ұзақ, тым ұзақ болып келеді. Өзекті мәселені шешуге қажетті бір немесе бірнеше сағаттар, айлар сондай-ақ, кейде жылға созылуы мүмкін.*

- *міндеттің ауқымына қарай: жалпы, жеке және арнайы болып бөлінеді. Кешенді ұйымдастырылған жұмыстар жеке, жалпы және арнайы топпен жүргізіледі.*

- *мазмұнына қарай: танымдық өрісі, жеке тұлғалық, аффектілі-еріктік, мінез-құлық тұрғысынан, тұлғааралық қатынасынан, топшілік, ата-ана мен бала қатынасынан тұрады.*

- *жұмыс түріне қарай: жеке, топпен, табиғи, жабық топпен (ұжым, отбасы, ерлі-зайыпты).*

- *бағдарламаға байланысты: бағдарламалық және қосымша еркін тақырыптар.*

- *әсер етудегі басқару: дерективті және дерективті емес.*

Психолог коррекциялық жаттығулармен айналысқанда «не бар?», «не болу керек?», «қажетті нәрсе болу үшін, не істеу керек?» деген жүйемен жұмыс жасайды: Оған жауап беруде психиканың дамуын үш деңгейдегі түсініктер мен талдауынан қарастырады.

*Нейрофизиологиялық деңгейде (не бар?) психолог құбылысты ми қызметі туралы білім негізінде зерттеп, ми шабуылын басты ұстанымдарға, ми қабығы мен психикалық қызметке бағыттайды.*

*Жалпы психологиялық талдауды (не болу керек?) психика қызметінің механизмі мен заңдылықтары негізінде алынған көрсеткіштер қолданылады.*

*Жас - ерекшелік психологиялық деңгейінде (қажетті нәрсе болу үшін, не істеу керек?) жеке тұлғаны жас және дара ерекшеліктеріне қарай сәйкестендіре нақты талдайды.*

Психокоррекциялық мәселенің әдіснамалық негізін батыс елдерінде екі үлкен топқа бөледі: *психодинамикалық және мінез-құлықтық*, психология пәні, оны бағытына қарай сана және мінез-құлықта қарастырады. Бұл ықпал бала мен жеткіншекте жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстың мақсатында,

стратегиясы және әдістерінде ескереді. Психодинамикалық ықпалда қолданылатын ойын терапиясы, арттерапия және бала психоанализі бойынша ерекшеленсе, мінез-құлық терапиясында қарастыратын балада мінез-құлық дағды жолдары туралы білімді (жетондық бағдарлама), бейімделуге үйлесімді моделдерді, орындаушы біліктілігін дамытуға (мінез-құлық тренингі), өзіндік реттелуге (скилл терапиясы) қалыптастырады. Психокоррекциядағы психологиялық механизм деп интериоризация (импорт) сыртқы әрекетті (көшірме жасау, нұсқау бойынша орындау, көрсету) ішкі әрекетке айналдыру (Л.С.Выготский). Осы бағыт бойынша іс-әрекеттің жоспарлары әдістемесіне, балалар мінез-құлқына байланысты ойын коррекциясы және психогимнастиканы қалыптастыруға болады.

#### 4. Психокоррекциялық әдістер топтамасы.

А.Л.Гройсман топтамада белгілер сапасы ретінде ми беделі, биологиялық гомеостаз, коррекция объектісі мен заты, сипаты, бағыты және ұстаным әсерін енгізді.

##### а) *мидың физиологиялық беделі бойынша:*

сергіту	тоқтау
түсіндіру;	өзіндік илану;
көз жеткізу;	ұйықтар алдындағы күй
сендіру нұсқаулықтарын реттеу;	(босаңсуда);
ақылды реттеу;	
ұйқыдан оянар алдында сендіру	
беделмен сендіру (арбау);	
ұйқы үстінде сендіру (парадоксалды фаза):	
эмпатиялық тыңдау, сезіну;	

әдістерді босаңсу және нашақорлық жағдай деңгейінде қолдану<sup>7</sup>

##### б) *биологиялық гомеостаз бойынша:*

қалыпты жағдайда;  
стрестік жағдайда;

##### в) *әсер етудің бағыты мен сипатына қарай:*

дамыту;  
белсендіру;  
белсенділікті түсіру;  
икемдеу;

##### г) *психикалық процестерге әсер ету артықшылығы:*

имаготренинг (қимылды);

ментальді тренинг (ойлау);

эмоционалды – еріктік жаттығу;

д) қатысушылар санына байланысты:

топтық (микро, макро, мега топ);

жекелік;

е) ұстанымына қарай әсер ету;

гетерогенді (басқаларға);

аутогенді (өзіне);

ж) өнер құралдарын қолдану арқылы:

- арттерапия (сурет, құрастыру, жапсыру, саз балшық);
- библиотерапия (кітаптар, авторын ұсыну);
- музыка терапия (әуен тыңдау, айтқызу);
- би терапиясы (билеу, қимылдарды қайталау);
- денеге жасану терапиясы (екі адам бірге жасау);

*Жекелей коррекция жұмыстарында қолданылатын әдістер:*

*көз жеткізу әдісі* – клиенттің сыни көзқарастары арқылы, фактілерді логикалық негізде қорытындыға келтіру арқылы қайта санасына әсер ету.

*сендіре білу әдісі* – мәселе сипатына қарай клиентті дауыс ырғағының ықпалы арқылы, дене бітімінің және жағдайды есепке ала отырып сендіруді жүзеге асыру.

*сұхбаттасу әдісі* – ауызша түрдегі әлеуметтік – психологиялық ақпарат алмасу көмегіне сүйену.

*бақылау әдісі* – клиентті мұқият тыңдау, сыртқы және ішкі сезімін бақылай отырып талдау.

*психологиялық қолдау көрсету* - эмпатияны вербальды және вербальды емес деңгейде қарастырады.

*диалог әдісі* – екі адам арасында әңгімелесу арқылы ықпал жасау деңгейінде жиі қолданылады.

*әсер ету әдісі* – санада (қимыл ым-ишара, тыныс жолын дауыс ырғағын біртіндеп қайталау) содан бейсанада қайталау арқылы сенімге ену.

Психолог жеке тұлғаның мінез-құлқы мен сапаларына белгілі әсер ету, түзету жұмысына бағдарлама құрады. Бағдарлама құрылымы психологиялық және педагогикалық екі бөлімде қарастырылады. Психологиялық бөлімінде психолог жеке жұмыс жоспарын жасап, оны жүзеге асырады. Ал педагогикалық



бөлімінде психолог басқа мамандармен – мұғалім, тәрбиеші және ата-анамен бірлесе отырып, психологиялық ұсыныстар жасайды.

## ПСИХОТЕРАПИЯ

1. Психотерапия туралы түсінік.
2. Психотерапияның негізгі түрлері.
3. Психотерапияның әсер ету әдістері.

1. Әлеуметтік практикада психотерапия түсінігі медицина мен психология саласында жиі қолданылады. Медициналық әдебиеттерде мен медицина мәдениетінде психотерапия психикаға әсер ету арқылы емдеу жүйесі ретінде жүзеге асады және психотерапия емдеу әдісі ретінде қарастырылады. Психолог медициналық мекемелерде және медициналық емес мекемелерде де жұмыс істей алады. Психотерапевтің өзара вербалдық және вербалдық емес қарым-қатынас негізінде құрылады. Психотерапевтік әсер ету бұл адамдарды емдеуге бағытталады. Мұнда психотерапевтік міндеттерді жүзеге асыру арқылы адамның ішкі әлеміндегі өзгерістерге жауапкершілікпен қарай отырып, орынды қолдану жатады. Психотерапевтік жұмыстың өзге психологиялық қызметтен ерекшелігі ауру адамды сауықтыруға оның психикасына әсер ету арқылы қызмет көрсету болып табылады. Психотерапевтік жұмыстың белгілі бір түрін (жекелей немесе топтық) жүргізе асыра отырып, клиенттің салауатты өмір жағдайына жеке тұлғалық сапа жағынан өсуін қамтамасыз етуге бағытталады. Әрі маман психотерапия жұмысын мазмұнды жүргізе асыры отырып өзінің кәсіби білімінде жетілдіреді.

Психотерапия үрдісі үш кезеңнен тұрады:

1. алдын-ала дайындық кезеңі;
2. психотерапияны жүргізу кезеңі;
3. адамдармен кері байланысты жүзеге асыру кезеңі.

Неміс ғалымдары М.Перре мен У.Бауманн психотерапияны құрылымы әртүрлі және әрбіреуіне белгілі бір мақсаттары мен құрылымдары сәйкес келетін бөлек-бөлек кезеңдерден (фазалардан) тұратын үрдіс деп атап көрсеткен болатын. Психотерапия үрдісінің фазаларына жататындар: терапиялық

қарым-қатынасты орнатуды көрсету мен мақсаттарды түсіндіру, терапиялық шараларды қолдануды үйрету және көрсету, терапияның басталуы мен аяқталуын дұрыс бағалау. Әрбір фазаның өзіне сәйкес мақсаттары бар: *қарым-қатынасты орнатуды көрсету фазасының мақсаттары:*

- диагноз қою;
- психотерапиялық әдістерді таңдау;
- қажетті жағдайда медициналық тексеруден өткізу;
- ақпаратталған келісім.

*терапиялық шараларды қолдануды үйрету және көрсету мыналарға бағытталған:*

- рөлдік құрылымдау;
- жағымды өзгерістерді қалыптастыру;
- қажетті жағдайда этиологиясын (себептерін) түсіндіру.

*Терапиялық жаттығуларды жасап көрсету фазасының мақсаттары:*

- қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеру;
- әрекет – қылық мотивтеріне талдау жасау;
- «мен» образын қайта құрылымдау.

Психотерапия үрдісінің ақырғы фазасының мақсаттары: мақсатқа жетудің психодиагностикасы; нәтижеге жетуге кепілдік беру. Барлық жоғарыда көрсетілген мақсаттар түрлі жолдармен жүзеге асырылады:

- интервью алу, анамнез (психикалық жағдайлар жайлы мәліметтер) толтыру;
- тұлғалық және клиникалық тестілерді жүргізу;
- эмпатияның (жағымды күйдің) көрінуі;
- «ойын шарттарын» түсіндіру;
- терапиялық байланыс орнату;
- психотерапиялық әртүрлі техникаларды қолдану;
- терапияның өткізілуін үздіксіз бақылау мен бағалау;
- сеанстар санын диагностикалау мен қысқарту.

Мәселен Ю.В.Каннабих «Психотерапия дегеніміз – ауруларды емдеуге психикалық әдістерді жоспарлы түрде қолдану», - дейді.

Психотерапевт маман клиентпен қызмет істеу арқылы оның ішкі әлеміне әсер етеді, бұдан психотерапияның негізгі 4 моделі анықталынады.

1. Психотерапия - бұл емдеу түрінде әсер ету әдісі ретінде, яғни ағзаның психикалық және соматикалық қызметінің функцияларына әсер ету (медициналық);

2. Психотерапия - бұл оқып білу арқылы әрекетті тану (психологиялық);

3. Психотерапия - анықтап, білу әдісі ретінде, яғни қоғамдық бақылауда толықтай сипатының білінуі, (әлеуметтік);

4. Психотерапия - кұбылыстар жиынтығы ретінде адамдар арасындағы көріністен байқалады (философиялық).

Психотерапевт өзге мамандармен тығыз байланыста бола отырып, науқастың ауруының ерекшелік белгісіне қарай оған әртүрлі әсер етеді. Көбінесе психотерапевт невроз болған тұлғаларды психологиялық соматикалық ауру жағдайына ұшыраған адамдармен қызмет жасайды.

2. Психотерапия жекелей және топтық жағдайдағы психотерапия болып бөлінеді.

*Жекелей психотерапия.* Психологтың клиентке әсер етуі психотерапевтік тұрғыдан бағыттала отырып жүргізіледі. Бұған қатысушылар психотерапевт пен жеке клиент арасындағы өзара байланыс арқылы жүзеге асырылады. Мұнда басқарушы дәрігер ролін атқара жүріп, адамды емдеуге ұмтылады, оның психикалық жағынан сауықтыру үшін әрекет етеді. Оның жеке тұлғалық тұтастығында өзгеріс деңгейлерін реттеуге бағытталады. Психолог клиентпен әрекет жасау арқылы өзінің біліміне сүйене отырып, клиентке пайдалы әрекет жасауға ұмтылыс жасайды. Клиенттің ішкі жан дүниесін реттеу үшін психолог оның адам ретіндегі мән маңызын білуге ұмтылыс жасайды. Клиенттің ішкі жан дүниесінің мазмұны жұмыс жасау арқылы, оның өмірінің мәніне мінездеме бере отырып, клиент өміріне психолог кәсіби тұрғыдан әрекет жасайды.

*Топтық психотерапия.* Бұл емдеу процесін жеделдетуге толықтай құнды болып табылады. Бұл үшін дәрігер пациентті құралған топқа қатыстырады. Осындай топта пациент өз мәселесін біріге отырып шешеді, кейбір дәрігерлер, бұл түр пациенттің мағыналы әсер алуына, оның сыртқы қызметіне әсер етеді деп есептейді.

Қазіргі таңда психотерапевтік әсер ету жедел дамып, әрі невроз, психогендік бұзылыс, патологиялық мінез сипаты, нашақорлық, алкогольизм, токсикомания, психоз және эпилепсия, жүйке жүйесінің ауруы және басқа сырқаттарды емдеуде

қолданылып келеді. Топтық психотерапия мектепке дейінгі кезеңнен бастап, үлкен жастағы қарттарға дейін жүргізіледі. Көпшілік психотерапевтердің пікірінше топтың психотерапия, көп мөлшерде адамдармен қарым-қатынаста бұзылысы бар, ортаға бейімделе алмайтын тұлғаларға жүргізіледі. Топтық психотерапия әдістеріне: психотерапиялық, симптоматикалық, гипноз, аутогендік жаттығулар, мінез-құлық әдістері жатады.

Топтық психотерапия ашық және жабық топтарда 25-30 адамнан (үлкен топ) 8-12 (аз топ) құралатын топпен жүргізіледі. Топтар: гомогендік этипатогенетикалық, (психогендік факторлық сырқат дамуын анықтайтын) гетерогендік (невроз формасы, жынысы, жасы, синдром), гомогендік симптом бойынша құрастырылады. Аурулардың 18 жастан төмен 50 жастан жоғары жастағылар гомогендік топқа жатады. Сабақ жиілігі әртүрлі аптасына 1 реттен бастап екі ретке дейін емдеу мекемесінің нақты жағдайына қарай анықталынады. Терапияның ұзақтығы 1-1,5 сағатты құрайды. Топ амбулаторлық немесе стационарлық, қысқа уақытта 1-6 ай немесе одан да ұзақ уақытқа (бірнеше жылға дейін) болуы мүмкін. Жабық топ қатысушыларының саны тұрақты болып келеді. Ашық топқа жанадан сырқаттар келіп қосылып отырылады. Бұл үшін ем жүргізетін дәрігер пациенттің өзіндік ерекшелігін есепке ала отырып, топтық психотерапия жүргізуді жоспарлайды. Топқа сырқаттарды іріктеуде ауыр симптоматикалық белгісі бар истерикалық немесе мінез акцентуациясы бар ауруларды 2-3 сырқаттан асыруға рұқсат етілмейді. Терапия жиілігі аптасына 1 реттен бастап 2 ретке дейін емдеу мекемесінің нақты жағдайына қарай анықталына отырып жүргізіледі. Топтық психотерапияда дәрігер пациенттің өзге адамдармен өзін қалай ұстайтындығын, олармен қарым-қатынасты қалай бағалайтығын біле алады. Топтық психотерапияда топ мүшелері өз мәселелерін топ бола отырып бірге шешеді.

Топтық терапия жұмысында басшылыққа алынатын негізгі принциптер:

1. топтың сабақтар тәртібін қатаң сақтау;
2. топта топ алдында әрбір пациент ашық, шынайы түрде сөйлеуге ұмтылуы;
3. топтық сабақта пациент белгілі бір өлшемнен тысқары шықпауы керек,

4. топтық сабақта жанындағы адамға көмек ету. Өз мінез-құлқын тану, әрі оны өзгерту жолын қарастыру. Өз сырқатының себебін білуге ұмтылу:

5. жалпы тақырыпты талқылауға, мағынасыз уақыт жібермей нақты тақырыпқа сай, тақырыпты талқылауға бағыттау.

Психотерапевтік сабақ бір белгіленген уақытта өтілуі тиіс, қолайлы орында ұйымдастырылады. Алғашқы сабақтан бастап психолог топ жұмысының ұстанатын негізгі принциптерін мазмұндауы тиіс. Бұл топ мүшелеріне міндетті болып келеді:

Психотерапияның әсер ету әдістері:

*Музыкотерапия* - бұл әдіс негізгі тиімді әдістердің бірі болып табылады. Музыка әуендерін тыңдай отырып клиентке өз әсер етеді. Бұл әдістің тиімді жағымен бірге тиімсіз жағы да кездеседі, яғни клиенттің үрейленуін жоғарлатуы немесе шаршатуы несесе ашуландыруы мүмкін.

Музыка терапияда ең алдымен музыкалық шығармаларды дұрыс таңдай білу керек. Мысалы: 1.Бахтың сонато соль минор. Рахманин шығармаларын 1-ші концертінің 1-ші бөлімі; 2.Чайковский «Жыл мезгілдері»; 3.Моцарт Симфониясын, Шопен Вальс №2 т.б. пайдалануға болады.

*Библиотерапия* - бұл сырқат адамдардың кітап оқу көмегімен оның психикасы әсер ету арқылы, емдеу болып табылады. Бұл әдісті жекелей немесе топтық түрде жүргізуге болады. Психотерапевт әдебиеттер тізімін өзі жинақтап, оны клиенттің мәселесіне сәйкес әдебиеттерді ұсынады.

*Имаготерапия* - имого латын сөзінен алғанда «бейне» деген мағынаны білдіреді. Мұны терапия мақсатында ойын бейнелерін көрсету арқылы жүргізеді. Адамның өзі динамикалық бейне құрастырады. Нақты бір әдісті түрлі жағдайда пайданалады. Мысалы: әдеби шығармаларды қайталап айту, шығармалар мазмұны алдын-ала әзірленген диалогты жауап арқылы айту, алдын-ала тапсырылған ситуациялық жағдайларды сахналау, драматизациялау, спектакльдерге қатысу, образдық бейнелер қою.

Имаготерапияның негізгі мақсаты мен міндеттері:

1. Қолайсыз жағдайға ұшыраған клиентке жағдай жасай отырып, оның «мен» деген бейнесін дамыту;
2. Адамның эмоционалдық байлығын байыту және нығайту, оның коммуникативтік жағдайын қалыптастыру;
3. Клиенттің өзінің мен деген жаңа ресурсын меңгеру бойынша шығармашылық қабілеттілігін дамыту;

4. Өзін- өзі реттей білуін дамыту, өмір тәжірибесін бағдарлай білуін іске асыру қабілеттілігіне жаттықтыру;

5. Клиент өмірін байыту.

*Арт терапия* - бұл емдеу ғана емес, тұлғаға кез-келген жағдайды шешуге көмектеседі.

Арт терапия бейнелік өнер арқылы жанның дамуы мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі. Арттерапия түсінігін ғылымға 1938 жылы Адриан Хилл енгізді. Арттерапия ағылшын тілінен аударғанда шығармашылық терапия деген ұғымды білдіреді. Арттерапия шектеусіз және психотерапияның барлық бағыттарында, педагогикада, әлеуметтік жұмыста т.б. қолданылады. Әр адам өзін, өз сезімін және өзінің жағдайын әуен, дыбыс, қимыл және сурет арқылы көрсете алады.

Сонымен қатар арттерапия - өнер терапия болып саналады. Ол қолданбалы өнер түрінде жиі қолданылады. Арттерапия сабақтары 2 түрлі нұсқа негізінде жүзеге асады: біріншіден, белгілі тақырып бойынша тапсырмаларды орындау; екіншіден, ерікті тақырып бойынша жұмыстану. Мұнда клиент өзі тақырыпты таңдайды. Еркін түрде таңдаған тақырыбына сәйкес құралдарды материалдарды іріктейді. Сабақ сонында тақырыпты талқылау орындау икемділігі және т.б. қамтылады. Психотерапевт жұмысында арттерапия арқылы клиенттің ішкі жан дүниесіне әсер ете отырып оның белсенді жағдайда сабаққа қатысуына ықпал етеді, әрі клиенттің қызығушылығының пайда болуына, жұмысының нәтижелі шығуына қуануына және өздігінен дербес жағдайда өзіндік шығармашылық дамуына жол ашады. Бұл әдістің бірнеше нұсқалары бар:

1.Емдеуге арналған өнер шығармалары арқылы талдау, клиентпен бірге интерпритациясын шығару;

2.Пациентті өзіндік шығармашылық бағытқа қарай ұмтылуына әрекет ету;

3.Өнер шығармаларын және өзіндік туынды шығармаларды қолдану;

4.Психотерапевт тарапынан шығармашылық көрсету, мұнда мүсіндеу, сурет және басқаларын клиентпен бірлесе отырып жұмыстану.

Бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты - баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады. Сурет салу - ешқандай

ересек адамның көмегінсіз ең күшті өзін таныту түрімен байланысты болады. Өзінің ішкі сезімі мен өзін теңестіруді көрсетуіне жол ашады. Балалардың сезімін сурет салу арқылы бейнелеу әдістері шектеусіз болып келеді. Балалар бояуға қолын малып қағаз бетіне із қалдыруды жақсы көреді. Бала бояу түрін өзінің көңіл-күйіне байланысты таңдайды. Бояудың түстері сезімнің жағдайына тең келеді.

*Саусақ живописі* - ешқандай құралдың көмегінсіз тек саусақпен бейнелеу. Ол үшін баланың әрбір саусағын әр түске батыру арқылы парақ бетіне әртүрлі сызықтар, нүктелер, саусақ ұшы таңбасының, алақанның көмегімен бейнелеу. Бұл әдіс артпедагогика мен арттерапияда белсенді қолданылады. Себебі баланың қателік жасаудың алдында, сәтсіздікке ұшырау алдындағы қорқынышты жеңу үшін қолданылады.

*Натурпсихотерапия* немесе табиғат арқылы әсер ету. Кейде мұны ландшафттерапия деп те атайды. Табиғат арқылы табиғаттың әдемілігін сезіну сырқат адамның ішкі жан дүниесіндегі кездесетін мәселелерді арылтуға көмектеседі.

*Логотерапия* немесе сөйлесу психотерапиясы. Психолог клиентпен сөз арқылы оның эмоциялық жағдайын реттеуге көмек етеді. Осының барысында клиентті қиын мәселеден шығуға, өзінің жеке тұлғалық жағынан қайта құрылуына жол ашады.

## **ПСИХОТЕРАПИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

1. Позитивті психотерапия.
2. Гештальттерапия.
3. Денеге бағытталған терапия.
4. Танатотерапия.

1. Позитивті психотерапия - қазіргі заманғы ғылыми психотерапиядағы кең танылған әдістердің бірі болып саналады. Ол 1996 жылы Европалық ассоциация психотерапиясында және 2008 жылы Дүниежүзілік кеңес психотерапиясында мойындатылған. 1968 жылы Алманиядағы Носсрат Пезешкиан негізін салып дамып келе жатырған әдіс, ол алғашқыда дифференциалды анализ деп аталған. Позитивті психотерапия әдісін 1968 жылы медицина ғылымдарының докторы, неміс психотерапевті, профессор Носсрат Пезешкиан (1933 - 2010)

негізін қалаған. Позитивті психотерапия қысқа мерзімді психотерапия ретінде көрсетеді. Мұнда “ауру – мәдениет – отбасы – тәрбие және психотерапия” сияқты өзара байланысты жүйелер байқалады. Позитивті психотерапия адам өзінің ішкі ресурсын пайдалана отырып, алдына мақсат қойып өзінің проблемасын өзі шешуі үшін бағытталған. Бұл әдістің идеясы адам туралы жақсы ойлар ойлау, әрбір адам өз тумасынан екі негізгі қабілетке ие: тануға және жақсы көруге қабілетті. Екеуіде бір-бірімен тығыз байланысты: біреуінің дамуы екіншісінің даму процесіне ықпал етеді. Табиғатынан адам мейірімді болып келеді және саналы түрде мейірімділікке ұмтылады. Сонымен қатар Пезешкианның позитивті психотерапиясы адам өмірде бақытты болуға, индивидуалды түрде өзін ашуға және тұлғалық өсуге құқы бар деген. Барлық құндылық адамның ішінде орналасқан, дән секілді және ол өмір барысында өседі. Позитивті психотерапияның артықшылығы мен ерекшелігіне тоқталатын болсақ. Алдымен әдістің артықшылығы туралы бірнеше сөз қозғау қажет. Олар келесідей:

- әдіс кез-келген мәселеде қолданылады;
- әдіс халықаралық;
- терапия құралдары болып нақыл сөздер, метафора қолданылады;
- жеке адам бүтін жүйе ретінде қаралады;
- клиент терапия уақытында белсенділік көрсетеді;
- әдіс қысқа мерзімді және 15-20 сеансқа ғана есептелінген;
- әдіс клиенттің болашағына бағытталған.

Позитивті психотерапияның маңызды артықшылықтарының бірі болып, оның кез-келген жас пен әлеуметтік топтар үшін қол жетімділігі, сонымен қатар, оған өз-өзіне көмек беруге үйрету, жүйелілік тәсілі және тілдің қарапайымдылығы тән. Принциптің жан-жақтылығы мен қарапайымдылығының арқасында әдісті күнделікті өмірде ешқандай мамандандырылған білімсіз-ақ кез-келген адамға қолдануға мүмкіндік бар. Позитивті психотерапияны адамның сезімі мен ойларының үйлесімділігін дұрыс жолға салатын бағыттаушы ретінде қарастыруға да болады. Пезешкианның әдісінің тағы бір іргелі ерекшелігі болып мамандардың өз кәсібінде әртүрлі мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, ерекше оқиғаларды пайдалануы. Шығыстың даналығына кемелденген, олар адамға өзінің мәселелеріне басқа



жағынан қарауға көмектесуге қабілетті, оқшауланып, субъективті уайымдарды елемеуге, алдағы уақытта өзінің мәселелелерін тек маманмен ғана бөлісу. Позитивті психотерапияда негізгі екпін адамның басына түскен қиыншылықтар мен азаптардан арылтуға мүмкіндік жасау болып табылады. Мәселенің туындау себебі, терапияға сәйкес, дамымаған немесе депрессиялық күй аймағындағы адамдардың бір-бірімен рухани өзара іс-әрекеттері-осының кесірінен өмірінде бұзылыстар және әртүрлі конфликтілер пайда болады. Мәселеге оң қарым-қатынас таныту мынадай түсінікке алып келеді, олардың кез-келгені адамға үміт ұялататын даму үшін бірегей мүмкіндіктерді жасырады. Позитивті психотерапия қалпына келу үшін қажетті нәрселер сақталған адамның денінің сау бөлігіне ерекше көңіл бөледі, өзара іс-қимыл жасауға және өмірге қолайлы өзгерістер енгізу үшін энергиясын алуға болады. Терапияның өзі өз қабілетін ұшастыра отырып бұл жағдайдан шығу-табиғи тепе-теңдігін қалпына келтіру құралы болып табылады. Әдістің айтарлықтай тағы бір артықшылығы оның болашаққа ұмтылысында, өйткені ол қазіргі жағдайды қабылдау арқылы болашақты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әрбір адам, өзінің өмірі үшін толықтай жауапкершілікті ала отырып, өзінің шындығын өзгертуге қабілетті. Басқаша айтар болсақ, егерде адам ие болғысы келген нәрсеге ешқашан ие болмаса, онда ешқашан істемеген нәрсені жасауы қажет. Пезешкианның маңызды принциптерінің бірі тұлғаның бірегейлілігі. Оның ойынша өмірде өмір сүру деңгейі болу мүмкін емес, адами бақыт көздері әртүрлі, егер де солай болғанда қалай болар еді деген секілді нәрселермен емес, дәл қазіргі сәтте неге ие сонымен бақытты болады. Қазіргі уақытта адамды көре білу, оны бақытты етеді және жаңа белестер жолында күш береді, оны даналықпен кемелдендіреді және өзінің «Менін» жасаушысы етеді. Алайда ағымдағы жағдайды жақсы жаққа ақырындап қана өзгертуге болады, ал ол үшін шыдамдылық қажет. Позитивті психотерапия адамды қоршаған ортаға қарсы тұруға емес, керісінше, қалай бар солай қабылдауға үйретеді. Нәтижесі позитивті қоршаған ортаны және өзін-өзі қабылдауы қалыптасады.

Позитивті психотерапия 3 принципке негізделген:

1. *Үміт принципі* - ол адам ресурстарына назар аударады. Соның арқасында өзінің қабілеттерінді тануға және өмірінде болып жатқан барлық нәрселерге жауапты болуға болады.

2. *Тепе-теңдік принципі* - адамның өмір сүруі мен дамуын 4 негізгі бағыт бойынша қарастыруға мүмкіндік береді: *денелік* (тамақ, ұйқы, сырт-келбетіне күтім жасау, денелік контакт, физикалық жаттығулар жасау, денелік комфорт-дискомфорт); *ақыл-ой* (танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру, кәсіби жетістіктер); *әлеуметтік-коммуникативтік* (адамның қарым-қатынасы); *рухани* (ішкі жандүниелік және діни уайымдар, болашақ туралы қиял).

Ең дұрысы, тепе-теңдік моделінде әрбір сфераға өмірлік энергияның 25% жұмсалады. Денелік сферадағы тепе-теңдіктің бұзылуы соматикалық және психосоматикалық ауруларды туындатады; ақыл-ой: агрессивті реакцияны, перфекционизмді туындатады; әлеуметтік-коммуникативті: жалғыздық сезімі және депрессия; ал рухани: мазасыздану сезімі мен психотикалық ауруларға әкеп соқтырады.

3. *Өз-өзіне көмектесу принципі*: тұлғаның үйлесімділігі, дамуы және бейімделуі ретінде қабылдауға болады.

**1-ші сфера:** дене сферасы - бұнда адам денелік ауруларды сезінеді. Мұнда психосоматикалық аурулар пайда болады.

**2-ші сфера:** іс-әрекет сферасы - адам мында түбейгелі жұмыспен айналысады немесе ешнәрсе істемеуге тырысады.

**3-ші сфера:** қарым-қатынас сферасы - мұнда адамдармен қарым-қатынас жасауды үйрену туралы сөз қозғалады, өсімдіктермен және жан-жануарлармен, сонымен қатар өз-өзімен. Адамда қарама-қайшылықтар немесе аурулар шектен тыс қарым-қатынас жасау және тұлғаның түңілуінен пайда болуы мүмкін.

**4-ші сфера:** қиял сферасы - болашаққа жақсы көзбен қарау арқылы мәселелердің шешілуі. Позитивті психотерапия бойынша, өзінің бар энергиясын төрт бағытқа жұмсаған адам ғана дені сау адам болып саналады. Егер де бір бағыт өзінің шегі бойынша дамымаса ол адамның сол жері әлсіз дамиды болады. Пезешкианның айтуынша, Батыстың адамдары негізгі назарын дене және іс-әрекет сферасына аударады, солар арқылы мәселелерін шешеді, ал Шығыстың адамдары қарым-қатынас пен қиялға сенеді.

Сыртқы оқиғалар, мысалы, жұмыс орнын ауыстыру және басқа да оқиғалар өзекті қарама-қайшылықтарға жатады. Ал клиенттің кішкентай кезіндегі ата-аналарымен қарым-қатынасы базалық қарама-қайшылыққа алып келеді. Н.Пезешкианның тұжырымдамасы бойынша клиентте пайда болатын қарама-қайшылық үнемі қайталанатын мінез-құлық нормасымен байланысты, ол оны өзекті қабілеттер деп атады. Тұлғааралық қарама-қайшылықтардың алдын-алу үшін ол келесідей 5 кезеңді бөліп көрсетті:

**1. Бақылау** - қазіргі уақытта клиент үшін мәселе тудырып отырған қарама-қайшылық пен стресстің барлық факторлары қарастырылады. Мәселені толыққанды түсіну үшін адамда соңғы 5-10 жылда болған барлық белгілі оқиғалар қаралады. Үнемі стрессте болу жиі депрессияға алып келеді. Бұл оқиғалардың нәтижесі және оны талдау жүргізіледі.

**2. Инвентаризация** - соңғы уақыттары адам өз бетімен шеше алмайтын қарама-қайшылықтар мен стресстің алдын алу жолдары туралы сөз қозғалады. Бұндай жиі проблемалар бала мен ата-ана арасында, серіктестер, бастығы мен қызметкерінің арасындағы қарым-қатынастарда туындайды. Адамның сол кездегі іс-әрекетін түсіну үшін оның өткен өміріне жүгінеді. Ата-анасымен және отбасының басқа мүшелерімен қандай қарым-қатынаста болғанын, клиент өзінің өмірлік құндылықтарына қалай қарайтындығы анықталады. Терапияның негізгі мақсаты қарама-қайшылықтардың не себептен пайда болғанын және мәселені шешу жолдарын қарастыру.

**3. Қолдау көрсету** - клиент және оның отбасы бұрындары пайда болған мәселені қалай шешкендігі туралы анықталады. Қайшылықтың шешілуіне нендей себеп әсер етті. Қандай ішкі және сыртқы ресурстар қолданылғандығы есептеледі.

**4. Вербалдылық** - терапевт негізгі қарама-қайшылықты нәтежелейді және клиентпен мінез-құлықтың жаңа стратегиясын қарастырады.

**5. Жүйелілік мақсаттың кеңейтілуі** - жаңа мақсаттар, болашаққа жаңа өмірлік жоспарлармен анықталады. Мұнда өмірді одан жақсарту үшін мінез-құлықтың жаңа стратегиялары қарастырылады. Терапевт клиентке діттеген мақсатына жету нақты қадамдарды көрсетеді. Бұл бір күндік, айлық, жылдық, 5, 10 жылдық жоспар болуы мүмкін.

Терапия үдерісінде Н.Пезешкиан 85 сұрақтан тұратын «Висбаден сұрақтамасын» және «Дифференциалды-аналитикалық сұрақтаманы» пайдаланған. ДАС пайда болған қарама-қайшылықты, өзекті қабілеттілікті анықтайды.

Позитивті психотерапия отбасылық мәселелерді шешкенде, қарым-қатынастағы қиыншылықтарда және психосоматикалық ауруларда әсер етеді. Әдістеме өз-өзіне сенімсіз, тұйық адамдарға, мазасызданудан қиналған, депрессияда, әртүрлі қорқыныштан сонымен қатар кәсіби сәтсіздікке ұшыраған адамдарға көмектеседі.

2. Гештальттерапия – неміс тілінен «гештальт» образ, форма, құрылым деген мағынаны білдіреді, Фредерик Перлздің Гештальт психология негізінде жасаған психологиялық терапияның формасы. Гештальт терапия - психологиялық теорияның бір бағыты, адам түсінігін – ұғымын кеңейтуге және өзін-өзі ұғым-түсінік кеңеюі негізінде қабылдау. Психологияда гештальт тұтас ұғым, психологиялық ойлардың бағыты ХХ ғасырдың басында пайда болған.

Гештальт психологиялық эксперименттер адамның қабылдауы сыртқы тітіркендіргіштердің механизмдерімен байланыссыз, бөлек жүйе екендігін көрсетті. Организм өзіне қажетті және маңыздыны қабылдайды. Өзін қызықтыратын объектіні қабылдайды, қабылданған дүние көмескіленіп «фонға» кетеді. Гештальт психологияның қабылдаудың талғампаздылығы туралы зерттеулері организмнің бөлінбейтін біртұтастығы туралы көзқарастардың туындауына ықпал етті. Гештальт психолог Курт Левин «психологиялық алаң» теориясын жасаған. Оның теориясы бойынша адамның мінез-құлығы өмір сүру кеңістігіне, қоршаған ортадағы объектілер мен адам қажеттілігіне байланысты. Гештальттерапия теориясы төмендегі қағидаларға негізделеді:

- Адам - біртұтас әлеуметтік биологиялық психикалық жүйе;
- Адам мен оны қоршаған орта – тұтас гештальт, организм – қоршаған орта деп аталатын тұтас құрылым. Орта ағзаға әсер етеді, ал ағза ортаны өзгертеді. Мысалы: қоршаған адамдардың мінез-құлықтары бізге әсер етсе, бізде мінез-құлығымызды өзгерстек, өзгелердің де бізге деген қатынасы өзгереді.

- Адамның мінез-құлығы гештальт терапияның «Қалыптасу мен гештальттардың бұзылуы» принципіне негізделеді күнделікті қажеттіліктер басым болып, организмнің қабылдауы артады.

Организм қажеттілігін қанағаттандырудың жолдарын іздейді, қанағаттанады, яғни гештальт аяқталады немесе бұзылады.

– Контакт - гештальт терапияның негізгі ұғымы, организмнің қоршаған ортамен кездесуін контактінің аймағы ретінде қарастырады.

– Ұғыну–түсіну– ағзаның ішкі дүниесі мен оны қоршаған ортадағыларды ұғынып түсіну. Гештальт терапияның негізгі мақсаты – ұғым түсінікті кеңейту, мінез-құлықты өзгертуді мақсат етпейді. Осы жерде және қазір – организмнің дәл қазір осы жердегі қабылдауы, сезімі, іс әрекеті, ойлары, арман қиялдары өте өзекті болып табылады.

– Жауапкершілік – адам нақты шындықты қаншалықты түсінсе, оның жауапкершілігіде соншалық. Гештальт терапия мінез-құлықты тез арада өзгертіп, барлық симптомдардан құтылуға асықпайды.

3. Денелік бағдарлы терапия - психологиялық және денелік кедергілерді жоюға мүмкіндік беретін терапия. Денеге бағытталған терапияның негізін салушы В.Райх. Денеге бағытталған психотерапияда Райхтың «биоэнергетикалық» әдісі Лоуэн әдісі, Фельденкрайс әдісі қолданылады. Мақсаты дене бұлшық етіне түскен психологиялық күштенуді дене жаттығулары арқылы сыртқа шығару. Денелік – бағдарлы психотерапиядағы негізгі ұғым - бұлшықет сауыты. Денелік терапияның шаралары- денелік жағдайды бағалау, тыныс алу. Денелік – бағдарлы психотерапияда «алғашқы терапия» ұғымын енгізген ғалым - Артур Янов. Көңіл-күйге әсер ететін химиялық және электрлік алмасулардың жиынтығы - биоэнергетикалық мұхит деп аталады.

*Раціональды эмотивті терапия* – когнитивті психотерапияның бір бағыты (Альберт Эллис), неврозға шалдыққан адамдарға көмек көрсетуге негізделген. Негізгі түсінік ретінде сәйкесінше эмоциялардың белгілі бір келеңсіз көріністері деп аталатын АВС теориясы (бұзылыстар, түңілу) немесе мінез – құлық (С), кез – келген жағдайларға байланысты емес өмірге ашылуы (А), бірақ тек жанама түсіндіруге немесе наным- сенім жүйесі (В) арқылы өмірге кледі. Бұл психотерапиялық жұмыстың мақсаты эмоциялық және мінез– құлықтық реакциялардың бұзылуына жетекші, патогенді түсіндіру, анықтау және жою болып табылады.

Эллис адамдарда көптеген болып жатырған жағдайларға тікелей реакциясы жоқ екендігін, эмоционалды реакцияның сол болып жатырған жағдайда қалай қабылдауында екенін атап өтті. Сондықтан бұл оқиғалар адамдарды ашуландырып, тітіркендіреді, бірақ осы арқылы олардың интерпретациялануы, ойлауы жүзеге аса бастайды.

Мысалы: балаға әкесі айқайлаған уақытта бала көңілсіз күйге түседі, бірақ дәл сол уақытта көршілер ата – анасының бұл объективті ынталандыруына ешқандай көңіл аудармауы мүмкін (немесе керісінше мысалы: ашулануы мүмкін).

Эллис эмоционалды мінез – құлықты моделдеп, оның оңай және қарапайым ABC ретінде есте қалдырды:

А – Белсендіру Іс-шаралар, жағдайлар, іс-әрекеттер.

В – Шешім Білім, пікір, сенім, нанымына, әлемдік моделі.

С – Салдары эмоциялық, мінез-құлықтық, ситуациялық.

Егер біз В- ны білмесек, онда А мен С-ның арақатынасы белгісіз болар еді. Яғни, бізге белгілі бір жеке адам мынадай жағдайға түседі (мысалы: қоғамдық көлікте оның аяғын басып кетеді), бірақ ол адамның әлемінің моделін білмейміз (кем дегенде негізгі сәттерін), онда оның іс-әрекет салдарын бізге білу қиынға соғады (осы сәтте ол адам ұрыс ұйымдастыруы, жылауы, елемеуі немесе төбелес ұйымдастыруы мүмкін).

Ирроционалды шешімдердің түрлеріне тоқталатын болсақ.

Эллис ирроционалды пайымдауларды 4 түрге бөліп көрсеткен болатын:

1. «Міндеттімін (долженствовательные)» біреу (немесе нәрсе) өзінің мүлдем керісінше мінез – құлықтың болуын көрсетеді. («Мен бұл ойынды жеңуім керек», «Ол маған мейірімді кейіп танытуы керек», «Бәрі менімен әділетті болуы керек»). Осындай шешімдердің негізі кейбір мақсат – параметрлері обсессивті болып табылады.

2. «Қорқыныш» қаулыларының бәрі қорқыныш, қорқыныш оқиғаларынан түзеледі, өйткені бәрі жоспарлағандай болып шықпауымен байланысты. («Мен күйеуімнің үйге келгеніне дейін үйді тазалап үлгермесем жаман болады», «Менің ойымды біліп қойғаны жаман болды, бұл менің өмірімнің соңы шығар»). Бұндай ойлар өте негативті эмоциялардың, қатты қорқыныштың кесірінен пайда болады.

3. «Айыптау» басқа адамдардан өзіне ұнамайтын өзге қылықтарды көрсе, бұл әлемге төтеп бере алмауы. («Егер менің ең жақын досым өтірікші болса мен шыдай алмаймын», «Айналамдағылардың бәрі қас жауым болған екен, мен бұндайға шыдамаймын»).

4. «Айыптау адамды кемсіту үкімдері» (сол адамның кесірінен жағдайдын мүлдем басқа болуы). Осындай дәлелдер негізінде адамдар жақсы және жаман, мейірімді және мейірімсіз болуы, сонымен қатар жақсы мен жамандарға аяушылық таныту немесе жазалау. Мысалы: «Ол жаман адам, сондықтан кешіккені үшін жазалануы керек», «Егерде ол маған тағы да бір жаман сөз айтса мен оның нақұрыс екендігін түсінемін және мен одан сол үшін кек алмай қоймаймын».

Эллистің 12 негізгі ирроционал түрлері бар;

1. Ересек адам үшін жасаған әрбір қадамы адамдарға да тартымды болуы қажет.

2. Жағымсыз және жазықсыз кез келген әрекеттерді қатаң жазаға тарту керек.

3. Бәрі мен ойлағандай болмаса мен үшін ол жағымсыз әсер қалдырады.

4. Барлық қайғылардың бәрі қырсық адамдардың және қырсық жағдайларға байланысты туындайды.

5. Егер сіз қорықсаңыз және қауып төнгенін сезсеніз сақтықта болуыңыз керек.

6. Міндеттер мен қиындықтарды жеңуге қарағанда, оларды бодырмау қиынға соғады.

7. Әрбәр адам өзі сезетіндей мықтырақ және маңыздырақ бір нәрсе талап етеді.

8. Сіз барлық жағынан да ақылды, табысты, күзіретті болуыңыз керек. Сіз барлығын біліп, барлығын түсініп, жетістікке жетуіңіз үшін бәрін жасауыңыз керек.

9. Сіздің өміріңізге бір рет әсер еткен жағдай, әрқашанда әрі қарай сіздің өміріңізге әсер ете береді.

10. Біздің көңіл-күйімізге басқалардың әрекеттері әсер етеді. Сондықтан, адамдарды біздің қалауымызға байланысты өзгерту үшін қолымыздан келгеніміздің бәрін жасауымыз керек.

11. Бақытқа жетудің бірден бір жолы, ол ағынмен жүзу және ешқандай шара қолданбау.

12. Біз өзіміздің эмоцияларымызға билік жүргізе алмаймыз және де оларды сынап алмаймыз.

Типтік рационалды эмотивті терапияның схемасы.

Тапсырыс беруші клиентке терапияның ұтымды – эмоционалды жағдайын дәлелдеу. Қарапайым өмірден мысал келтіре отырып түсіндіру. ABC моделін клиентке еңгізіп, терапияның негізгі идеясын кеңейту. Түсінікті және де клиентке жақын тілмен әлеуметтік іс-шараның туындайтын ұтымсыз және ұтымды мысалын келтіру. Бұның бәрі қандай рационалды және ирроционалды мінез-құлыққа әкелетідігін клиентпен талқылау.

1. Клиенттің келісіміне жету үшін РЭТ аппаратын пайдалана отырып, ирроционалды үкіміне жету.

2.Терапевт клиенттің туындап отырған ирроционалды үкімдерін талқылайды. Анықталған ирроционалды есептің тізімін ұсынып, бұл есептердің неге ирроционалды екенін түсіндіре отырып оларды тиімді рационалды есепке ауыстыруға болатындығы жөнінде клиентпен талқылау. Осы идеяларды жақсы рационалды мәлімдемелер арқылы жазу.

3. Клиенттен өз жағдайын өзі анықтауын сұраңыз. Бұндай жағдайларда басына қандай ирроционалды ойлардың келетіндігін талқылаңыз. Осы ойлардың салдарын қағазға жазып, клиентке де өз ойын ашық айтып, рационалды ойларын қағазға жазып отыруы сұралады.

4. Нақты оқиғалар туралы жаңа рационалды және шынайы шешімдерді дамыту. Осы соңғы кезеңде клиенттің «күрделі жөндеуден» әлемдік дамуын дамыту және нығайту.

5. Нақты проблемалық жағдайда туындайтын тиімсіз ойларды, сезімдері мен іс – әрекеттерін анықтау үшін клиентті көтермелеу. Кейбір жағдайлар нақты, қиындықтар туындайтындай болуы тиіс. Клиенттер проблемалық жағдайлардың барлық жанжалдарды жабуға көмектесу үшін, біз қарапайым қиял әдісін пайдаланамыз.

6. Осыдан кейін қиындықтарды критерийлер бойынша бөлу керек. Терапевт әрбір қиын проблемалық жағдайларды оңайынан бастап құрайды. Ситуацияны талқылау нақты өмірде, адамның қиялында болады. Клиент әрбір жағдайды айтқанда, сол жағдайды шешуге қолайлы тәсілдерді алады.Терапевтік негізгі жұмысы клиенттің жағдайына тереңірек еніп және оны ауыстыру болып табылады.



7. Әрбір берілген жағдайдан терапевт ойлап, нақты түйін шығаруы керек. Содан кейін терапевт клиентке өз проблемасын өзі шешуге жол сілтейді. Терапевт клиенттің өз проблемасын 100 пайыз шындаққа жанасуын талқылайды.

8. Клиент (қиял, рөлдік ойын және нақты өмірде) оқиғаны белсендендіру және ұтымды балама әзірлеу үшін терапевт қатысуымен оны ұсынады. Терапевт клиентке қандай жағдай болмасын өз эмоциясын қалай ұстау керектігін үйретеді (мұнда ең қолайлы тәсіл болып 0 ден 100 баллға дейін есептелінетін «қорқыныш термометрі» деп аталатын әдістемені қолдану жөн болып табылады). Бастапқы кезеңде терапевт рационалды пікірді дайындайтын суфлер және құрастырушы рөлінде болады. Бұл әдіс өзінің бірқалыпты шешімін таппайынша жалғаса береді

4. «Танатотерапия» термині грек сөзі «tanatos» - ажал және «terapia» - шипа, қамқорлық, ем дегенді білдіреді. Сөзбе-сөз бұл түсінік «өлім терапиясы» деп аударылады, бірақ ол әлі де толықтай дәлелденген жоқ. Танатотерапия барысында адаммен психикалық және физикалық барысымен адам байланысты жоғалтып өледі және өлімнің негізгі себебі болып дене терапия әдісі саналады. Танатотерапияның негізгі әдісі ретінде арнайы техниканы пайдалану нәтижесінде адам дүниесін танытып, өзін – өзі реттеу, табиғи процестер және клиентпен жұмыс істеу жолдары арқылы білінеді. Негізгі әдістердің бірі – қарым – қатынасқа сәйкес келмейді, бірақ адам дисгармониялық шындыққа енеді, осындай бір тәсіл «body – tuning» - дене баптау деп аталады. «Дене – баптау» әдісінің негізгі міндеті өлімнен қорыққан адамға психологиялық стрессті жоюға көмектеседі және денені абсолютті босатуға септігін тигізеді. Танатотерапияның басты міндеті денемен жұмыс істеу болып табылады. Танатотерапия әдісі 80 жылдың аяғында, Ресейдегі денелік психотерапевтік ассоциацияның басқарушысы, психолог, психотерапевт В.Ю.Баскаков ашты. Владимир Баскаков 2001 жылы Танатотерапия институтын ашып, ол жерде «өлудің дұрыс жолдары» сабағын жүргізген болатын. Танатотерапия әдісі тқмендегідей сфераларда қолданылады:

1. Өлген адамдармен жұмыс;
2. Ұйқының созылмалы бұзылуы;
3. Невротикалық жағдай кезінде;
4. Өлімнен қорқу және өмір қиыншылықтары кезінде;

5. Реабилитациялық дағдарыс жағдайында;
6. Адамның өзін – өзі тануын жоғары бағалу үшін және өмірден өз орнын табу кезінде
7. Тұлғалық өсу үшін;
8. Психикалық аурулар мен және психопатия кезінде;
9. Жүктілік және бедеулік жағдайында;
10. Реабилитациялық емдеу.

Танатотерапия сеансы кезінде тұлға өзін жайлы сезінген кезде танатотерапевт маман пациенттің қол – аяғын қозғалтып, басын көтереді. Бетін, мойынын қозғалтып, артық эмоциялық жағдайларды, стресстік жағдайларды шығарады. Сіз осы сеанс кезінде өзіңізге сенімді болуыңыз керек. Танатотерапиялық процесс клиентпен өмір және өлім туралы әңгіме бойынша аяқталады. Мысалы, өлім дегеніміз не? Мен үшін пайдасы мен зияны қандай? сұрақтар қойылады. Танатотерапияны қолдану психосоматикалық құлазу, арқа – буын, шизофрения және т.б. аурулар кезінде қолданылады. Осы әдістің эффективті зерттеу әдісі ретінде проективті сурет әдістемелері де қолданылады. Танатотерапевт клиентпен жекелей және топпен жұмыс жасай алады. Танатотерапия «өлудің дұрыс жолы» концепциясына сүйенеді.

## **МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ**

1. Мектептегі психологиялық қызметті құру аспектілері.
2. Психологиялық қызметтегі кәсіби психологтардың орны мен жұмыс бағыттары.

1. Мектептегі психологиялық қызметті практикалық ұйымдастырудың ғылыми негізделулері мен тәсілдеріне қатысты сұрақтарды зерттеу әр елде олар өзінше шешім табылатындығын көрсетті.

Мектептегі психологиялық қызметті 3 аспектіде: педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясының бір бағыты ретінде, яғни қазіргі замандағы мектептің жағдайларында психологиялық білімдерді кәсіби қолданудың амалдарын, құралдарын және әдістерін өңдеу мақсатымен оқушының

тұлғасын қалыптасуы мен психикалық дамуының заңдылықтарын зерттейтін оның теориялық қолданбалы бағыты (ғылыми аспектісі); оқу бағдарламаларын құру, оқулықтарды жасау, дидактикалық және әдістемелік материалдардың психологиялық негіздерін өңдеу, мұғалімдерді психологиялық дайындау және т.с.с. ендіре отырып оқыту мен тәрбие процесстерін психологиялық қамтамасыздандыру ретінде (қолданбалы аспект); мектепте психологтардың тікелей жұмысы ретінде (практикалық аспект) қарастыру қажет. Мектептегі психологиялық қызметті бір-бірімен байланысты 3 аспектінің бірлігінде іске асыруға болады.

1) *Ғылыми аспект* - педагогикалық және жас ерекшелік психологиясының теориялық-қолданбалы бағыты ретінде анықталуында, яғни қазіргі жоғары мектептің жағдайында психологиялық білімдерді кәсіби қолданудың тәсілдерін, әдістері мен құралдарын өңдеу және оқушылардың тұлғасын қалыптастыру мен психикалық дамуының заңдылықтарын зерттеу;

2) *Қолданбалы аспект* - оқыту мен тәрбилеу процесстерін психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету, яғни мектепте оқу бағдарламаларын құруда студенттердің жас және жеке дара ерекшеліктерін барынша ескеретін оқулықтар мен оқу құралдарын жарыққа шығару, мектептегі дидактикалық және әдістемелік материалдардың психологиялық негіздерін жасап шығару;

3) *Практикалық аспект* - тікелей мектептегі психологтардың іс жүзінде атқаратын психопрофилактикалық, психологиялық ағарту, психодиагностикалық, психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыстары.

Осы аталған 3 аспектінің бірлігі (ғылыми, қолданбалы, практикалық аспектілерінің атаулары шартты) мектептегі психологиялық қызметтің пәнін құрайды. Олардың әрқасысының орындаушылардан белгілі кәсіби дайындықты қажет ететін өзіндік міндеттері бар. Әрбір аспектіні нақты өңдеуден тұтас алғанда, мектептегі психологиялық қызметтің дамуы тәуелді болады.

Ғылыми аспект мектептегі психологиялық қызметтің әдіснамалық мәселелерін өңдеуді болжайды. Осы бағытты іске асырушылардың басты міндеттері - мектептегі психологиялық

қызмет іс-әрекеттерінің психодиагностикалық, психокоррекциялық және дамытушы әдістерін өңдеу мен теориялық негіздеу, ғылыми зерттеулер жүргізу. Мұндай зерттеушілердің теоретиктерден айырмашылығы - олар тек қандай да бір механизмдерді немесе заңдылықтарды анықтап, бала туралы ғылыми білімдерді ғана байытпайды, ал, сонымен қатар, нақты бір бала тұлғасының тұтас қалыптасу контекстінде осы механизмдер мен заңдылықтардың пайда болуының психологиялық жағдайын анықтайды. Осындай зерттеуді жүргізетін ғылыми қызметкер өзінің басты тапсырыс берушісі ретіндегі тәжірибеші психологқа бағдарлануы қажет.

Қолданбалы аспект халықтың білім беру қызметкерлерінің психологиялық білімдерді қолдануды болжайды. Бұл бағыттың басты қызметін атқаратын адамдар болып оқу бағдарламаларын және жоспарларын құруда, оқулықтарды жасауда, дидактикалық және әдістемелік материалдарды өңдеуде, тәрбие беру бағдарламаларын құруда өз бетінше немесе психологтармен бірлесе отырып, жаңа психологиялық мәліметтерді ассимиляциялайтын және қолданатын педагогтар, әдіскерлер және дидакттар көрінеді.

Қызметтің практикалық аспектісін мектеп психологтары қамтамасыз етеді. Олардың міндеті-сол не басқа нақты мәселелерді шешу үшін балалармен, сыныптың ұжымымен, мұғалімдермен, ата-аналармен жұмыс. Олардың міндетіне жаңа әдістерді жасау, психикалық заңдылықтарды зерттеу және т.б. кірмейді. Бірақ олар бүгінгі күні ғылымда бар нәрселердің барлығын кәсіби сауатты қолдануға міндетті.

Сонау көне заманнан бері дамып келе жатқан жантану ғылымы адамның күнделікті өміріне қарқынды түрде еніп келеді. Ұлы ойшыл Сократтың «өзіңді өзің тани біл» деген ұлағатты ойының маңызы артуда. Білім беру саласындағы психолог мамандарына жалпы ереже құрылып, олардың жауапкершілік жүгі, құқықтары мен міндеттері бекітілгелі бері білім беру саласы, оның ішіндегі мектептерде жантану ғылымының әдіснамалық құрылымына мән беріліп, оған бетбұра бастады.

Жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеуді ғылыми-психологиялық білімнің негізінде жүргізу үшін білім беру жүйесінде психологиялық қызметтің негізі жасалады және жүйеленіп құрылады. Оның жетекші қызметкерлері жоғарғы оқу

орнының «психология» мамандығын бітіргені туралы дипломы бар кәсіби (мамандандырылған) психологтар болып табылады. Олар баланың өміріне қатысты педагогикалық-психологиялық сұрақтарды шешуге қатысады, яғни адамның сәбилік шағынан бастап жоғарғы сынып кезеңдерінің (жеткіншектік жас өспірімдік, жастық шақ кезеңдері) соңына дейінгі шақтарында олардың білім алу мен тәрбиеленуіне қатысты мәселелермен шұғылданады. Бала туылған кезеңінен бастап мектепті бітіргенге дейін уақытта ол кәсіби психологтың басты назарында болады. Орта есеппен 16-18 жасқа дейінгі аралықта баланың психологиялық дамуына жүйелі түрде бақылау жасалып тұруы қажет. Мұндай бақылаулардың барысында оған психодиагностикалық зерттеулер жүйелі түрде жүргізіліп, баланың психикалық дамуының сипаты мен өсу дәрежесін бағалайды және оның білімі мен тәрбиесіне ұсыныс-пікірлер және бақылаулар жасалады. Психологиялық қызмет қазіргі білім беру жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Дәлірек айтсақ, психологиялық қызмет балалардың психологиялық дамуын, оның ішінде қабілеттері, қызығушылықтары мен талпыныстары негізінде интеллектуал және тұлғалық потенциалын, баланы оқыту мен тәрбиелеуде өз уақытында анықтап, оны пайдалануды толық қамтамасыз етеді. Сондай-ақ психологиялық қызмет баланың психологиялық даму қорының пайда болуын, оларды оқыту және тәрбиелеу процессінде жүзеге асырылуын өз уақытында қамтамасыз ете алады.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің тағы бір күрделі міндеті үнемі оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру мақсатында балалық шақтағы оқыту мен тәрбиелеу процесін бақылауға алып отыру болып табылады. Бұл педагогикалық процесті құруда еске ұстанатын жағдай оқыту мен тәрбиелеуді психологиялық теорияның негізгі қағидаларымен және баланың психикалық дамуын табиғи-әлеуметтік заңдылықтармен сәйкестігін қатаң бақылау болып еспетеледі. Мұнда психологтың жұмысындағы практикалық мақсатты төмендегідей: психологиялық ғылымның негізінде әртүрлі балалар мекемесінде қабылданған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен тәсілін бағалау және жас ерекшелігіне қарай балалардың дамуы туралы ғылыми түсініктердің негізінде олардың жетілуіне сипаттамалар беріп отыру.

Психологиялық қызмет бөлімдері өзінің жұмысында баланың психикалық дамуының заңдылықтары жөніндегі біліміне сүйене отырып, осы міндеттерді шешумен айналысады.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің шешетін келесі маңызды міндеттерінің бірі - *психологтардың педагогикалық процеске тікелей қатысы бар тұлғалар: балаларға, ата-аналарға, мұғалімдерге және мектеп басшылығына практикалық әсері*. Аталған міндет оқу мен тәрбиелеу процесіне қатысты адамдарға тікелей психологиялық көмек көрсетуді ұсынады. Мұнда психолог педагогтың, психотерапевтің, психоконсультанттың, психокорректордың рөлін атқара алады.

Білім бері жүйесінде басқару құрылымының қызметкерлері жалпы психологиялық көмектен басқа, жоғарыда айтылғандай топтар мен ұжымдағы адамдарды басқару мен ұйымдастыру жұмысында ерекше психологиялық қолдауларға да қажетсінеді екен. Білім беру жүйесіндегі қызметкерлерге жетекшілік ету үшін *басқару психологиясы, қарым қатынас психологиясы, топтық әрекеттің эффективті психологиясы* жөніндегі білім қажет. Балаларды оқытумен тәрбиелеу саласына қатысы бар ересек адамдардың бәрі баланың дамуы мен оларды басқаруды тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін психологиялық білімге қажетсінеді. Мұндай білім өзінің қажетті дәрежесінде жоғары педагогикалық оқу орындарында беріледі. Бірақ олар өз кезегінде жетілдіріп, жаңартып, қосымша білімдермен толықтырылып отырады. Яғни, педагогтың кәсіптік әрекетінің өз деңгейінде өтіп отыру үшін де, олардың жетілдіру жолдарын да психологиялық қызмет қамтамасыз етеді.

Психологиялық қызметтің арнайы міндеттері білім беру саласының басқа өкілдерімен, педагогтармен, дефектологтармен, әлеуметтанушылармен, дәрігерлер, заң қызметкерлерімен - баланың және оның құрбы-құрдастарынан ерекшеленетін және өзіне ерекше көңіл аударуды талап ететін балалардың тағдырына қатысты сұрақтарды бірлесе отырып шешуде көрінеді. Әрине психологиялық қызметте өзінің дамуынан артта қалған балалар мен дарынды балалармен жұмыс болатыны сөзсіз. Біріншіден, оқыту мен тәрбиелеуде дамуы баяу балалар менгере алатын қарапайым бағдарламалар, ал екіншіден, керісінше қатардығы балаларға қарағанда дарынды балаларға күрделі бағдарламалар

қажет. Өз қатарынан қалған және дарынды балаларға ұсынылатын бағдарламалар міндетті түрде алдын-ала психологиялық-педагогикалық эксперттік тексерудің, сонымен бірге әртүрлі саладағы маман педагогтардың қатысуымен жасалынуы қажет. Өзінің қатарынан қалып қойған физикалық және психологиялық жағынан әлсіз балалар болған жағдайда да жеңіл оқу-тәрбиелік бағдарламалар талап етіледі, бірақ мұндай бағдарламалар қалыпты деңгейдегі балалардан қалып қоюын тереңдетіп жібермеу керек. Керісінше, бұл бағдарламалар артта қалған балалардың дамуын тездетіп жетілуін қамтамасыз етуді қажет етеді.

Психологиялық қызметтің мамандарымен білім беру жүйесіндегі басқа құрылымдарының арасында белгілі бір қатынас орнайды. Бұл қатынастар білім беру ұйымдарының бекіткен психологиялық қызмет туралы ережелерімен реттеледі.

Психологиялық қызметтің даму перспективалары оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі психологиялық білімге тереңірек үңілумен, зерттеумен байланысты.

2. Психологиялық қызметтегі кәсіби психологтардың орны мен жұмыс бағыттары. Қоғамның дамуына, оны өркендетуші адамзаттың жан жақты өсіп жетілуіне психологиялық қызмет аз көпті әсерін тигізіп отырады. Осы психологиялық қызметті атқарушы маман әрине кәсіби психолог болып табылады. Оның осы қызметтегі ерекшелігі ол атқаратын қызмет бір емес көп деңгейлі, көп құрылымға ие.

Қазіргі кездегі кәсіби психологтардың жұмысында арнайы мамандануының төрт негізгі бағыты бар: *психодиагностикалық; психологиялық кеңес; психопрофилактика; психокоррекция.*

Осы аталған бағыттар кәсіби психологтың іс-әрекетін жүйелі ұйымдастырып, маңызды нәтижелер алудың негізгі көрсеткіштері. Осы бағыттарға жеке-жеке тоқталып өтейік.

*Психодиагностика.* Психологиялық қызметтің алғашқы бағыты - психодиагностика. Бұл зерттеушіні немесе баланы психологиялық зерттеудің әдістерін жетекші маман ретінде меңгеруін ұсынады. Психодиагностикаға мамандануда кәсіби психологтың міндеті білім беру жүйесіндегі балалар мен ересек адамдардың жүріс-тұрысын, психологиясын бағалауға, оларды білікті психологиялық мінездеме беру, психологиялық зерттеу процесінде жеткілікті және сенімді көрсеткіштерге ие болу.

Кәсіптік іс-әрекеттің бұл түрімен айналысатын психолог психодиагностикалық әдістерді тәжірибеде қолдану технологиясын ғана біліп қоймай, онымен бірге оның теориясын да білуі қажет. Диагностика бойынша психолог маманы зерттеу әдістерін ең алдымен өзі құрастыра және тексере білуі керек. Сондай-ақ қажетті әдіс тәсілдерді, тесттерді адаптациялауды, олардың валиттілігі мен сенімділігіне ғылыми баға берудің тәсілін меңгеруі тиіс. Кәсіби психологтан жүргізілген психодиагностикалық зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізі және коррективті интерпритациясы, сол зерттеу жұмысының интерпритациясында қателік немесе дәйексіздікке жол бермеуі талап етіледі.

Психолог міндетті түрде әртүрлі әдістерді, оның ішінде жоғарғы дәрежеде құрыстырылған әдістерді (Векслер әдістемесі, ММРІ, Кэттел сауалнасамы, Амтхауэрдің тесті, Т.Лири әдістемесі және т.б.) және төменгі дәрежеде құрастырылған (бақылау, әңгімелесу, анкета, проективті әдістер және т.б.) әдістерді толық меңгеруі тиіс.

*Психологиялық кеңес.* Кәсіби психологтың жұмысындағы екінші арнайы бағыты - психологиялық кеңес болып табылады. Психологиялық кеңес өзінің қызметіне қарай төмендегідей жұмыс түрлерін бөліп шығарады: жүргізілген психодиагностикалық зерттеу нәтижесінен алынған психологиялық-педагогикалық мінездемелердің талдамы мен дәл тұжырымдамасын беру, мұнда берілген мінездеме балаларға және ересектерге арналған нұсқада ұсынылып, тәжірибеде жүзеге асыру барысында түсінікті әрі тиянақты, дәл болуы тиіс. Психологиялық кеңеске, көмекке мұқтаж адамдармен әңгіме жүргізу. Мұндай әңгімелесудің соңы балалар мен ересек адамдарға ыңғайланып, қажетіне қарай алынған психологиялық және педагогикалық кеңестермен аяқталады. Мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыс. Мұнда кәсіби психолог, әсіресе мектеп психологы балалардың психикалық дамуына әсер ететін факторлардың негізінде туындап отырған сұрақтармен айналысады. Баланың өміріне қатысты тұлғаларды атап айтсақ, тәрбиеші, мұғалімдер, құрбы-құрдастаы және т.б. оның өмір сүру бағытына қаншалықты әсер етулері олардың бала дамуының жан-жақты дұрыс қалыптасуына тигізетін себептерін анықтап,



психолог тиісті деп білген ұсыныс-пікірлермен, кеңестермен таныстырып отырады.

Психологиялық әсер ету әдістерінің дәстүрлі бір түрі - психологиялық кеңес болып табылады. «Психологиялық кеңес» ұғымы қазіргі кездегі жантану ғылымдар саласында бір мәнінде ғана анықталмайды. Оның ұғымы бірнеше мағына береді. Бұл термин маманның кеңесі, қандай да кеңес беру функциясын жүзеге асыратын мекеме нақты бір мәселеге қатысты жиналыс, қарым-қатынас процесіне жақын-туыстардың, дос-жарандардың және т.б. бір-біріне беретін ақылдары, пікірлері ретінде қолданылады.

Ал кәсіби психологтың кеңесі нақты бір жағдайларда адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп те түсіндіріледі. Қалай болғанда да психологиялық кеңесті психолог маманының қандай да бір тұлға мәселелері бойынша беретін кәсіби кеңесі, яғни психологиялық көмек көрсету мақсатындағы іс-әрекеті деп түйіндеуге болады.

Ағылшын жеріндегі Британдық консультация беру ассоциациясы психологиялық кеңесті үнемі немесе уақытша кеңес беруші рөліндегі адамның нақты бір мерзімде уақытша клиент рөліндегі адамдарға назар аударып құрметпен қарау үрдісі деп қарастырады.

Ғалым-зерттеушілер психологиялық кеңес ұғымын түрлі жағынан қараса да, оның қарым-қатынас жасаудағы қиыншылықтарды шешуге бағытталғандығын көрсетеді.

Сұхбат немесе арнайы әңгіме психологиялық кеңес берудің негізгі әсер ету құралы деп қарастырылады. Әңгіме барысы тұлғааралық қатынастарға қатысты психологиялық мәселелерді талдауды және шешім қабылдауды қамтиды. Осының нәтижесінде клиент өз қарым-қатынас саласын қайта құру потенциалын белсенді ету мүмкіндігіне ие болады. Сондықтан да диалогтық қарым-қатынас консультациялық сұхбат негізі болады. Психологтың және клиенттің арасындағы тиімді қарым-қатынасты клиенттің келешекте біртіндеп әлеуметтік ортада қолдануына мүмкіндік болатындай өзара қатынас орнатуды меңгеруінің қадамдары, жаңа тәжірибесі ретінде де қарастыру қажет. Осы мағынада қарым-қатынас психологиялық кеңесінің пәрменді құралы болады. Ғылым мен тәжірибеде психологиялық кеңестің осы дәстүрлі бөлімі сипаттау үшін де, жалпылау үшін де

күрделі мәселе. Аталмыш мәселе қазақ тіліндегі психологиялық ғылыми қорда және іс-тәжірибеде әлі күнге дейін толық қарастырылмаған. Психологиялық кеңес тұлғааралық қатынасқа қатысты мәселелерді шешуге бағытталады. Ю.Е.Алешина 1) клиенттің жеке бас мәселелері мен өмір қиыншылықтарына өзгеше қарауға және 2) саналы түрде ойластырылмай және бақыланбай қалып, қақтығыстардың көзі болатын кейбір өзара қатынастарды аңғарып, талдауға жәрдем беруді психолог-кеңесшінің міндеттері деп санайды.

Психологиялық кеңес теориялары мен тәжірибелерін талдай отырып, психологиялық консультацияны психикалық дамуы қалыпты адамдардың өзін-өзі тану шекараларын кеңейтуге мүмкіндік беретін, осының негізінде басқаларға қатысты бағдары мен қатынасын өзгертуге және қандайда бір жағдайларда мінез-құлық, жүріс-тұрыстың, қарым-қатынас жасаудың варианттарын ойластыра алып, тиімділерін қолдануға қабілеттерін арттыратын психологиялық әсер етудің бір формасы деп қарастыру жөн болады. Осыған сәйкес клиент өз қатынасын және өз мінез-құлқын, жүріс-тұрысын өзгерту мүмкіндігіне ие болады.

Қазіргі психологиялық кеңес беруде қандай да бір психологиялық бағыттың идеялары мен әдістерін негізге алып, қажет болса оларды комбинациялап, қолдану тәжірибесі кең таралған. Психологтың қандай да бір тұжырымдаманы тұтасымен және өзінше интерграциялап, қолданылуы психологиялық көмектің адекваттылығының бірден бір кепілі болып табылады. Қолданылатын теориядан консультацияны ұйымдастыруға, компетентті жүргізуге қажетті принциптер, психологиялық әсер ету формаларының бар түрлеріне қатысты этикалық талаптар шығатыны белгілі. Сондықтан консультациялық сұхбаттың теориясы мен тәжірибесінде концепталды және процессуалды жақтарының мәнді психологиялық тұрғыларды айқындау өзекті мәселе болып табылады.

Психологиялық кеңес беру, *психологиялық коррекция* және психотерапия салалары бойынша аса кең тараған негізгі үш түрі бар, олар:

- 1) психодинамикалық бағыт;
- 2) бихевиористік бағыт;
- 3) гуманистік бағыт.

Психологиялық көмек көрсету тәжірибесінің тарихында психодинамикалық бағыт алғашқы болады. Ол XIX ғасырдың соңында пайда болып, XX ғасырдың басынан-ақ танымал болып, өрістей бастады. 1950 жылдардың соңына дейін клиникалық психология мен психотерапияда, тіпті психиатрияда да психоанализ жалғыз ғана ықпалды бағыт болды. Психодинамикалық бағыт австриялық психиатр Зигмунд Фрейдтің (1856-1939) психоанализіне негізделеді. Қазір аталмыш бағыттың көптеп пайда болған модификациялары А.Адлер, Э.Эриксон, Э.Фромм, К.Хорни, К.Юнг, В.Рейх және т.б. еңбектерінде анықталған. Сонымен қатар Э.Берннің трансактілі анализі, Р.Перлздің гештальт терапиясы, А.Лоувеннің биоэнергетикасы сияқты танымал бағыттар Фрейдтің классикалық теориясынан бастау алады. З.Фрейд тұжырымдамасы жеке адам құрылымындағы санасыз әрекеттерге қатысты екені белгілі. Психоаналитиктер санасыздық ұғымы арқылы адам өмірінің небір күрделі де қақтығысты, дағдарысты шақтарын сипаттайды. Сондықтан, адамды іштей билеп алып, санасыз қылықтар жағына ығыстырылған, түс көру, сандырақтау, ырықсыз қозғалу, бір ойларды аңғармай айтып қалу сияқты құбылыстарды зерттеу-психоанализдің басты міндеттері. Психоаналитикалық тұрғыдағы консультация клиенттің нақты бір көкейкесті жағдайына қатысты бола бермейтін, санасыз қылықтармен, шешімдермен байқалатын көкейкесті жағдайлардағы типтік ерекшеліктермен байланысты жан ауруының бастапқы, әлдеқайда жалпыланған, ортақ себептерін аңғаруға шоғырланады.

## **БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ**

1. Практикалық психологтың кәсіби іс-әрекеті.
2. Психологиялық қызмет кабинеті.

1. Мектептегі педагог – психолог мектепке дейінгі балалармен, бастауыш сынып оқушыларымен, жасөспірімдермен, жоғары сынып оқушыларымен, яғни әртүрлі жастағы балалармен жұмыстанады. Сонымен бірге, ол онтогенездің бір сатысынан келесі жоғары сатысына балалардың көшуін бақылайды. Бұл

өтпелі кезеңде балаларға көмектесу балалар психологының басты және күрделі міндеттерінің бірі. Оқушылардың әр қырлы интеллектуалды және жеке тұлғалық дамуы үшін әр баланың жасерекшелік кезеңдері қиыншылықтарында толыққанды өмір сүруге, сонымен қатар жеке шығармашылық потенциалының ашылуына себепкер болатын тиімді психологиялық және педагогикалық жағдай жасауды талап етеді. Сондықтан бала, оқушы әр жас кезеңінде өзіне ерекше қарым – қатынас жасауды қажет етеді.

Бүгінгі таңда еліміздің түгелге жуық мектептерінде психологиялық қызмет бар, оны педагог-психолог жүзеге асыруда. Дегенмен, елімізде психологиялық қызмет іс – әрекетін үйлестіруші басты орталық жоқ, осы уақытқа дейін ҚР ҒБМ бекіткен мектептегі психологиялық қызмет ережесі жоқ, бұл өз кезегінде еліміздің түкпір – түкпіріндегі мектеп психологтары жұмысының бірыңғай жүйесі болуына кедергі болуда. Педагог – психологтың, оқушылар мәртебесінің анықталмауы салдарынан білім беру практикасына психологиялық технологияларды тиімді енгізуге, мектептің даму жағдайында балалармен, педагогтармен, ата – аналармен үйлесімді қарым – қатынас қалыптастыруға кеселдік келтіруде.

*Мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты.*

Психологиялық қызмет мақсаты бүгінгі таңдағы мектептердің басты мақсатымен үндесуі керек. Бүгінгі мектептің басты мақсаты әр оқушыны білімді, мәдениетті, жоғары адамгершілікті, шығармашыл белсенді және әлеуметтенген жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Оқыту мұғалім мен оқушының, сонымен бірге оқушылардың өзара қарым-қатынастарының арнайы ұйымдастырған үрдіс, соңғы анықталған білім, дағды және іскерлікті меңгеруге бағытталған тәрбиенің басты әдісі мен құралы және құрамдас бөлігі. Сондықтан, қай пәнді оқытпасын әр мұғалім оқушының жеке тұлғасын тәрбиелеуші, оқу іс – әрекетін және мектептегі оқушылар өмірінің қайырымды да, сезімтал жетекшісі болу керек. Сонымен бірге мұны ол тек мектептің негізгі мақсаты болғандықтан емес, кез – келген пәнді оқыту үрдісінің жетістігі оқушылардың қажеттілігі мен мотивация сферасының қалыптасуымен, олардың нақты мүмкіншіліктері мен күштеріне

сүйенген танымдық қабілеттерінің дамуымен тағыз байланысты болып келеді.

*Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті жүзеге асыруда қолданылатын және жүргізілетін құжаттар*

*Мектеп психологына қажетті құжаттар тізімі:*

I. Ақпараттық – нормативтік құжаттар:

А) Психологиялық қызметтің жылдық перспективалық жоспары;

Б) Жеке кеңестерді тіркеу журналы;

В) Топтық шараларды тіркеу журналы;

Г) Сабаққа кіру дәптері (психолог аптасына 4 сабаққа кіру қажет);

Д) Әдістемелер банкі;

Е) Заңдар (Білім туралы ҚР заңы, Неке және отбасы туралы ҚР заңы, Бала құқығы туралы Конвенция және т.б.);

Ж) Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар және т.б;

II. Сабақтастықты қолдау шаралары.

III. Ата – аналармен жұмыс.

IV. Педагогикалық ұжыммен жұмыс.

V. Дарынды балалармен жұмыс.

VI. Оқу – тәрбие үрдісінде қиындық келтіретін оқушылармен жұмыс.

VII. Оқушылармен жұмыс.

VIII ҰБТ, МАБ – қа психологиялық әзірлік.

*II – VIII папкаларда сол бағыт бойынша жұмыс жоспары, өткізілген дәрістер, семинар-практикумдардың өңделімдері, диагностикалық әдістемелер қорытындылары, хаттамалар, түзету - дамыту бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар, жаднамалар және т.б.*

*Мектептегі психологиялық қызмет жоспарына қойылатын талаптар*

*Жоспарды құрғанда ескеру қажет:*

- Сол мектептің білім беру міндеттері мен мақсаттарын;

- Білім туралы ҚР заңы, Неке және отбасы туралы ҚР Заңы, Бала құқығы туралы Конвенциясына, Білім және Ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына, облыстық (қалалық басқарма, департамент) білім беру басқармасының жарлықтарына сәйкес баланың қызығушылық құқықтарына көңіл бөлінеді;

2. Жұмыс жоспарына келесі бағандарды енгізу қажет:

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу жағдайы	Жауапты	Өткізу уақыты	Күтілетін нәтиже
1	2	3	4	5	6

3. Жұмыс жоспары сол білім беру мекемесінің есептік кезеңіне қарай құрылады. Мысалы, аптаға, айға, тоқсанға және т.б. Мектептегі психологиялық қызметтің перспективалық жоспары оқу жылына құрылу керек.

*I. Жеке кеңестерді тіркеу журналы*

Күні айы, жылы	Өткізу уақыты	Клиент	Клиент	Клиент	Келу себебі	Мәселесі	Кеңес нәтижесі	Кеңесші
		Т	Т	Т				
		Жасы	жынысы	Аты-жөні				
1	2	3а	3б	3в	4	5	6	7

2 – ші бағанда кеңестің басталу және аяқталу уақыты белгіленеді, ал бұл болашақта кеңесті тиімді жоспарлауға көмектеседі.

3б бағанында клиент өзін қалай атайды, лақап атымен немесе т.б. белгіленеді.

7 баған егер мектепте бірнеше психолог болған жағдайда қосылады.

*II. Топтық шараларды тіркеу журналы*

№	Қатысушылар	Тренинг немесе сабақ тақырыбы	Өткізу күні	Қатысуды белгілеу	Психолог	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7

*Топтық шараларға жатады:*

Оқушылармен, ересектермен өткізілген тренингтер;

Коррекциялық және дамыту шаралары;

Семинарлар, дәрістер, практикалық және әдістемелік шаралар;

Мұғалімдермен, оқушылармен өткізілген іскерлік ойындар;  
Диагностикалық шаралар.

III. Сабаққа ену дәптері

Сыныбы \_\_\_\_\_ Датасы \_\_\_\_\_  
Сабақтың тақырыбы \_\_\_\_\_ Мұғалімнің аты – жөні \_\_\_\_\_  
Сабаққа ену мақсаты \_\_\_\_\_

Сабақ сатылары	Мұғалімнің іс - әрекеті	Оқушының іс - әрекеті

Қорытынды.

Ұсынылымдар.

*ҚР жалпы білім беретін мектептеріндегі психологиялық қызмет кабинетінің ережесі*

*Психологиялық қызмет кабинеті жұмысы ерекшелігі мен міндеттері*

Психологиялық қызмет кабинеті жұмысы ерекшелігі мен міндеттеріне қарай оқу – тәрбие мекемесінің (мектепте, мектеп – интернатта, гимназияда, лицейде және т.б.) базасында жасақтау, оның мақсатты тиімділігін айқындайды. Бұл әртүрлі топтағы балалардың жүйелі түрде кабинетке келуін қамтамасыз етеді, әртүрлі жастағы балалар тобының әлеуметтік өзара қатынасын және нақты өмір жағдаяттарына орай, олардың ата – аналары, тәрбиешілері, мұғалімдеріне психологиялық әсер етудің тәсілдері мен әдістерін таңдап, бейімделуге жағдай жасайды.

Психологтың нақты білім мекемесінде қызмет етуі тәрбие жағдаятына енуге, балалар мен мұғалімдердің өзара қатынастарын түсінуге, ата – аналармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Психолог нақты өмір жағдаятына балаларды бақылай алады, балаға әсер етудің бүкіл жүйесін талдайды, өз қызметінің нәтижесін көреді.

Жаңа заман талаптарына сай техникалық құралдармен, яғни әдістемелік және ұйымдастырушылық шаралармен қамтамасыз

ету- мектеп психологы кабинетінің толыққанды және адекватты жұмыс істеуінің кепілі.

Оқушылардың оқуы мен тәрбиеленуі, олардың мінез -құлқы, сонымен бірге тығыз және қиын өмір жағдаяттарында әлеуметтік бейімделулерін, даму кедергілерінің алдын – алу, диагностикалау және түзетуге орай күнделікті қажетті мәселелер мен міндеттерді шешу өзекті болып табылады. Кабинет психоэмоционалды күшті, зақымданудан кейінгі стресті түсіру, тұлғааралық байланыстарды қалыпқа келтіру, қарым – қатынас дағдыларына үйрету және психологиялық өздік реттелуге қажетті психопрофилактикалық кешенді шаралардың жоспарын қамтамасыз етеді.

Кабинеттің перспективалық деңгейі балалардың әр жас сатысында әлеуметтенулердің ерекшеліктеріне қарай, жеке тұлғаға бағытталған дамыту және түзету бағдарламаларын өңдеуге, оқушылардың жеке тұлғалық және психикалық дамуы мәселелерін шешуге барынша күш салуға, психикалық дамудағы ауытқушылықтардың алдын алуға бағытталған.

*Психологтың тиімді жұмыстануы үшін қажетті:*

- 1) Бөлек кабинет
- 2) Топтық шараларды жүзеге асыру үшін бөлме.

Кабинетте автоматтандырылған жұмыс орны, бағдарламалармен қамтылған дербес компьютер, аудио және видеоаппаратуралар, психодиагностикалық әдістемелер қоры, «сенім телефоны», психологиялық ақпараттар және құпия құжаттарды сақтайтын жабық шкаф болуы керек.

Психология сабақтары, факультативтер, ата-аналарға және психологтарға арналған дәрістер оқу кабинеттерінде немесе арнайы психологиялық кабинетте өткізуге болады. Онда оқу-әдістемелік материалдарды: психологиялық күнтізбе, психологтың пошта жәшігі, педагогтар, ата – аналар және әртүрлі жастағы оқушыларға арналған психологиялық кеңестер, нұсқауларды орналастырады. Әлеуметтік, жасерекшелік және педагогикалық психологияның өзекті мәселелеріне орай ауыспалы тақырыптық қабырғаны безендіруге болады. Тиесілі психологиялық ақпараттарға: өткізілген психологиялық зерттеу қорытындыларының жалпылама нәтижелерін көрнекі тұсаукесер, өткізілетін психологиялық шаралар жарнамасына көңіл бөлу қажет.



Осылайша практик психологтың жұмыс кабинеті келесі бөлімдерден құрылу керек:

- Психологиялық қызметті жоспарлау бойынша құжаттар;
- Психодиагностикалық зерттеулер қорытындысы бойынша құжаттар;
- Түзету-дамыту жұмыстарын бағдарламамен, аппаратуралармен, құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету;
- Релаксациялық, сергіту және басқа тренингтерді бағдарламамен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностика, түзету, алдын-алу, кеңес әдістері туралы компьютерлік мәлімет базасы;
- Клиенттер және олардың мәселелері туралы компьютерлік мәлімет базасы;
- ҚР психологиялық орталықтары туралы компьютерлік мәлімет базасы;
- Практикалық психологтың интернет жүйесімен жұмысы;
- Кітапханасы, картотекасы, видео жинағы.

Практик психологтың кабинеті, оның ұйымдастырылуы мен жабдықтылығы психологиялық қызметтің тиімділігін артыруда маңызды рөл атқарады және жас мамандардың кәсіби бейімделулеріндегі көптеген қиындықтарды жеңілдетеді.

Практик психологтың кабинетіне арнайы орын немесе бөлек кабинет бөлінуі керек, оның көлемі 25 – 30 ш/м-ден кем болмауы шарт, өйткені жұмыстанғанда бір мезгілде емін еркін 10-12 адам сия қажет.

*Температуралық режим.* Бөлме жылы болуы маңызды, сонымен бірге жақсы желдетілуі керек. Қыс мезгілінде ауаның жоғары құрғақтануына орай, оның ылғалдануы мен иондалуын қамтамасыз ететін «Комфорт» құралын қолдануға болады, ауаны реттеуші орнатылуы керек. Тиімді температура 20 - 22° С.

*Дыбысты оқшауландыру.* Дәліздегі шудан бөлмені оқшауландыру үшін екі қабат есік қоюға болады. Дыбыстың максималдылығы 30 ДБ (сыбырлап сөйлеу). Шара, сабақ өтіп жатқан уақытта есікке тыныштықты сақтау туралы ескерту ілінуі керек.

*Жарықтығы және түс.* Бөлменің жарықтығы кең диапазонда реттеліп отыру керек (өте жарықпен немесе толық қараңғылықпен қамтамасыз етілуі). Жарықтандырудың максималды деңгейі 1000 лк-тен аспауы қажет. Күндізгі жарық

лампарлары және қыздыру лампарлары орналастырылған кіріктірілген жарықтандыру нұсқалады. Қалыпқа келтіруші релаксациялық және дамытушы шаралардың алдында және соңында солғын жасыл түсті қабырға бар лампарлары қосылады. Күштену түсіруге және босаңсуға жағдай жасау үшін релаксация сеанстары күнгірт бөлмеде өткізіледі.

Көз бен орталық жүйке жүйесіне (ОЖЖ) жасыл және ашық көк түс жағымды әсер етеді. Барлық ашық түстер адамның психофизиологиялық күйіне, көңіл – күйінің көтерілуіне себепші болады. Қара түстер адамды басып, көңіл – күйді төмендетеді. Қызыл және сары түстер ОЖЖ қоздырады және белсендіреді.

Сондықтан психолог кабинетіндегі қабырғаның, еденнің, жиһаздардың түстері байсалды және бейтарап болып, келген клиенттің қосымша қозуына немесе тітіркенуіне әсер етпеуі тиіс. Түстер интерьерінің ашық көк пен жасыл түстер көбірек таңдалынады (төбе ашық көкпен боялады, аспанды бейнелегендей, еден жасыл түспен алқапты елестеткендей).

#### *Кеңістікті ұйымдастыру*

Психологиялық қызмет міндеттерінің ерекшелігін ескере отырып, психолог кабинеті бірнеше алаңдардан тұруы керек, оның әрқайсысының арнайы міндеті және сәйкес жабдықталуы қажет.

*Кеңес жұмыс алаңы* барынша үйлесімді безендіріледі. Журнал үстелі және жұмсақ креслолар, қорғаныш сезімін тудырады, босаңсытады, саябырландырады, жеке, топтық және жанұялық кеңес жағдайында ашық, сенімге негізделген қарым – қатынасқа жағдай жасайды.

*Топтық жұмысты өткізу үшін:* кілем, ойын сюжетінде жағдайға икемделу үшін жылжымалы жиһаз, ойыншықтар, өңдеу құралдары, қарындаштар, бояулар, альбомдар қажет. Сонымен бірге релаксациялық дағдыларға үйретумен қатар, психолог кабинетінде сазбен әрленген слайд бағдарламаларын және видео бағдарламаларын аутогендік жаттығулар сеансы, сабақтар өткізуге қолдануға болады.

*Кабинеттің материалдық – техникалық жабдықталуы.* Психокоррекциялық және дамыту шараларын арнайы жабдықталған бөлмеде ғана кешенді жүзеге асыруға мүмкіндік болады. Психологиялық кабинетте төмендегідей жабдықтар болуы керек:

Техникалық құралдар: видео және аудиокассета жинағымен видеомангнитофон, теледидар, саз орталығы, компьютер, принтер, ксерокс, видеокамера.

Әдістемелік материалдар: мектептегі психологиялық қызметке қажетті практикалық құралдар: балалардың жас ерекшелігіне сай ойыншықтар, үстел ойындары жинағы, әртүрлі материалдар жинағы (құрылыс материалдары, ермексаз, бояулар, түсті қарындаштар, фломастерлер, қағаздар және т.б.); практикалық психологтың кітапханасы; әлеуметтік – психологиялық тренинг және басқа да топтық шараларға қатысушылар: оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге үлестірмелі материалдар.

*Құжаттар:* Психолог кабинетінде қажетті нормативті – құқықтық құжаттар, ҚР БЖҒМ, ОББ, ОПКБА және ҚДИ, А(Қ)ББ нұсқаулары, педагог – психолог қызметін реттеуші құжаттары, папкалары болуы керек.

*Жиһаз:* психологтың жұмыс үстелі, әдістемелік құралдарға арналған шкаф, техникаларға арналған шкаф, балалардың жұмыс орны, журнал үстелі, 2–3 кресло немесе диван және отырғыштар.

*Дизайн интерьеріне қосымша құралдар:* гүлдер, аквариум, табиғатты бейнелейтін картиналар.

## **ПСИХОЛОГТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ**

### *1. Мектеп психологының этикалық кодексы*

#### *1. Психологқа қойылатын талаптар мен жалпы ережелер*

Жоғары психологиялық білімі бар адамдар ғана психологиялық іс әрекетті жүзеге асыруға құқығы бар.

Психолог қызметінің қоғамның және жекелеген адамдардың мүддесіне бағытталуы тиіс.

#### *2. Жауапкершілік.*

Психолог жүргізген жұмысының алгоритмін әдістемелерді, техниканы, технологияларды, пәнді, объектіні таңдауына жауап береді.

Психолог жұмыстың тиімділігін түсіруге әкелетін психологиялық ақпаратты жасырғаны үшін жауап береді. Бұқаралық ақпарат және басқа ақпарат көздерін алатын

құралдарды қолдана отырып, психолог адамдарды құзұрлығы төмен адамдардың көмегіне жүгінгенде, мүмкін болатын кері салдары туралы ескерту керек және оларға психологиялық көмекті қайдан және қалай алуға болатыны туралы бағыт беруге міндетті.

Дерексіз үміттердің алдын алу мақсатында психолог психология ғылымының мүмкіндіктерін түсіндіру қажет.

Кім кімге болмасын құзырлығы жетпейтін адамдардың психологиялық қызмет әдістерін пайдалануына болмайды.

Психолог адамдарға жүргізетін психологиялық ағарту шараларына жауап береді.

### *3. Құзырлылық.*

Психолог үнемі өзінің кәсіби құзырлылығы деңгейін арттырады, ғылымның жаңа жетістіктері мен психологиялық практика жетістіктерінен хабардар болу керек.

Психолог тұрғындарға қызмет көрсетуге байланысты заң актілерін білуге және оған сүйенуге міндетті.

Психолог алдындағы міндеттеріне орай өз мүмкіндіктерінің шегін және біліктілігінің деңгейін нақты бағалай білу керек.

Психолог білімі мен біліктілігі жететін қызметтерді ғана көрсете алады.

Психолог кәсіби меңгермеген арнайы процедуралар мен әдістерді ұсына алмайды.

Психолог клиентке психологиялық процедураларды өткізудің нақты мақсаттары туралы аппаратты, егерде осы мақсатқа жетудің басқа жолы болмаған жағдайда ғана айтпауына болады. Барлық жұмысқа қамтылған жасырын мақсаттар жұмыс аяқталғанға дейін ашылуға тиісті.

Егерде психолог апробациядан өтпеген және ғылыми стандартқа жауап бермейтін психодиагностикалық және психотерапиялық әдістерді амалсыз қолданатын болса, психолог қызығушылық танытқан адамдарға ескертуге тиісті және өз қорытындылары мен ұсынылымдарын естіртуде өте сақ болу керек.

Психолог психотерапия курсынан өтуі керек және 2-3 жылда кем дегенде бір рет әдістемелік психологиялық көмек алу керек.

### *4. Құпиялылық.*

Жұмысты өткізу барысында алынған ақпарат саналы және кездейсоқ таратуға болмайды. Жұмысты жүргізу барысында

алынған ақпаратты саналы немесе кездейсоқ жариялауға болмайды, егерде өте қажет болса клиенттің мүддесіне қарсы қолданбайтындай формада ұсынылуы керек.

Психологиялық зерттеулерге, тренингтерге және басқа да шараларға қатысушы адам басқа адамдармен мекемелерге айтылуы мүмкін ақпараттың көлемі мен сипаты туралы хабардар болуы керек. Психологиялық процедураларға ата-аналардың, педагогтардың, оқушылармен қатысуы (диагностикаға, кеңеске, түзетуге, психотерапияға және т.б.) саналы және ерікті болу керек. 14 жасқа толмаған балалармен жұмыстанғанда ата-анасының немесе қамқоршысының келісімі керек.

Клиент туралы ақпаратты психолог өзі жұмыс жасайтын мекеменің ерекшелігі және оның жоспарында белгіленген міндеттерді шешуге қажетті ғана ақпаратты жинайды және қолданады.

Егерде сараптамашылар клиенттен алынған ақпаратты сұрайтын болса (аттестация уақытында психологтың құзырлығына қатысты сұрақты шешу үшін), оны сарапшылар клиенттің жеке тұлғасын айқындай алмайтын формада жасақталуы тиіс.

Диагностика және кеңес уақытында үшінші адамның қатысуы алдын-ала клиенттің немесе олар үшін жауап беретін адамдардың ( егер 14 жасқа толмаған болса ) келісімі қажет.

Егер білім беру ұйымының әкімшілігі тапсырмамен психологиялық тексеру жүргізіліп жатса, олар кәсіби құпияны сақтау міндеті туралы хабардар болу керек. Зерттеудің қорытындыларын әкімшілікке мәліметтенгенде психолог клиентке зиян келтіретін және сол жағдаятқа қатысы жоқ мәліметтерді хабарламау керек.

#### *5. Клиентке қатысты психологтың тәртібі.*

Психологиялық көмек клиенттің келісімінсіз күштеніп көрсетілуге болмайды.

Психолог клиентті тұлға ретінде оның қасиеттері мен құқықтарын сөзсіз қабылдайды және сыйлайды.

Психолог өз іс-әрекетінде адал және оған көрсетілген сенімді ақтауы қажет.

Психологтың клиентпен жеке қатынастарға түсуге және жеке мүддесіне қарай өзара іс-әрекет етуге құқы жоқ.

Психолог клиенттің тілеген, қажеттілігін және мүмкіндігін ескеру керек.

Психолог пен клиенттің қарым-қатынасы өзара сенім негізінде құрылады.

Психолог өз қызметінің адамдарға әсер ететінің түсіну керек, ол адамдардың, қоғамның мүддесін қорғауға, адамның құқықтары мен абыройын сыйлауға тиісті.

Психолог клиентке жұмыс барысындағы барлық маңызды адамдар туралы айтып отыруға міндетті.

Психолог клиенттің тілегі бойынша үшінші адамды тарту туралы өтінішін егерде оның жұмысының тиімділігін төмендетіп немесе теріс нәтижеге әкелетін болса, қабылдамауына болады.

Егерде психолог зерттелуші медициналық немесе басқа көмекті қажет ететінін байқаса, ол клиентке қажетті мекемеге қаралуы керектігін айту керек.

Психолог клиентті осы кодекске сәйкес оның құқықтарымен таныстыруға тиісті.

Психологқа да, клиентке де психологиялық үрдіс жұмысы туралы ақпаратты, тек үшінші адамға амалсыз айту қажет жағдаяттан басқа уақытта, құпия сақтау жауапкершілігі артылады.

Клиент егерде басқа психологтың кеңесіне жүгінетін болса, алдын-ала өзімен жұмыстанып жүрген психологқа ескертуі тиіс. Көрсетілетін қызмет тізімі және өту жағдайы мен мерзімі туралы мәселелер жұмыс басталғанға дейін келісілуі керек.

*6. Әріптестері мен басқа мамандық иелерімен қатынысындағы психологтың тәртіп ережелері.*

Психолог өз әріптестерін сыйлайды және олардың әрекеттерін объективсіз сынауға тиісті емес.

Психолог өз әріптестерінің кәсіби құзырлығын, міндеттерін, жауапкершіліктерін және басқа мамандық өкілдерін сыйлайды. Әріптестерінің қызметі туралы психолог клиентпен талқылануына болмайды.

Психологтардың өте күрделі жағдаяттарды шешуде немесе ауқымды қызмет көрсетуде бірігулеріне болады. Бұл жағдайда әрқайсысының нақты міндеттері және әрқайсысының кәсіби қызметі сфересы шектелуі керек. Келісімшарт жазба түрінде жасалады.

*7. Психологтың әкімшілікпен қатынасы.*

Әкімшілік психологтың қызметін жүзеге асыру үшін оптималды жағдай жасауға есептеседі.

Психологтың қызметі кәсіби тәуелсіздік негізінде және автономды құрылады. Кәсіби психологиялық сипаттағы сұрақтар бойынша оның шешімі соңғы шешім болып табылады және тек психолог сарапшы немесе психологиялық консилиумнан басқа ешкімнің оны өзгертуге құқы жоқ.

Психолог әкімшіліктің тапсырмаларын заңды болса және осы кодекстың ережелеріне қарсы келмеген жағдайда орындайды.

Психолог әкімшілікті жұмысты орындау барысында осы кодекстың сақталуына кепілдік болмаса, өзінің кәсіби мүмкіндіктеріне қарай жұмысқа кіріспейтіні туралы хабардар ету керек.

Жұмысқа қабылданар алдында психолог осы кодекстің мәтінімен жұмысқа алушыны таныстырады, ол өз құзыреттілігі жететін жұмысты атқаратыны және кәсіби құпияны сақтайтындығын ескертеді.

Психолог талапқа орай осы кодекске сәйкес жұмыс қажеттілігіне орай, оқу–тәрбие үрдісіне қатысушыларға объективті мінездеме беруге міндетті.

*8. Психологтың кәсіби әрекетінің моральды позитивті нәтижесі.*

8.1. Психологиялық технологиялар мен құралдарды адекватты қолдану мүмкін емес немесе оларды қолдануға лайықты шектеулер қойылу керек жағдаяттарды анықтауда психолог барлық мүмкіндігін пайдалану тиіс. Бұл психологиялық құралдарды маман емес адамдарда қолданғанда да немесе зерттеу мынадай жеке ерекшеліктерді жасы, жынысы, ұлты, руы, діни нанымы, сексуалды бағыттылығы, дене және психикалық ауытқушылығы, тілі, әлеуметтік, экономикалық мәртебесін қозғағанда ауыр тиетін болса шектеу қойылу керек.

8.2. Бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлегенде психология ғылымы мен практикасының нақты жетістіктеріне негізделген пікірлерді айтуы қажет. Сөздің мазмұны қоғамдық пікірдің позитивтіге ауысуына немесе адресаттың эмоционалды күйінің ауысуына бағытталуына тиіс.

8.3. Психолог нәтижесінде психологияны ғылым ретінде жоққа шығаруы мүмкін іс–әрекеттерге қатыспауы тиіс.

*9. Педагог-психолог маманының лауазымдық нұсқауы*

Лауазымдық нұсқаулар басқару жүйесіндегі қызметкерді тағайындау және оның орнын, функционалдық міндеттерін, құқықтарын және ынталандыру формаларын реттеуші негізі құжат болып табылады

### *9.1 Педагог-психологтың функционалды міндеттері:*

1.1 Мектеп психологы әдістемелік ұсынылымда көрсетілген нормативтік құқықтық құжаттарды басшылыққа алады.

1.2 Мектеп психологы нормативтік құжаттар негізінде жасақталатын мектептегі психологиялық қызмет бағдарламасы аясында оқушыларды психологиялық сүйемелдеу стратегиясын жүзеге асырады.

1.3 Психологиялық қызмет бағдарламасының мақсаты, міндеттері, мазмұны туралы мектеп әкімшілігін және педагогикалық кеңесті ақпараттандыру.

1.4 Өз жұмысында жаңа заманғы диагностика, дамыту, психокоррекция және психопрофилактикалық психологиялық әдістерін ғана қолданады.

1.5 Педагогикалық ұжымға, ата-аналарға, оқушыларға оқу-тәрбие үрдісін және кәсіби қызметті ұйымдастыру сұрақтары бойынша педагог-психолог жұмысының бағдарламасы аясында педагогикалық-психологиялық көмек көрсетеді.

1.6. Қатаң өз кәсіби құзыреттілігі аясындағы сұрақтарды қарап және шешім қабылдайды. Педагог-психолог құзіреттілігіне кірмейтін белгілі көрсеткіштерді байқаса, сәйкесінше құзырлы мекемелерге жолдайды.

1.7. Медициналық біліктілікті талап ететін әдістерді (гипноз, фармакологиялық құралдары жәнет.б) қолданбайды.

1.8 Бүгінгі психология ғылымының жағдайы тұрғысынан алғанда орындалуы мүмкін емес, сонымен бірге басқа мамандардың құзіреттілігіндегі сұрақтарды шешуді мойнына алмайды.

1.9. Жаңа жалпы психология ғылымының жетістіктерін біледі, прогрессивті формалар мен әдістерді қолдану негізінде және практикалық психология саласындағы озық тәжірибелерді тарату арқылы жұмысын ұйымдастырады.

1.10 Педагогикалық ұжымға кәсіби және тұлғалық дамуы үшін және инициатившілдіктің және қызметкерлердің іскерлік белсенділіктерін дамуына бағытталған жұмысты жүргізеді.



1.11. Аттестациядан өтетін қызметкерлердің потенциалды мүмкіндіктері мен педагогикалық іс-әрекеттерінің психологиялық анализін аттестациялық комиссияға ұсынады.

1.12. Қызметкерге динамикалық психологиялық бақылау ұйымдастырады (жүйелі қайталап тесті өткізу, тұрмыстағы және жұмыстағы мінез-құлқын талдау және т.б) және қызметкердің жеке карточкасына осы бақылаудың нәтижесін жазады.

1.13. Қажетті кәсіби әзірлігі жоқ, психология сұрақтары бойынша құзырлы емес адамдарға білім мекемесінде диагностикалық, психокоррекциялық және басқа да жұмыстар жүргізуге кедергі болады.

1.14. Жеке тұлға мен оқу ұжымдары дамуындағы психологиялық негіздеме мен практикалық тиімділік тұрғысынан педагогикалық кеңес пен білім мекемесінің әкімшілігі қабылдаған оқу-тәрбие жұмысына, шешімдерге талдау өткізеді. Білім мекемесінің әкімшілігіне, қайсыбір қызметкерлерге жұмыс деңгейін арттыру, қабылданған шешімдердің психологиялық негіздемесі бойынша ұсыныстар енгізеді (бөлек психолог сарапшы штаты болған жағдайда)

1.15. Жалпы білім беретін мекеменің қызметкерлерінің білімі мен тәжірибесін қолданғанда қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдайды қамтамасыз етеді. Білім мекемесінің өмір жағдайына оқушылардың бейімделуі бойынша ғылыми негізделген бағдарламаны оқытушылармен бірге өңдейді және оны жүзеге асыруға қатысады.

1.16. Зерттеудің нәтижесі және түзету дамыту шараларының жоспары туралы педагогикалық ұжымды ақпараттандырады.

1.17. Педагогикалық ұжымға, консилиумға, қайсыбір адамдарға қатысты комиссияға шешім қабылдау үшін қызмет ететін диагностикалық құжаттарды жүргізеді және сақтайды. Қалған құжаттарды еркін формада жүргізеді және сақтайды, сонымен бірге перфокарталарда, дискілерде, ДК-де, аудио таспаларда сақтайды.

1.18. Әдістемелік ұсынылымда көрсетілген формаларда барлық жұмыстарды тіркеу жұмыстарын жүргізеді.

1.19. Педагог-психолог жұмысы бағдарламасында белгіленген уақыт бойынша жоғарғы органдарға атқарылған жұмыстар туралы ақпарат береді.

1.20. Мектепте эксперимент алаңы болса, оған психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыратын бөлек педагог – психолог маман қажет.

### *9.2. Құқығы*

2.1. Білім беру ұйымының оқытушылар және басқа қызметкерлерінің, оқушылардың жеке іс – қағазын, оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру бойынша кез – келген құжатты зерделеуге құқы бар.

2.2. Психологқа кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін аудио-видео техникалармен, компьютермен, оқу және әдістемелік құралдармен, диагностикалық әдістемелермен жабдықталған бөлек жұмыс кабинеті және психологиялық жүкті түсіру кабинеті беріледі.

2.3. Педагогикалық ұжымға, оқушыларға, ата – аналарға жеке-психологиялық және әлеуметтік – психологиялық зерттеу өткізеді және соған орай кеңестер береді.

2.4. Психологиялық қызмет сәтті жүруі үшін жағдай жасау сұрақтары бойынша әкімшілікке ұсыныстармен шығады.

2.5. Психологиялық қызмет күзіреттілігіне кіретін сұрақтар аясында ата – аналарға, педагогикалық ұжымға мәжіліс ұйымдастырып өткізеді.

2.6. Нақты жағдайды есепке ала отырып өз бетімен жұмыстың басты бағытын анықтай алады.

2.7. Балалар және ересектермен жұмыстың нақты міндеттерін өз бетімен жасақтайды.

2.8. Психологиялық қызмет бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында кез – келген және қандай да болмасын сабақ түріне оқу үрдісі барысында немесе одан тыс уақытта қатыса алады.

2.9. Педагог-психолог жұмысы бағдарламасының аясында ғана жұмыстың формалары мен әдістерін таңдайды және өткізу кезегін белгілейді.

2.10. Кәсіби міндетін сәтті орындауға қажетті жағдай болмаса берілген жұмыстан бас тартуға құқы бар.

2.11. Шектес мамандықтардың мамандарымен ақпарат алмасуға және баланың мүдесі үшін басқа ведомостілерге ақпарат ұсынады.

2.12. Нақты тұлғалар мен ұжымдарды зерттеу нәтижелерін талқылау сұрақтары бойынша, оқу топтарын жасақтау бойынша, сонымен қатар психокоррекциялық топтарды құру және осы

топтар үшін түзету дамыту бағдарламаларын жасақтау сұрақтары бойынша педагогикалық кеңестерге, педагогикалық-психологиялық консилиумдерге, ӘБ отырыстарына, ата-аналар жиналыстарына және сынып жиналыстарына қатысуға құқы бар.

2.13. Білім мекемесінде топтық және жеке психологиялық зерттеуді өткізуге құқылы. Осы мақсатта әлеуметтік, ұлттық, мәдени және басқа да аймақтың ерекшеліктеріне байланысты психологиялық тестілерді түзетіге, жасақтауға және қолдануға құқы бар.

2.14. Білім мекемесінің практикалық жұмысы сұрақтары бойынша психологтар қауымдастығы және ЖОО психология кафедраларымен үнемі байланыста болуға.

2.15. Мектеп әкімшілігіне төмендегі сұрақтар бойынша ұсыныстар беруге:

- қызметкерлердің жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты мамандарды ауыстыруға;
- әкімшілік лауазымдық қызметке үміткерді ұсынуға;
- сынып жетекші қызметіне үміткері ұсынуға;
- мұғалім мен оқушы арасындағы дау-дамайды шешуге және әкімшілік әрекетіне кеңес беруге;
- білім мекемесіндегі келеңсіз ахуалдың алдын-алуға;
- оқу уақытында оқушылар мен мұғалімдердің жүктемесін оптимизациялауға және оқудан тыс уақытта (бөлек бірлік болған жағдайда);
- оқу топтарын комплекстілеу әдістемелері туралы (бөлек бірлік болған жағдайда);

2.16. Өз жұмысынан тәжірибесін тарату мақсатында ғылыми-қызықты журналдарда, газеттерді және т.б бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

2.17. Оқушыларға психологиялық көмек беруге байланысты қажет болған кезде әкімшілік өтініші арқылы белгілі орындарына қолқа салуға (ата-аналардың жұмыс режимін өзгертуге, санитарлық қамтамасыз етуге және т.б.)

2.18. Психологиялық қызметті ғылыми қамтамасыз ету сұрақтары бойынша ОПКБА және ҚДИ-нан әдістемелік көмек сұрауға.

2.19. Ғылыми-әдістемелік орталықтардың жетекшілігімен жаңа диагностикалық әдістемелер, әдістемелік ұсынылымдарды жазуға қатысуға.

2.20. Ғылыми-әдістемелік орталықтар жетекшілігімен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге құқы бар.

### *9.3. Жауапкершілігі*

3.1. Осы ұсынылымда қарастырылған функциялар мен міндеттерді уақытынан кеш және сапасыз орындаса.

3.2. Жоғарғы органдарға міндеттерді шешу туралы есеп беру ақпаратын уақытынан кеш және сапасыз орындаса.

3.3. Жоспарда көрсетілген психологиялық қызметтің тапсырмаларын орындамауға және жоспарды негізсіз және сапасыз құрса.

3.4. Қауіпсіздік техникасын, еңбекті қорғау ережелерін бұзса.

3.5. Еңбек, материалдық, техникалық, энергетикалық және финанстық ресурстарды тиімді пайдаланса.

3.6. Психологиялық диагноздың дұрыстығына, пайдаланылатын диагностикалық және коррекциялық әдістердің адекваттылығына, берілетін кеңестердің негізділігіне психолог басымен жауап береді.

3.7. Ресми зерттеулердің хаттамаларын сақтауға, ережеге сәйкес құжаттарды жүргізуге жауап береді.

### *9.4. Мадақтаулар.*

9.1. Педагог- психолог функционалды міндеттерін өте жақсы орындаса мектеп директорының бұйрығымен моралды ынталандырылады. Еңбектегі ерекше жетістігі үшін мектеп психологын директор келесі шаралар: алғыс хатқа, сыйлық беруге, мадақтамаға, құрмет қағазына, үкіметтік мадақтауларға немесе құрметті атаққа ұсынады.

9.2. Психологты материалды ынталандыру келесі еңбек көрсеткіштеріне: өткізілген зерттеулердің және жоспарлы жұмыстардың уақыттылығы мен сапасына, олардың негізінде қабылданған шешімдердің сенімділігіне, қорытындылар мен ұсынылымдардың жасалу сапасына және еңбек тәртібінің деңгейіне қарай беріледі.

9.3. Келесі көрсеткіштері үшін мектеп психологы белгіленген жалақыдан тыс ынталандырылады:

- Кадрлар ауысуының азаюы;

- Мектеп қызметкерлері жұмысы сенімділігінің артуы (қызметкерлердің кінәсінен жұмыстағы тәртіпсіздіктің азаюы);
- Қызметкердің тұрақты жүктемесінің артуы;
- Жұмыс тәртібінің артуы;
- Мектеп қызметкерлерінің еңбек сапасының артуы;
- Әлеуметтік - психологиялық ахуалдың оптимизациялануы және уақытылы зерттеу.

## Тест тапсырмалары

1. Практикалық психология білімі кең түрде қарқынды дамыды

а. XX. ғ II-жартысы

ә. XIX ғасырда

б. XVIII ғ II- жартысы

в. XIX I-жартысы

2. Кәсіби психолог қызметінің негізгі сапасы

а. психологиялық көмек ету

ә. жеке тұлға

б. анықтау кезеңі

в. даму принципі

3. Психологиялық қызметтің негізгі бағыты

а. Психологиялық- педагогикалық диагностика

ә. психологиялық ойындар

б. психологиялық білім

в. психологиялық дайындық

4. Психодиагностика дегеніміз-

а. Адамның жекелей психикалық сипатын психологиялық жағдайын анықтау

ә. жеке тұлғаның қасиетін бағдарлау

б. адамның іс-әрекетін бақылау

в. жеке сапаларын қалыптастыру

г. психологиялық тренинг жүргізу

5. Психологиялық кенес беру міндеттері бұл:

а. Клиенттің жеке тұлғалық қасиетін зерттеу

ә. клиентті бақылау

б. мәселені бекіту

в. жалпы міндет қою

6. Психолог пен клиент арасындағы өзара әрекет ету міндеттері

а. этикалық

ә. педагогикалық

б.жалпы

в.практикалық

г.сенімділік

7. Психологиялық кеңес берудегі негізгі бағыт

а.психоанализ

ә.бихеверизм

б.логотерапия

в.интерпретация

г.гештальттерапия

8. Психологиялық кеңес берудің негізгі кезеңі

а.даярлық

ә.анықтау

б.кеңес беру

в.сұрақ қою

г.драматизация

9. Қанағаттанбаған қажеттілік

а.түс көру

ә.қарым-қатынас жасау

б.саналы түсіну

в.анықтау

10. Психкеңес беруші одрамадағы режиссердің атқаратын

қызмет

а.аналитик

ә.орындаушы

б.бақылаушы

в.түзетуші

г.кеңес беруші

11. Гештальттерапияның негізгі принципі

а.қазір және осында

ә.енді және болашақта

б.жүргізуші

в.алдағы уақытта

12. Аяқталмаған гештальт дегеніміз

а.қанағаттанбаған қажеттілік

ә.түс көру

б.қарым-қатынас жасау

в.саналы түсіну

г.анықтау

13. Психодрамадағы топ басшысы

а.режиссер

ә.кейіпкер

б.кеңес беруші

в.көмекші мен

г.қоюшы

14. Психодраманың негізін салушы.

а.Я Морено

ә.К. Юнг

б.А. Маслоу

в.Э. Берн

г.А. Адлер

15. Психодрамада негізгі фигураға айналған топ мүшесі

а.протагонист

ә.персонаж

б.терапевт

в.аналитик

г.түзетуші

16. Психологиялық - денелік кедергілерді жоюға

мүмкіндік беретін терапия

а. денелік - бағдарлы терапия

ә.арттерапия

б.трансперсоналдық терапия

в.имаготерапия

г.гештальт терапия

17. Денелік бағдарлы терапияның негізін салған ғалым

а.В Райх

ә.К. Юнг

б.Я. Морено

в.Э. Берн



г.А. Маслоу

18. Трансакты талдауды енгізген

а.Э Берн

ә.А. Маслоу

б.К. Хорни

в.К. Юнг

г.А.Адлер

19. Трансакты талдау терапиясының басты мақсаты

а.жеке тұлғаны өзгертуге бағыттау

ә.жеке тұлғаны дамыту

б.жеке тұлғаны бағыттау

в.денелік жағдайын қалыптастыру

20. Т- тобының даму тарихы кімнің есімімен байланысты

а.К Левин

ә.Я. Морено

б.В. Франкл

в.А. Адлер

г.К. Юнг

21. Т - тобындағы негізгі түсінік

а.сезімді жеткізу

ә.қолдау

б.пікір айту

в.бақылау

22. Сырқат адамды кітап оқыту арқылы емдеу

а.библиотерапия

ә.арттерапия

б.логотерапия

в.өнер терапиясы

г.гештальт терапия

23. Психоанализдің негізін салушы.

а.З Фрейд

ә.А.Адлер

б.К. Юнг

в.К. Хорни

г.Ф.Перлз

24. Психологиялық түзету дегеніміз не?

а. мінез-құлық сапаларын дұрыс жолға бағыттау

ә. психодиагностика жүргізу

б. психотерапия

в. психологиялық ақпарат

г. клиент жағдайы

25. Психологиялық түзету жұмысының негізгі

принциптері.

а. Жүйелілік

ә. саналылық

б. бақылау

в. даму

г. жас ерекшелік

26. Психокоррекцияның міндеті

а. түзету

ә. сұқбаттасу

б. бақылау

в. әңгіме

г. анықтау

27. Қандай топта қатысушылардың саны тұрақты болады.

а. жабық

ә. ашық

б. шынайы

в. көмекші

г. даралық

28. Еркін ассоциациялардың мазмұны

а. бұрынғы, болашақ, ой, сезім, қиял, түс

ә. қиял, түс

б. ой, сезім

в. болашақ

г. бұрынғы

29. Франкл негізін салған психотерапиялық бағыт

а. логотерапия

ә.психотерапия

б.кездесу тобы

в.сублимация

30. Тренинг қандай бағытта жүргізіледі-

а. адамның тұлғалық өсуі

ә.жоғары нәтижеге жету

б.потенциалды күш

в. Биологиялық энергия

г.қауіпсіздігін қамтамасыз ету

31. Психологиялық кеңес берудегі нұсқау кезеңінде

клиентпен қанша уақыт жұмыс жасайды?

а.40мин-1сағ

ә.30-50мин

б.50мин

в. 2 сағ

г.20мин

32. Психологиялық кеңес берудің қай кезеңінде

психолог-кеңес беруші клиентпен танысып, оларды

тіркеу журналына тіркейді?

а.дайындық кезеңі

ә.қалыптастыру кезеңі

б.диагностикалық кезең

в.кепілдемелік кезең

г. бақылау кезеңі

33. Фрейдтің айтуынша, тұлғалық қандай бөлімдерден

тұрады?

а. ид, эго, супер-эго

ә.ата-ана,бала

б. ересек, ата-ана

в. жоғары мен

г. индивидуалдылық

34. Отбасылық кеңес беру фазалары:

а. байланыс орнату

ә. сенімділік білдіру

б.қамқорлық

в.әңгіме айту

г.анықтау

35. Психологиялық кеңес берудің неше түрі бар?

а. 4

ә. 3

б.5

в.7

г.2

36. Құрамдық ерекшелігіне қарай тренинг қалай аталады

а.жұптық тренинг

ә.іскерлік тренинг

б.қарым-қатынас тренингі

в.әлеуметтік тренинг

г.коллективтік тренинг

37. Тыныс алу жаттығуларын көрсетіңіз

а.тыныштандыратын тыныс алу,

ә. жазғы жаңбыр;

б.жайлау;

г. біркелкі дем алу,

З. арманыма саяхат;

38. Психологиялық іс-әрекеттің жүйелі даму принципінің қызметі?

а. түзету-дамыту іс-әрекетінің тепе-теңдігін анықтау

ә.дамыту міндеттерін ескеру

б. педагогикалық жұмыстарды тексеру

в.мінез-құлықты тежеу

г.мінез-құлықты түзету

39. "Қазір және осында" ұсатыным қай психологиялық

бағытқа жатады-

а. гештальттерапия

ә. психоанализ

б. когнетивті

б. логотерапия

г. индивидуалды

40. Топ ішіндегі жұмысты ұйымдастырудың үш кезеңі
- а. топқа қатысушыларды таңдау
  - ә. топ мақсаты
  - б. топтық соңғы кездесу
  - в. өмірге көзқарас бойынша
  - г. топқа қабылдаушылар талабы бойынша

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова Г.С. Практическая психология. – М., 2000.-512 с.
2. Абрамова Г.С. Практическая психология. – М., 2005.- 496 б.
3. Авдеев Д.А., Невярович В.К. Наука о душевном здоровье: Основы православной психотерапии. – М., 2001.
4. Анна Фрейд Детский психоанализ Питер-2003.- 477б.
5. Балғымбаева, М., Ахтаева Н.С. Білім берудегі практикалық психология. Алматы, Қазақ университеті. – 2013 - 232б.
6. Бакли Р., Кейпл Д. Теория и практика тренинга. – «Питер»., 2002.
7. Бапаева М.К. Даму психологиясы: Оқулық. Алматы 2014.- 440 б.
8. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – Қарағанды., 2012. - 186 б.
9. Бердібаева С.Қ. Психологиялық зерттеулердің математикалық негізі. – А., 2008.- 84б.
10. Близнюк А.И. Практическая психология. М-2004-207 б.
11. Бьюдженталь Дж. Искусство психотерапевта. – 3-е изд., /Пер. с англ. и общ. Ред. М.Р. Мироновой. – СПб., 2001.
12. Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика: Учеб.для вузов. – СПб.: Питер, 2002. - 352 с.
13. Вайнер И. Основы психотерапии.СПб-2002., 288 б.
14. Вачков И.В. Основы технологии группового тренинга. Психотехники. – М., 2000.323б.
15. Вачков И.В. Психология тренинговой работы – 4-изд., М., 2009.
16. Вачков И.В. Основы технологии группового тренинга. Психотехники. – М., 2009 – 256 б.
17. Горбушина О. Психологический тренинг. – М 2007.
18. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқу құралы. – Алматы Қазақ университеті, 2013.-354 б.
19. Досқалиева Р.Б. Психологиялық диагностика. – Орал - 2013. -112 б.
20. Зайцева Т.В. Виды и цели тренинга в современной психологии /Зайцева Т.В. Теория психологического тренинга – СПб.; М., 2002.

21. Истратова О.Н. Справочник по групповой психокоррекции Р на Дану. 2006.,- 443 б
22. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. Қарағанды – 2012., - 206б.
23. Иээм Дэн Психокоррекция и психотерапия М.,
24. Коттлер Дж., Браун Р. Психотерапевтическое консультирование – Спб., 238б.
25. Конт О. Теория и практика игровой психотерапии. – М., 2002.
26. Лоуэн А. Терапия, которая использует язык тела (биоэнергетика). – СПб., 2000.
27. Лэндрет Г.Л. Игровая терапия искусство отношений – М., 2001.
28. Макарова И.В., Крылова Ю.Г. Педагог-психолог. ДОМ «БАХРАХ-М»., 2004.
29. Минделл Э. Психотерапия как духовная практика. – М., 1997.
30. Микляева А.В. Школьная тревожность: диагностика, коррекция, развития, Спб-2004 - 248 б.
31. Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология. – А., 2006. - 296 б.
32. Немов Р.С. Практическая психология. М., – 2001.
33. Немов Р.С. Психологическое консультирования М., – 2001.
34. Петровская Л.А. Компетентность в общении. Социально-психологической тренинг. – М., 1989.
35. Практическая психология образования: Учеб. пособ. /Под.ред. И.В. Дубровиной.-4-е изд.-СПб: Питер, 2004.- 592б.
36. Практическая психодиагностика: Методики и тесты /Ред-сост.:Д.Я. Райгородский.- Самара: БАХРАХ-М., 2006.- 672б.
37. Романин А.Н. Основы психотерапии Ростов-на-Дону., – 2004.- 288 б.
38. Рамендик Д.М. Тренинг личностного роста М., – 2008.
39. Сидоренко В. Терапия и тренинг в концепции Альфреда Адлера – 2002 – 347 б.
40. Ситников А.П. Акмеологический тренинг: теория, методика, психотехнологии. – М., 1996.

41. Сэмюэль Глэддинг Психологическое консультирование 4-е изд., Питер – 2005., - 729б.
42. Таланов В.Л., Малкина-Пых И.Г. Справочник практического психолога. – СПб., 2003. -928б.
43. Төребаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика. Алматы – 2012., - 304б.
44. Тренинг Психологическая энциклопедия /Под. ред. Р.Корсини, А.Ауэрбаха. – СПб., 2003.
45. Тренинг межличностных отношений. Тренинг руководителей. Тренинг социальных навыков /Психотерапевтическая энциклопедия /Под.ред.Б.Д. Карвасарского. – СПб., 1998.
46. Овчарова Р.В. Технологии практического психолога образования. – М., 2000
47. Овчарова Р.В. Практическая психология образования -М., 2003-448 б.
48. Шамұратова Қ.Ш. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру. Орал – 2009. - 79 б.
49. Ялом И. Теория и практика групповой психотерапии /Пер. С.В.Жужановой и М.Р.Мироновой. – 5-е изд., - СПб., 2000.
50. Янынин П.В. Практикум по клинической психологии методы исследования личности СПб-2004-336 б.



## Мазмұны

Кіріспе.....	3
Практикалық психология және психологиялық көмек туралы жалпы түсінік.....	4
Практикалық психологияның негізгі бағыттары.....	9
Практикалық психологиядағы жаңа сарын.....	20
Психолог-кеңес беруші ұғымы және мақсат міндеттері.....	29
Әлеуметтік-психологиялық тренингтер.....	35
Әлеуметтік-психологиялық тренинг түрлері.....	40
Әлеуметтік-психологиялық тренингтің негізгі ерекшеліктері.....	54
Психологиялық сауаттану.....	62
Психологиялық диагностика.....	66
Психологиялық диагностика ерекшеліктері.....	70
Психологиялық кеңес беру.....	76
Психологиялық кеңес беру кезеңдері.....	81
Психологиялық түзету және дамыту жұмыстары.....	85
Психологиялық түзету дамыту жұмысына қойылатын талаптар.....	90
Психотерапия.....	97
Психотерапияның негізгі бағыттары.....	103
Мектептегі психологиялық қызмет құрылымы.....	114
Білім беру саласындағы психолог қызметі.....	123
Психологтың этикалық нормалары.....	131
Тест тапсырмалары.....	142
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	150

*Көлемі 9,6 б.т. Таралымы 100 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 84*

---

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
мемлекеттік университетінің баспа орталығы.  
Орал қаласы, Достық даңғылы 162*